



АЙМАҚТЫҚ ДИАЛОГТИҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев президенттердің Шолпан-Ата қаласында өткен «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» форматындағы екінші кездесуіне қатысты.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіске қарамастан, аймақтық диалогті күшейткеніне ризашылығын білдірді. Оның пікірінше, бұл істе Еуропалық Одақтың атқарған ролі зор.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Орталық Азия мен Еуроодақ арасындағы ынтымақтастықтың перспективасы мол.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша Еуропадан Қазақстанға тартылған инвестиция 23 пайызға артып, 12,5 миллиард долларға жетті. Тәуелсіздік жылдарында біз шетелден 350 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тарттық. Оның жартысына жуығы Еуроодақ елдеріне тиесілі. Еуропалық Одақ – Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Біздің сыртқы саудамыздың 40 пайыздан астамы осы ұйымның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстанның Еуроодақ елдерімен өзара тауар айналымы 40 миллиард долларды құрады. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 50 миллиард

долларға жеткізу үшін бізде барлық мүмкіндік бар деп санаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанда Shell, Eni, Total, Air Liquide, Alstom, Siemens және басқа да трансұлттық корпорацияларды қоса алғанда, еуропалық капиталдың үлесі бар үш мыңнан астам компания жұмыс істейтінін атап өтті.

– Біздің жан-жақты серіктестігіміз сирек кездесетін металдарды және «жасыл» сүтегіні өндіру стратегиялық маңызды әрі перспективті салалардағы жана келісімдермен нығайтып келе жатқанын ерекше атап өткім келеді. Svevind неміс-швед компаниясы Қазақстанда жел және күн электр стансаларын орнататын және үш миллион тонна «жасыл» сүтегін өндіретін зауыт құрылысын бастады. Бұл – серпінді жобалардың бірі, сондай-ақ Еуроодақтың осы өнімге деген қажеттілігінің шамамен 20 пайызын құрайды. Былтыр қараша айында Еуропалық Комиссияның Президенті Урсула фон дер Ляйенмен бірге Тұрақты шикізат, аккумуляторлар және жаңғыртылатын сүтектің құнын жасақтау тізбегі бойынша стратегиялық серіктестік туралы меморандумға қол қойдық, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ЛЕЙДЕНДЕГІ ӘУЕЗОВ САЛТАНАТЫ



8
БЕТ

МЫҢ АЙЛАЛЫ АЛАЯҚТАР АЙЫЛЫН ЖИМАЙДЫ



14
БЕТ

«ЦИФРЛЫ АУТИЗМ»: ШЫНАЙЫ ӨМІРДЕН АЛЫСТАП КЕТКЕНДЕР

Аутизм деген сөзге үрейлене қараймыз. Бірақ күн сайын гаджеттің алдында телміріп отыруды қалыпты жағдай санап, смартфонсыз бір сағат қалудан қорқамыз. Ғалымдар ми қызметі бұзылуының жаңа, әлі зерттелмеген түрін «цифрлы аутизм» деп баға берген. Яғни, компьютер, гаджетте тәулігіне 4 сағаттан артық отыратын балалар мен ересектердің бойында аутизмге ұқсас белгілер пайда болады.

12»



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ШАРЛЬ МИШЕЛЬМЕН КЕЗДЕСТІ

«Орталық Азия – Еуропалық Одақ» саммиті аясында Мемлекет басшысы Еуропалық кеңес президенті Шарль Мишельмен кездесуі өтті.

туралы келісімі берік қарым-қатынастардың жана кезеңіне жол ашты. Бүгінде Еуроодақ – Қазақстанның жетекші сауда серіктесі және экономикамыздың ең ірі инвесторы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шарль Мишельге ілтипат білдіре отырып, Қазақстан Еуропалық Одақпен стратегиялық серіктестікке баса мән беретінін атап өтті. Еліміздің Еуропалық Одақпен жасаған Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық

Өз кезегінде Шарль Мишель Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын жоғары бағалап, өзара қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін бірлесіп жұмыс істеу керек екенін атап өтті.

Сондай-ақ олар жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ТАБЫС АРТСА, ТҮРМЫС ТА ТҮЗЕЛЕДІ

Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының кеңейтілген жиынында «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасын» жүзеге асырудың тиімділігі талқыланды.



Партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдығының бірі – азаматтардың әл-ауқаты мен табысын арттыру. Бағдарламаның жүзеге асырылу барысын депутаттар алдында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров баяндады.

«2029 жылға қарай 3,3 млн адамды жұмысқа орналастыру жоспарлануда. Бұл жоспар ұлттық жобаларды жүзеге асыру, бос орындарға жұмысқа орналастыру, әкімдіктер күшімен 10 мың адамға 100 жана жұмыс орнын ашу және кәсіпкерлік бас-

тамалар есебінен жүзеге асырылады. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 17 мың шағын несие беру жоспарланып отыр. Бұл 2029 жылға дейін 350 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді», – деді министр.

Ал депутат Юлия Кучинская болса, мемлекеттік органдар сүйенетін статистикалық ақпараттың нақтылығына, сондай-ақ декларацияланған жұмыссыздық деңгейі дерегінің анық-қанығына күмән келтірді.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖАМБЫЛ ЖЕРІНЕН ТАБЫЛҒАН ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

Қасиетті Әулиеата өңірі – құнды жәдігерлерге бай мекен. Тасын түртсе тарихы көрінетін өлкеде көне қалашықтардың да саны аз емес. Кейінгі жылдары археологтер есте жоқ ескі заманнан сыр шертетін тарихи шаһарлардың үстінен түсіп, оны топырақтан аршып, көпке танытуда. Міне, сондай қалашықтың бірі жуырда Жамбыл ауданының Қаракемер ауылынан табылды.

16»



АЙМАҚТЫҚ ДИАЛОГТИҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

(Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл өңір елдері үшін стратегиялық маңызы бар ынтымақтастықтың басым бағыттарын ұсынды. Президент, ең алдымен, тауар айналымын ұлғайту мәселесіне тоқталды. Оның пікірінше, негізгі міндет — сауда номенклатурасын кеңейту арқылы экспортты ұлғайту.

— Қазақстан машина жасау, темір және болат өндірісі, тамақ өнеркәсібі секілді салалар бойынша құны 2,3 миллиард доллар болатын 175 шикізаттық емес тауар түрі бойынша Еуроодақ елдеріне экспортты ұлғайтуға дайын. Ауыл шаруашылығындағы ынтымақтастықтың келешегі зор, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту мәселесін екінші басымдық ретінде атады. Президенттің пайымынша, қазіргі кезеңде Транскаспий халықаралық көлік бағыты стратегиялық маңызға ие.

— Бұл бағыт өңірлеріміз арасындағы қарым-қатынас деңгейін айтарлықтай күшейте алады деп санаймын. Жуырда Қытайға жасаған мемлекеттік сапарымның аясында қытайлық серіктестерімізбен бірге Сиань қаласында логистикалық терминалдың іргетасын қаладық. Бұл порт Орталық Азия территориясы арқылы Еуропаға тікелей контейнерлік пойыздарды жіберу үшін маңызды хаб болмақ. Сондай-ақ біз Транскаспий бағытын Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен ұштастыруға уағдаластық, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық ресурстарды Қазақстаннан Еуро-



паға тасымалдау бағыттарын әртарап-тандыруға да ерекше назар аударды.

— Қазір Еуропаға экспортталатын Қазақстан мұнайының 80 пайызы Каспий құбыр консорциумы арқылы жүзеге асырылады. Ортақ мүддені ескере отырып, стратегиялық тұрғыда маңызды осы құбыр арқылы мұнайдың ұзақ мерзімді және тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету үшін Еуроодақ әрі қарай да қолдау көрсете береміз, — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы басқа бағыттар бойынша жеткізілетін мұнай экспортының перспективаларын айқындап берді.

— Мысалы, биыл жыл басынан бері Қазақстан мұнайын «Ақтау — Баку — Тбилиси — Джейхан» бағыты бойынша жылына 1,5 миллион тонна көлемде жөнелту жұмысы басталды. Орта мерзімді перспективада біз «Ақтау — Батуми» бағыты бойынша Транскаспий бағытының құбыры арқылы жөнелту көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Сонымен бірге Қазақстан «Дружба» құбыры арқылы Германияға мұнай жеткізу ісін жүзеге асыра бастады. Биыл жыл басынан бері 90 мың тонна көлемінде мұнай жеткізілді. Бұл көрсеткішті 1,2 миллион тоннаға дейін жет-

кізуге әлеуетіміз жеткілікті және оны келешекте арттыруға мүмкіндігіміз бар, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент климат және «жасыл энергетикаға» көшу салаларындағы өзара іс-әрекетті келесі басымдық ретінде атап өтті.

— Біз тұйық циклді экономика қағида-дәттарын белсенді түрде енгізіп жатырмыз. Еліміздің энергетикалық тепе-теңдік құрылымындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесі қазірдің өзінде 4,5 пайызға жетті. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 15 пайызға жетуі керек. Біз бұл тұрғыда Орталық Азиядағы климаттың

өзгеруі, су ресурстары, жаңартылатын энергия көздерін дамыту мәселелері жөніндегі бірлескен күш-жігерді Global Gateway стратегиясы мен Team Europe бастамасын жүзеге асыру аясында жандандыру орынды деп санаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент цифрлық даму туралы айта келе бұл бағытта ынтымақтастық мүмкіндіктері мол екеніне тоқталды.

— Биыл наурыз айында Microsoft компаниясы Қазақстанда озық технологияларды тарту орталығына айналатын Мультиөңірлік хаб ашқаны туралы жарияланды. Біз 2025 жылға қарай кемінде 100 мың жоғары білікті IT маман даярлау міндетін қойдық. Сондықтан Еуропа университеттерін Қазақстанда, оның ішінде маңызды өңірлік IT алаңға айналған Astana Hub технопарк базасында филиалдар ашуға шақырамын. Жалпы, біз цифрландыру саласындағы өз әзірлемелерімізді кеңейтуді және өңірлік деңгейде цифрлық хаб ретінде тәжірибемізді бөлісуді жоспарлап отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын ілгерілетуде және ауқымды демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруда Еуропалық Одақтың көрсеткен қолдауына жоғары баға берді. Саммит барысында Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишель, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев және Түрікменстан Министрлер Кабинеті төрағасының орынбасары Нұрмұхаммет Аманнеспесов сөз сөйледі. Кездесу қорытындысы бойынша жиынға қатысушылар Бірлескен баспасөз-коммуникесін қабылдады.



ЕРКІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ МАҚҰЛДАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар күн тәртібіне шығарылған заңдарды қарап, өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында палата депутаттары «2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады.

Заң ЕАЭО шеңберінде құқықтық негіз құрайтын халықаралық шартты жетілдіруге арналған. Атап айтқанда, келісім арқылы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін экономикалық аймақтардың жекелеген мәселелерін қосымша реттеу ұсынылып отыр. Хаттама нормаларына сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтардың аумағы Кедендік одақтың кедендік аумағының бөлігі болып саналады. Ал порт және логистикалық АЭА шекатері Кедендік одақтың кедендік шекарасы болып табылады. Бұдан басқа, еркін кедендік аймақ рәсімі қолданылатын АЭА аумағы АЭА қай мүше мемлекеттің жерінде құрылған болса, сол елдің заңнамасына сәйкес айқындалады.

Сонымен қатар сенаторлар «1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау туралы» заңды мақұлдады. Бұл құжат католик шіркеуі қызметкерлерінің санаттарын нақтылайды. Сондай-ақ дін қызметкерлерінің ел аумағында болуының құқықтық тетіктерін жетілдіреді.

«Бытыр елімізде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі өткені белгілі. Съезге қатысу үшін Қазақстанға әлемдік деңгейдегі дін көшбасшылары келді. Бүгін мақұлданып отырған қосымша келісім Рим Папасы Францисктің сол кездегі ресми сапары

аясында жасалған болатын. Алдағы уақытта осы құжат Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға өз септігін тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс кезінде сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

Әли Бектаев «Қант саласын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын» қайта қарау және қанттың баламалы, онтайлы өндірісін енгізу қажет екенін атап өтті. Депутат мұндай қадам халықты қанттың қажетті көлемімен қамтамасыз етіп, импорт деңгейін төмендетеді деп есептейді.

Андрей Лукин астық контрабандасының салдарынан ел бюджеті жүздеген миллион теңгеден қағылып отырғанын айтты. Депутат мұндай мәселені шешу үшін «контрабанда» мен «жалтару» қылмыстық құқықбұзушылық белгілерін ажырату, ЕАЭО елдерінен әкелінетін тауарларды есепке алу және бақылау процесін цифрландыру, сондай-ақ тауарлардың көленкелі айналымының жолын кесу бағытындағы жұмысты күшейтеу керектігін тілге тиек етті.

Ақмарал Әлназарова өз сауалында Алматыдағы Педиатрия онкологиялық орталығының медициналық жабдықтары әбден тозғанын айтып, дабыл қақты. Соған байланысты сенатор Үкіметті Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының жанындағы балалар онкогематологиясының жеке корпусын салуға және медициналық жабдықтар паркін жанартуға қаражат бөлуді жеделдетуге шақырды.

Ольга Булавкина Шығыс Қазақстан облысындағы су қоймаларының апатты жағдайына алаңдаушылық білдірді. Соның салдарынан манайдағы елді мекендерді су басу қаупі жоғары болып отыр. Ол жерлерде 15 мың тұрғын тұратынын айтқан сенатор мәселені шешу үшін шаралар кешенін ұсынды.

Талғат Жүнісов Ақмола облысындағы ауызсу тапшылығына қатысты мәселені көтеріп, Нұра су құбырын жаңғырту жөнінде ұсыныс жасады.

БОЧЧАДАН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев паралимпиадалық боччадан республика чемпионатының ашылу салтанатына қатысты. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған сайысқа еліміздің өңірлерінен мүгедектері бар 50-ге жуық спортшы келді.



Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев федерацияның жүйелі жұмысының нәтижесінде қысқа мерзімнің ішінде еліміздің ірі қалаларында үйірме-филиалдар ашылғанын айтты.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы турнирге қатысушылар елімізде бұқаралық спортты дамытуға үлкен үлес қосып отырғанын және бұл бағыт Мемлекет басшысының басты назарында екенін атап өтті. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарды қолдау және ер адам өзін жайлы сезінетін кедергісіз орта құру бағытындағы кешенді жұмыс — ел Президентінің бастамасымен қолға алынған реформалардың күн тәртібіндегі маңызды міндеттердің бірі.

«Қазір елімізде инклюзивті, кедергісіз орта құру үшін барлық жағдай жасалуда. Осы жолда берік институционалды негіз қалыптасып жатыр. Бұл сала Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үнемі басты назарында. Президентіміздің тапсырмасы бойынша осы бағытта ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның аясында балалар мен ересектердің сапалы білім мен медициналық қызмет алуына және спортпен шұғылданыуына тиісті жағдай жасалып жатыр. Осы орайда инклюзивті спорт түрлерін дамыту тең мүмкіндіктер қоғамын құруға сомды үлесін қосады деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата Спикері бочча еліміз үшін жаңа әрі қарқынды дамып келе жатқан спорт түрі екеніне назар аударды. Соған қарамастан

Қазақстан бочча федерациясы екі жылдың ішінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізді.

«Биыл біз ресми түрде Халықаралық федерацияның мүшесі болдық. Бұл біздің спортшыларымыздың ірі халықаралық сайыстарға қатысуына жол ашады. Алдымызда Паралимпиадалық ойындарға қатысу сияқты нақты мақсат-міндеттер тұр. Қазірдің өзінде елімізде боччадан ұлттық құрама жасакталды. Осы чемпионаттың қорытындысы бойынша бас командамыз жана спортшылармен толығымен. Осындай креативті және тату командамен бірге болғаным үшін қуаныштымын. Алдағы уақытта да елімізде инклюзивті спорт түрлерін дамыту жолында бәріміз бірлесіп, нәтижелі жұмыс істейміз деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ ол Сенат спортшыларға қолдау көрсетуді жалғастыра беретінін айтты.

Жалпы, боччадан ел чемпионатына мүгедектері бар 400-ден астам бала мен ересек жиналды. Олардың 47-сі турнирге қатысып, бақ сынады. Сайысқа арнайы келген меймандардың қатарында инклюзия мен бейімді спортқа қолдау көрсетіп келе жатқан белгілі қоғам қайраткерлері мен белсенді азаматтар бар. Біріншілік жеңімпаздары ұлттық құрамаға қабылданып, челлендж, Паралимпиада, Азия Паралимпиадалық ойындары сияқты халықаралық додаларда ел намысын қорғайды.



АУЫЛ МЕКТЕБІНІҢ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУЫНА ҚАТЫСТЫ

«AMANAT» Төрағасы Ерлан Қошанов жұмыс сапарымен Ақмола облысының Целиноград ауданына барды. Ол оқушыларды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, өңірдің ірі шаруа қожалықтарының жетекшілерімен кездесті.

Ерлан Қошанов Қабанбай батыр ауылындағы №1 жалпы білім беретін мектеп түлектері мен бірінші сынып оқушыларының салтанатты жиынына қатысты.

— Бүгін біз үшін ерекше күн. Қос мереке қатар келіп отыр. Халықаралық балаларды қорғау күнімен және соңғы қоңыраумен құттықтау үшін арнайы

кездім. Бүгінде мемлекет тарапынан білім беру жүйесін жетілдіруге және түлектердің өзін-өзі дамытуына барлық жағдай жасалған. Жыл сайын тегін грант саны ұлғайып жатыр. Жаңа университеттер ашылып, түрлі бағдарлама қолға алынуда. Педагогтердің мәртебесі артып келеді, — деді «AMANAT» төрағасы.

Ерлан Қошанов Президенттің бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл елімізде 400 жаңа мектеп салынатынын атап өтті. Соның біреуі — осы Қабанбай ауылында бой көтереді.

— Бұл мектеп ең жоғары стандарттарға сай салынады. Еліміздегі ең үздік мектептермен терезесі тең болады. Ұстаздарымыз бен оқушыларымыздың біразы жуық арада жаңа әрі жайлы мектепке көшеді, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс төрағасымен бірге оқушыларды құттықтауға депутаттар Айна Мысырәлімова мен осы мектептің түлегі Динара Наумова да келді.

— Бүгінгі түлектер де еліміздің лайықты азаматтары болады деп сенемін. Тек алға ұмтылындар. Өз күштеріне сеніндер. Қиындықтардан қорықпаңдар. Сонда ғана көздеген мақсаттарына қол жеткізесіңдер, — деді Мәжіліс төрағасы.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов Ақмола облысының ірі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен кездесіп, бірқатар шаруа қожалықтарына барды. Спикер егіс науқанының нәтижесімен танысып, ауыл шаруашылығы саласына қатысты өзекті сұрақтарға жауап берді.



ТАБЫС АРТСА, ТҮРМЫС ТА ТҮЗЕЛЕДІ



(Басы 1-бетте)

«Сіз ұсынған статистикаға қарап, екі түрлі елде өмір сүріп жатқандай әсерде қаламыз. Жалақының орташа деңгейі — 340 мың теңге. Алайда халықтың басым бөлігі осындай жалақы алады дегенге күмәнім бар. Шындығында, халықтың көп бөлігі бұдан 3-4 есе аз табыс табады. Бір қызығы, 10 жыл бойы Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейіне ешқандай фактор әсер етпей келеді: пандемия да, экономикалық дағдарыс та. Жұмыссыздық деңгейі әрдайым 4-6% аралығында. Статистика елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының шынайы көрсеткіші болуға тиіс», — деді ол.

Халық қалаулысы Ерлан Саиров болса, отандастарымыздың мемлекетке деген сенім деңгейі статистикалық деректердің дұрыстығымен өлшенеді деген пікірде.

«ЖІӨ-нің өсімін инфляция жұтып жатыр. Адамдар күн сайын тұтынатын нан, май, макарон, күріш өнімдері 80%-ға қымбаттады. Тіпті, моншаның өзіне тұрғындар аптасына бір рет емес, екі аптада бір баруға мәжбүр болып отыр. Себебі ел азаматтарының табысы төмендеп кетті. Қазіргі индикаторларды өзгерту керек. ЖІӨ Қазақстан халқының әл-ауқатының көрсеткіші бола алмайды. Негізгі көрсеткіш — үй шаруашылығының табысы», — деді халық қалаулысы.

Өз кезегінде депутат Ринат Зайытов та өзекті мәселе қозғалды. Оның айтуынша, «Ауыл аманаты» жобасы ауыл халқының табысын арттыруға арналған пәрменді құрал болғанымен, адамдар жеңілдікпен берілетін несиені алу кезінде бірқатар қиындыққа тап болады.

«Егер ауыл азаматының әкімдікке жақындығы, ықпалды туы-

сы болмаса, онда ол қаржы ала алмайды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында халыққа дербес қызмет көрсететін орталықтарды ашу мүмкіндігін қарастыру қажет. Тұрғындар несиені шаруашылықпен айналыспайтын адамдар алып жатқанын айтып, шағымданды. Сондай-ақ ең көп сұранысқа ие тауарларды өндіру мәселесіне қатысты бірқатар сұрағым бар. Елімізде тек пластик терезе мен кілем өндірісі ғана бар ма? Әрі бұл өнімдердің бағасы Қытайға қарағанда арзан, Еуропаға қарағанда сапалы бола ма? Лентасы қиылғаннан кейін бұл зауыттар жабылып қалмауы керек», — деді депутат.

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Мәди Тәкжиев Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 2 миллионнан асатынын атап өтті. Оның 65 пайызға жуығы 100 мың теңгеге дейінгі жалақыға жұмыс істейтін тұрмысы төмен азаматтар қатарына жатады.

«Әлеуметтік трансферттер халықтың тағы бір маңызды табыс көзіне айналды. Ол қазірдің өзінде тұрғындар кірісінің 23 пайызын құрайды. Оның үстіне, динамика нашарлап барады. Табыстың төмендеуі мен инфляция салдарынан қазақстандықтардың 51%-ы өз табысының жартысынан көбін азық-түлікке жұмсайды. Бұл — азаматтардың жинайтын қаражаты жоқ деген сөз», — деді депутат.

Ол биыл наурыз айында қабылданған «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасының» жаңа редакциясы мониторинг және талдау жүргізілмей бекітілгенін алға тартты.

Өз кезегінде депутат Екатерина Смышляева бағдарламадағы көрсеткіштердің тұтас тізбесін өзгерту қажет екеніне назар

аударды. Атап айтқанда, «Халықпен бірге!» сайлауды бағдарламасында кедейлік шегін медиандық табыспен анықтау керек деп көрсетілген. Алайда қазір көрсеткіштер әлі де ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланып тұр. Бұл кедейлер санының нақты көрсеткішін айтарлықтай төмендетеді.

«Жалақының ЖІӨ-дегі үлесінің макроқорсеткіші, сала бойынша берілгенімен, әлгі бір анекдоттағы жағдайға ұқсайды. Біреу күріш, біреу ет жейді. Нәтижесінде, барлығы палау жеген болып шығады. Егер қазір индикаторлар өзгермейтін болса, бағдарламаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша Үкімет кедейлерге олардың бақуатты өмір сүріп жатқанын тағы да қарқынды түрде дәлелдейтін болады. Орындалған индикаторлар бойынша», — деді ол.

Фракция жиынының қорытындысында Елнұр Бейсенбаев партияның сайлауды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Жол картасының 205 тармағының 100-і халықтың кірісін арттыруға бағытталғанын баса айтты.

«Біздің ортақ міндетіміз — тиімді шаралар қабылдап, оны күр қағаз жүзінде қалдырмау. Оның әсерін әр тұрғын сезінуі тиіс. Бағдарламаға жан-жақты өзгеріс енгізу қажет. Депутаттар 20-ға жуық сұрақ қойды. Алайда оның басым көпшілігіне нақты жауап ала алмадық. Табысты арттырмай халықтың әл-ауқатын көтеру мүмкін емес екені айдан анық. Сол себепті Үкіметке осы бағдарламаға тағы да қандай көрсеткіштер енгізуге болатынын, оның тиімділігін арттыру үшін нақты қандай шаралар қабылдау қажет екенін және қаржы мәселелерін пысықтауды тапсырамыз», — деп қорытындылады Елнұр Бейсенбаев.

БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ ҚАЛАЙ БӨЛІНЕДІ?

«Ұлттық қор — балаларға» жобасы қашан жүзеге асады? Қор қаржысынан балалар қанша үлес алады? Оның тетіктері қандай? Жыл сайынғы жинақ сомасы қанша? Жинақтар қандай мақсатта жұмсалады? Қазір қоғамның қызығушылығын туғызып, көпшілік арасында қызу талқыланып жатқан осы тақырып «AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңес отырысында талқыланды.

Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында Балалар жылы аясында «Ұлттық қор — балаларға» атты жаңа бағдарлама іске қосылатынын айтқан болатын. Осы ретте ол жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ын балалардың жеке шотына аударып отыруды ұсынды.

Президенттің әлеуметтік маңызды бастамасын заң тұрғысынан рәсімдеу үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қазіргі таңда Мәжіліс те қаралып жатыр. Осы орайда, Кеңеске арнайы шақырылған Парламент Мәжілісі депутаттары



бастамашыл тобының мүшесі Үнзила Шапақ аталған заң жобасының ерекшеліктерін түсіндірді. Оның айтуынша, Ұлттық қор қаражаты тек қана тұрғын үй жағдайын жақсарту және білім алу мақсатында пайдаланылады.

«Қаражатты шетелдік оқу орнында білім алуға пайдалануды шектемеу жоспарланып отыр. Өз кезегінде, тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе тұрғын үй сатып алу үшін қаражатты пайдалануға тек Қазақстан аумағында ғана рұқсат етіледі. Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылған немесе ауысқан кезде төлем-

дерге талап қою құқығы жойылады», — деді депутат.

Ұлттық қордан бүгінге дейін үлес алатын балалардың саны қанша дегенге келсек, 2022 жыл басындағы ресми деректер бойынша еліміздегі 18 жасқа толмаған балалардың жалпы саны шамамен — 6,5 млн. Дегенмен ауыл-аймақтарда құжаттары жоқ балалар бар екенін және шетелде тұрып жатқан азаматтарымыздың балалары туралы толыққанды мәлімет болмауы ықтимал екенін ескерсек, бұл көрсеткіш өзгеруі әбден мүмкін.

Ал жыл сайын әр баланың есеп шотына түсетін қаржы кө-

лемі экономикалық жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Яғни, Ұлттық қордан балаға аударылатын қаражат инвестициялық пайда мөлшеріне бағдарланады. Сонымен қатар жиналған ақша бірінші кезеңде баланың жеке шотында емес, ортақ шотта сақталатындықтан, ол қаражат белгілі бір мүддеге жұмсалады. Осылайша, жыл бойы шотта бір сома ғана жатпайды. Қаражат жұмсалған қайнар көздерден оған түсім түсіп отырады.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков әр

жылдың 20 қаңтарына дейін есепті жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың түпкілікті тізімі жасалатынын айтты.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қатысушылардың тізімі негізінде және Ұлттық банк берген ақпараттың ескеріле отырып бір қатысушыға есепті жүргізеді. Әр жылдың 31 қаңтарына дейін 18 жасқа толмаған балаларға қаражат есептеу жүзеге асырылады», — деді вице-министр.

Ол үшін балаларға немесе ата-анасына ешқандай барудың қажеті жоқ. Өйткені төлемдер автоматты түрде жасалады. Ал есепке алуды Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жүргізеді.

Бала 18 жасқа толғаннан кейін егер ол Қордан алған үлесін жұмсаса, 10 жыл бойы сақталады. Әрі қарай сол адамның зейнетақы шотына аударылады. Дегенмен, бұл бала 18 жасқа тола салысымен жинақталған қаржыны пайдалануы керек деген сөз емес. Тек 10 жылға дейін пайдаланбаған жағдайда әрі қарай зейнетақыға байланысты нормативтік-құқықтық актілер бойынша реттеледі.

Осы орайда, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов әр балаға өз үлесін бөліп беру арқылы мемлекет өзіне үлкен жауапкершілік алып отырғанын алға тартты.

«Сайлауда және басқа да

науқан кезінде саяси белсенділігі төмен адамдар бар екенін көріп жүрміз. Мемлекетіміз қандай саясат жүргізіп жатыр, экономикамыз қандай деңгейде, заңдарға нендей өзгерістер еніп жатыр деген сияқты мәселелерге келгенде «мен саясаттан алыспын, оған араласпаймын» дейтіндер баршылық. Міне, біз бірінші рет жақсы механизмді іске асырып жатырмыз. Енді әр бала ай сайын шотын тексеріп, өзіне тиесілі қаражатты мемлекет қалай басқарып жатқанын біліп отырады. Қоғам белсенділігін осылай арттыра аламыз», — деді халық қалаулысы.

Кеңес мүшесі, заңгер Айгүл Орынбек балалардың есепшотына түскен қаражаттың мақсатты жұмсалыуына және көзделген мақсаттарға жету-жетпеуіне қатысты аландаушылығын білдірді. Бұған жауап ретінде Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков инфляцияны ескеріп отырып, қаражат теңгеде емес долларда сақталатынын айтты.

Сондай-ақ жиын барысында Кеңес мүшелері заң жобасына қатысты өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салып, бірқатар ұсыныс айтты. Кеңес жетекшісі, Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының депутаты Жұлдыз Сүлейменова айтылған барлық ұсыныс-пікір заң жобасын әзірлеп жатқан бастамашыл топқа жолданатынын жеткізді.

Мемлекеттің басты атрибуттары – Туы, Елтаңбасы, Әнұраны. Десе де, олардың сыртында елдікке тұғыр, ұлтқа тағылым болар талай нәрсе жатыр. Оларды елімізде ашылғанына көп болмаған Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері жөне құжаттаманы басқару комитетінің Геральдикалық зерттеулер орталығы зерттейді. Мереке қарсаңында орталық директорымен сұхбаттасқан едік.

– Асылбек Байжұмаұлы, мерекелеріңіз құтты болсын! Расында, бұл – елдің ортақ мерекесі. Ендеше орталықтың бүгінгі тынысы қалай? Қандай жұмыстар атқарып жатыр?

– Рақмет! Шындығында, патриотизм, отансүйгіштік дегеніміздің бастауы – мемлекеттік рәміздерді құрметтеуде, дәріптеуде жатыр. Біздің геральдикалық зерттеу орталығының басты мақсаттарының бірі – мемлекеттік рәміздерді насихаттау. Сол арқылы жастардың ұлтқа, Отанға деген құрмет сезімін ояту. Біздің орталықтың жұмысы 3 бағытта жүреді. Біріншісі – тарихи таңбаларды зерттеу, екінші бағыты – мемлекеттік рәміздерді насихаттау, үшіншісі – ведомстволық наградаларды сараптау. Десе де, біздің геральдикалық зерттеу орталығының ашылғанына да көп болған жоқ. Екі жылдың көлеміндегі ғана уақыт өтті. Осы уақыт ішінде біз халықтың патриоттық сезімін оятып тастадық деп айта алмаймыз. Бірақ жүйелі, жоспарлы жұмыстарды жүргізіп келеміз.

Жалпы бізде 30 жыл бойы рәміздерді насихаттау жұмыстары жүргізілді деп айтылып жатады. Бірақ шын мәнінде олардың барлығы семинар, конференция сияқты жиналыстардан әрі аса алмады. Немесе бір күндік форум сияқты дүниелермен шектелді. Ал олар ешқашан да соншалықты тиімді нәтиже бере алмайды. Сондықтан да бұл жерде жастармен жыл бойына кәдімгідей жүйелі, түрлі іс-шаралар өткізу керек. Насихаттау жұмыстарын жүргізу қажет. Осы мақсатта біз былтырлары да, биыл да кең ауқымды жұмыстарды жүзеге асырып жатырмыз. Тауу арала, мәселен, Қарағанды облысында болды. Е. Бөкетов атындағы университетте студенттермен кездестік. Өзімізбен бірге Елтаңбамыздың авторы Жандарбек Мәлібеков ағамызды ертіп жүрдік. Сол кезде ағамыздың бір ауыз сөзін есту үшін, Елтаңбаның авторын тірілей көру үшін жастардың енгелеп жүгіріп, бірге фотоға түскенін көріп, қуанып қалдық. Олардың сұрақтарын қойып жатқанының өзі үлкен бір өсер берді. Сондай мақсатта былтыр да Ақмола облысында, Қарқаралы өлкесінде, Ерейментау өңірінде болдық. Сол жерлерде жастармен, үлкендермен кездестік. Патриотизм туралы, рәміздеріміз туралы айттық. Ол кісілерде өз пікірлерін білдірді. Сондай бір нақты жұмыстар арқылы, нақты кездесулер арқылы насихаттау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Оның ішінде БАҚ арқылы былтырдың өзінде 60-қа жуық сұхбат түрінде, өзіміздің ақпарат түрінде, көптеген мәліметтер таратқан екенбіз. Ол да өз нәтижесін беріп жатыр.

– Аймақтардан бөлек, орталықтың өзінде қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Өзіміздің Геральдикалық орталық жанынан Ғылыми кеңесімізді аштық. Ол жерде Тұрсын Жұртбай, Халиолла Ахметжанов, Жандарбек Мәлібеков, Қаржаубай Сартқожаұлы, Сұлтанхан Аққұлұлы сияқты елімізге белгілі белденді ғалымдарымыз бар. Алғашқы жында Алтын Орданың туын, Алаштың туын қарастырдық. Яки, қазір бізде мультфильмдерде, бейнефильмдердің барлығында неше түрлі тулар ұстап тұр. Осыған жол беруге болмайды. Нақты тура қазірден бастап жастардың көзін үйрете беру керек деген мақсатпен жұмыс істеп жатырмыз. «Қазақ геральдикасы» деген фотоальбом дайындадық. Халықаралық желтоқсан айынан бастап халықаралық «Танбалар тілі» деген журнал шығара бастадық. Қазір үшінші саны жарық көріп жатыр. Геральдика деген нәрсенің өзі Еуропаға тән дүние ғой. Сондықтан да мен бұл бағытта тәжірибе алмасу бағытында Ресейде болдым. Содан көзім жетіп келгені – біз Ресейдегі, жалпы Еуропадағы геральдика ғылымымен емес, өзіміздің қазақ геральдикасын құрып, сонымен жүріміз керек екен. Яки, сонау таңбалы тастардан бастап қазіргі мемлекеттік рәміздерге дейінгі аралықты зерттеуіміз қажет. Қазір осы мақсатта жұмыс істеп жатырмыз. Қырғыз, өзбек, өзербайжан, түркі мемлекеттерінің ғалымдарымен байланыс орнаттық. Қазір ол кісілер біздің «Танбалар тілі» журналымызға өздерінің мақалаларын беріп жатыр.

Жақын болашақта Еуразия бола ма немесе түркі тілдес елдер бола ма осындай халықаралық геральдика орталығын құру туралы ойымыз бар. Мұны біз Мәдениет және спорт министрлігіне ұсынғанбыз. Егер жоғары жақтан қолдау тауып жататын болса, Алматының жанындағы 170 шақырым жердегі Танбалы тастың іргесінде, дала төсінде кәдімгі қазақтың киіз үйлерін тігіп тұрып, аламан бөйгесін беріп, қазақи салт-дәстүрлерін көрсетіп, дүниежүзіндегі 25 мемлекеттің геральдикалық ғалымдарының басын қоссақ, сол жерде осы одақты құрсақ және сол 25 мемлекеттің геральдистері соған мүше болса деген биік мақсатымыз



Асылбек БАЙЖҰМАҰЛЫ,
Геральдикалық зерттеулер орталығының директоры:

Мемлекеттік рәміздерді насихаттау орталығын ашу керек

бар. Оның жұмысын не біздің мемлекет басшымыз не болмаса министр деңгейінде өзіміз басқарса деп отырмыз. Сонда ғана біз Орта Азиядағы осы геральдика ғылымының үлкен орталығына айнала аламыз.

Орта Азиядағы бір де бір мемлекетте геральдика мұражайы жоқ. Қазіргі теңгелеріміз де, ою-өрнектеріміз де, біздің қазақтың қолданып жүрген дүниелерінің барлығы геральдикаға жатады. Осының барлығын жинақтап келіп жеке бір өз алдына геральдика музейін ашатын болсақ, бұл бір үлкен керемет дүние болар еді. Сонда біз тек қазақ геральдикасын ғана емес, түркітілдес елдердің де геральдикасын ары қарай бірге алып кете алатын халықаралық деңгейдегі орталыққа айналалар едік. Өкінішке қарай, бұл ұсынысымызға министрлік тарапынан жауап болмай жатыр. Шынымы айтсам, Дәурен Абаев министр болып тұрған кезінде бұл мәселе қолдау тауып, ол кісі осы геральдика саласына ерекше мән беріп, әр тоқсан сайын мені шақыртып, қандай жұмыс жүргізіп жатқанымызды, қандай жоспарларымыз барын сұрап, бізге қаражат бөлу мәселесін тікелей бақылауына алып отыратын.

Екінші бір үлкен жобамыз – «Бір ту – бір ел» жобасы. Оның аясында бүкіл Қазақстан бойынша жастардың араласуымен еліміздің барлық өңірлерінде жыл бойына туымызды насихаттайтын іс-шаралар өткізуді көздеп отырмыз. Оның ішінде экспедициялар, кездесулер, конференциялар, тау-тастардағы үлкен бір альпинистік іс-шаралар бар. Қажет болса, қазір жас-жұбайлар үйленіп жатқан тойда бірінші туға бас иу керек деген сияқты дәстүрлерді енгізуді ұсынып жатырмыз. Болмаса, Түркі елдерінде мешіттерінің барлығында сол елдердің туы тұрады. Неге біздің мешіттерге ту іліп қоюға болмайды деген сияқты ой туып отыр. Осындай әртүрлі он шақты идеямыз бар. Мәселен, Әлкі Марғұлан атамыз – таңбалы тастарды зерттеп, алғаш негізін қалаған адам. Келесі жылы ол кісінің туғанына 125 жыл толады. Осы кісі туралы үлкен бір бейнефильм жасау ойымызды бар. Соның нәтижесінде жылдың соңында Президенттің қатысуымен Астана қаласында «Бір ту – бір ел» деген үлкен бір жиын өткізсек керемет болар еді. Бұл жобаны да ұсынғанбыз, өкінішке қарай әзірше қолдау таппай отыр. Егер мұндай жобалар қолдау тапқан жағдайда, әрине оның әсері де көп болары сөзсіз.

Одан бөлек, мемлекеттік рәміздерді балаларды сауықтыру орталықтарында, балалар лагерінде, колледждерде, университеттерде насихаттаудың әдістемелік құралдарын әзірлеп шықтық. Оны да комитетке тапсырдық. Енді дәл қазіргі уақытта балабақшадағы балаларға сурет арқылы және кішкентай-кішкентай шағын төрт жол шуммақтар арқылы «туыңды жықпа», «туыңды биік ұста» деген мағынада иллюстрациялық кішігірім әдістемелерді әзірлеп жатырмыз. Балалар суретіне қарап, туды аяққа таптауға болмайтынын, қорлауға болмайтынын, содан түсінетіндей әсері бар.

– Жана үш түрлі бағытта жұмыстар атқарамыз деліңіз. Соның бірі ведомстволық награда екен. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Бүгінде елімізде ведомстволық награда бойынша 200-ден астам марапат бар. Мемлекеттік наградалардан бөлек, әр министрліктің, әрбір қордың, әрбір органының өзінің наградалары бар. Мысалы, Жоғары соттың, Бас прокуратураның, күштік қурылымдардың барлығында «Үздік қызметкер», «Мінсіз қызметі үшін» деген тағы да басқа медальдары бар. Оған қоса ардагерлер туралы деген сияқты тағы да басқа медальдар ойлап тауып жатыр. Соларды бізге сараптамаға жібереді. Шындығын айтсам, бұл өте кате дүние.

тексеретін бап енгізу керек. Мониторинг жүргізетіндей функция берілген жағдайда біз оның алдын алуға тырысар едік. Біз өзіміздің тарапымыздан марапаттаудың әдістемелік құралдарын әзірлеп шықтық. Оны да министрлікке, Архив істері комитетіне бердік. Бірақ әлі күнге дейін жауап жоқ.

– Бір сұхбатыңызда геральдика атауын эмблематика деп өзгерту керек деген сияқты ой айтқан едіңіз?

– Иә, менің тағы бір ең маңызды айта кеткім келетін жайт – біріншіден, біздің орталықтың атауын өзгерту керек. Яки, «Мемлекеттік рәміздерді насихаттау орталығы» етіп ауыстыру қажет. Себебі «геральдика» деген бізге жат ұғым, тіпті қажеті жоқ дүние. Сондықтан да біз геральдиканы емес, рәміздерімізді насихаттауымыз керек. Рәміздердің де ішіне бәрі кіреді. Одан соң оны қазіргі Архив істері комитетінің қарамағынан алып, тікелей Президент Әкімшілігіне немесе Мемлекеттік кеңес-

әзірлеп жатырмыз. Енді ізденген адамға заңда бәрі көрсетілген ғой. Ережелерінің барлығы бар. Өкінішке қарай, басшылар оны оқымайды. Оқитын уақыттары да жоқ. Сондықтан да үстел үстіне қойып қоятын кішкентай шағын кітапша немесе күнпарақ етіп шығарайық деп отырмыз. Ең болмағанда қолы қалт еткенде соны бір қарайтын шығар деген ойымыз бар. Себебі мемлекеттік қызметкерлер бірінші болып рәміздерді өздері сыйламаса, басқа жұрттан не талап етуге болады.

– Түркі руна жазуы геральдика тақырыбына кіре ме екен? Сол туралы қандай жұмыстар атқарылып жатыр, айта аласыз ба?

– Иә, бұл тақырып та біздің қызыретімізге кіреді. «Тарихи таңбалар» аясында қарастырылады. Осы мақсатта біздің ұстап отырған басты ғалымымыз – Қаржаубай Сартқожаұлы ағамыз. Енді шынын айту керек, ол кісі сонау Моңғолияда жүргенінің өзінде осы тақырыпты көтеріп, өмірінің 50 жылға жуық уақытын осы таңбалы тастар мен руна жазуына арнаған адам. Тіпті, жалғыз көзі тірі түрколог ғалым осы Қаржаубай ағамыз. Өткенде бір нәрсені естіп жағамды ұстадым. Ол кісі 2008 жылы ең соңғы рет «Құрмет» орденін алған екен. Одан кейін қайтыс ешқандай да мемлекеттік наградаға ұсынылмапты. Ал бүгінде кеше ғана PhD доктор алып, бір шала-пұла кітап жазғандардың барлығы қазір «Барыс» орденін, «Ерен еңбегі үшін» медалін алып жатыр. Неге 50 жыл ғұмырын сарп еткен Қаржаубай ағамыз Мемлекеттік сыйлықтардан шет қалады? Бұл кісінің жазған кітаптарының барлығы қазір Қазақстанның 7-8-9 сынып оқулықтарында жүр. Бұл кісінің жазған еңбектері қазір әлемдік ғалымдардың ауызында. Ол кісіні қазір Еуразия ұлттық университетінің 4-кабатында сұп-суық кабинетте ұстап отыр. Бұл мәселені бытырп көтердік. Бірнеше депутат: «Ойбай, барамыз, бұлай болмайды. 70-тен асқан ақсақалымызды ауру қылып аламыз», – деді де, сол сөз айтылған жерінде қалды. Ол кісінің басында дұрыс үйі де жоқ. Екі бөлмелі пәтерді Иманғали Тасмағанбетовтің кезінде берген екен. Оның өзін де қызметтік баспаға ретінде ұстап отыр. Мен ол кісіге: «Біздің геральдика орталығына толықтай көшіп алсаңызшы, осы жерде жұмыс істеміз», – деп шақырғам, сөйтсем ағамыз: «мен Еуразиядан кете алмаймын, кетсем үйімді алып қояды» деп шарасыздық танытты. Сонда соншама жыл, Қазақстанға келгеніне 32 жыл болған екен, ғұмырын ғылымға сарп еткен ғалымға басына бір баспаға берсе салауа жарамай отырмыз. Мемлекеттік сыйлық пен атағы өз алдына. Сондықтан да руникалық жазуларды зерттеп, оларды кез келген адамның менгеріп, оқып кете алатынына дейін жеткізген адамның елеусіз қалып отырғаны өкінішті. Қазір руна жазуының бағдарламасына дейін дайын тұр. Егер бізге қызығушылық танытқан адамдар келіп, 1-1,5 ай үйренетін болса, оларды руникалық жазумен жаза алатындай деңгейге жеткізуге мүмкіндігіміз бар. Осы жұмыстармен бізде бір қоғамдық ұйым айналысуды, олармен меморандумға отырғанбыз. Олардың осы руникалық жазуды үйрететін мамандары, программалары да дайын. Егер де бұл мәселеде министрлік тарапынан, Үкімет тарапынан қолдау болар болса, біз руникалық жазуды жастарға, студенттерге, әсіресе тарих, археология факультеттерінің шәкірттеріне тегін-ақ үйретіп беретін едік. Ал ол археология, тарих саласын бітірген маман руникалық жазуды оқып, өзі жаза алатын болса, ол дегеніміз – керемет дүние болу керек.

– Мереке қарсаңында сүбелі тақырыптарды көтерген әңгіме орбіткен сияқтымыз. Айтып отырған мәселелеріңіз өте орынды. Ендеше сұхбатымызды мерекелік тілекпен аяқтай аламыз ба?

– Әрине, сөзіміз түйіндер болсам, мемлекеттік идеология саласында біздің бүкіл мүмкіндігіміз бар. Осы айтқандарымыздың барлығын жасауға дайынбыз. Бірақ, өкінішке қарай, мемлекеттен қолдау жоқ. Мен мұны айтып отырған себебім, «Ай-қын» газеті – еліміздегі басты басылымдардың бірі. Сол арқылы мемлекеттік рәміздер мәселесі Президенттің, Үкіметтің құлағына жетсе деймін. Әйтпесе, бұл орталықты ұстап отырудың қазір аса бір қажеті шамалы боп қалды. Басында жақсы бір ниетпен ашылғанымен, кейін қалтарыста қалып қойды. Өйткені біздің қызметкерлердің жалақысын айтуға ауыз ұялады. Мәселен, менің жалақыым 140 мың алады. Ал мамандардыкің тіпті айтпай-ақ қояйын. Оларды мен нағыз патриоттар деп санаймын. Міне, патриотизм қайда жатыр?! Олар сол жалақыға қарап отырған жоқ. Жандарын салып тәнертеннен кешке дейін жұмыс істеп, рәміздерді құдайдың құтты күні насихаттап жүр. Кейбіреулер сияқты маған бөлгенбай мың айлық беріңдер, жақсы кызмет ұсынғыңдар деп ереуіл жасап жатқан жоқ, күнделікті ел іші, халық арасында. Осыған да тәубе деу керек. Ал олардың да артында балашағасы, ипотекасы, кредиттері бар. Міне, патриоттық осындайда көрінесе керек. Ендеше мерекеле баршаныңыз да, соның ішінде біздің мамандарға да береке, халқымызға бірлік, заманымызға тыныштық тілеймін. Туымыз биік желбіреп, Елтаңбамыз берік орнығып, Әнұранымыз жеңісті шақтарда шырқала берсін!

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімескен

Нұрлан ҚОСАЙ

“

Неше түрлі орден-медальдар қаптап барады. Оның сыртында қазір бақылаусыз жұмыс істеп жатқан жеке қорлар көп. Сол қорлардың шығарып жатқан орден-медальдары қаншама? Мысалы, «Қазақстанның құрметті азаматы» деген орден шықты. Біздің министрлік деңгейінде тапсырады. Бұл ешқандай да мемлекеттік емес немесе ведомстволық наградаға жатпайтын жеке бір адамдардың ойлап тапқан дүниесі.

Себебі олай көбейте берсек, олардың саны мыңға жетіп, онда ертең басымыздан балағамызға дейін медаль тағатын Солтүстік Кореяға айналшып кетеміз ғой. Бұлай болмайды, біз керісінше Еуропалық үлгіге көшуіміз керек. Мәселен, Президенттің Ресейге барған кезінде Невский орденінен бас тартты емес пе? «Мен өзімнің мемлекеттік қызметті атқарып жүрген уақытыма ешқандай да марапат алмаймын» деді ол. Сол сияқты мұндай ұстаным өзгерлерге үлгі болуы шарт. Жалпы ақын-жазушыларымыз ренжімесін, бірақ, өкінішке қарай, олардың көпшілігі – атакұмар. Сол бір кішкентай темірді тағу үшін жандарын беруге дайын тұрады. Бұл – кеңестік идеологиядан қалған жаман бір ұғым.

Егер I, II, III дәрежелі «Үздік шахтер» деген медальды беріп жатса түсінуге болады. Олар 20 жыл шахтада, жердің астында адам төзгісіз жағдайда жұмыс істеп, сол еңбегі бағаланып медаль тақты. Онда да медальды алып ол қайда баралы? Егер ол сол медалімен тегін емделсе алмаса, автобустан тегін жүрмесе, басқа да бір жеңілдіктер көрмейтін болса, ол темірді тағып қойғанын не қажеті бар? Оны ертең оның балалары құрметтей ме? Өкеміздің медалі еді деп сақтай ма? Мәселе – сонда. Одан да сол үздік шахтерға 20 жылдық еңбегін бағалап, шетелге қыдырып келуге, отбасымен болса да, сертификат берсе. Немесе бір жылға дейін тегін ауруханада емделуге, бір жылға дейін курорттық санаторийларға 10-15 күнге отбасымен барып демалып келуге мүмкіндік берсе деген сияқты материалдық жағынан бағаласа – сол дұрыс болар еді. Сондықтан да біздің мекеменің саным азайту туралы біраз ұсыныстар бердік. Өкінішке қарай, ол да қолдау тапқан жоқ. Керісінше, қазір өршіп бара жатыр. Неше түрлі орден-медальдар қаптап барады. Оның сыртында қазір бақылаусыз жұмыс істеп жатқан жеке қорлар көп. Сол қорлардың шығарып жатқан орден-медальдары қаншама? Мысалы, «Қазақстанның құрметті азаматы» деген орден шықты. Біздің министрлік деңгейінде тапсырады. Бұл ешқандай да мемлекеттік емес немесе ведомстволық наградаға жатпайтын жеке бір адамдардың ойлап тапқан дүниесі. Енді жақында «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген медаль тағып жатыр. Оны алған кісілер әлеуметтік желілерде жариялап жатыр. Осындай бір түсініксіз жайттар бар. Одан да басқа толып жатқан: ана атасына, мына бабасына деген марапаттар жетерлік. Осының бәріне тоқтау салу керек. Өкінішке қарай, оған тоқтау саласындай біздің геральдика орталығында күзгірет жоқ. Ол үшін заңға ма немесе біздің Жарғамызға ма осындай жағдайларды Бас прокуратурамен бірлесіп

шіге, әлде Үкімет басшысына бағынатындай етіп құру керек. Сол кезде тексеретін, бақылайтын, мониторинг жасайтын, әдістемелік құралдар әзірлей алатын қосымша өкілеттіктер бермесе, сондай деңгейдегі орталық болмаса бұл жұмыстар алға жылжымайды. Себебі біз қазір облыс әкімдігіне хат жазуға статусы жетпейтін, ішкі саясат басқармаларына да күзгіреті жоқ, былай қарағанда комитеттің астындағы ағамыз жаз, мынаны жаз дейтін кішігірім ғана мекемеге айналып отырмыз.

Мемлекеттік рәміздер дегеніміз, бұл – үлкен идеология. Осы идеологияның негізгі жолын бастап отырған, сол жолды көрсететін және сол жолмен жүргізетін осы орталық болуға тиісті. Ол функцияның барлығын қазір өкінішке қарай мемлекеттік органдар өздері алып алған. Ал ол мемлекеттік органдардың не істейтіндері белгілі. 4 маусым күні жиналып алып жиналыс өткізеді, сол дата күні рәміздер есіне түседі, Туды көтереді, Әнұранды шырқатады, ертесіне ұмытып кетеді. Содан тек талап етілген кезде ғана болмаса ол туралы ләм-мим деп тіл қатпаймыз. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың тек қағаз жүзінде ғана «рәміздерді қорлағаны үшін айыппұлды 10 миллион теңгеге көтердік» деп отыра бергенінен нәтиже болмайды. Оларды жазалай беруге емес, керісінше оларды қолдай білген дұрыс, насихаттап түсіндіре беру керек. Қоғамның белсенді өкілдерін араластырып, атакты блогерлерді, мықты журналистердің барлығын осы шараға жұмылдыру қажет. Сондықтан да біздің мекемені жүйелі жұмыс істеп, үнемі қозғау салып отыратын, Қазақстанның барлық атырабын ортақ тоқайластыратын орталыққа айналдыру керек. Сонда ғана біз үлкен идеологияны игеріп кете аламыз. Сол кезде ғана бүкіл Қазақстан бір тудың астына біріге алады. Біздің негізгі мақсатымыз – осы.

Мемлекеттік рәміздердің қолдану аясын кеңейту мәселесі де үнемі назарымызда. Өкінішке қарай, мұнда да тексеру-бақылау, мониторинг жүргізу құқығы бізде жоқ. Онымен біздің комитет айналыса ма білмедім. Былтыр Президент Әкімшілігімен бірге рәміздер туралы заңның орындалу барысын тексеру мақсатында Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарына барған болатынмын. Сол кезде таңғалғаным: біздің мемлекеттік қызметкерлер, тіпті жоғары лауазымдарда отырған әкімдеріміздің өзі, Ту мен Елтаңбаның қалай тұру керек екенін білмейді. Осыған көзім жетті. Бірнеше жерде көз алдарында тұзетуге тура келді. «Туы былай қойыңыз, Елтаңбаны былай қойыңыз» деген сияқты. Соларға арнап қазір әдістемелік құрал



Медициналық сақтандыру елдің наразылығын одан әрі өршітіп жатыр. Бұған енді депутаттар араласты. Олардың айтуынша, бұл жүйе әсіресе ауылдықтарды кемсітеді: олар сапалы медициналық қызмет ала алмайды. Соған қарамастан, қала тұрғындарымен бір көлемде жарна аударады. Сондай-ақ негізгі жұмыс орнында табысы аз болғандықтан, қосымша жұмыс істейтін азаматтар да бір айда бірнеше рет медициналық жарна аударуға мәжбүр. Бірақ олар да лайықты қызмет ала алмайды. Депутаттар мұны «мәжбүрлі қайырымдылық» деп атады. Салаға түбегейлі реформа қажет.

Әділетті Қазақстанда бар салада әділет болғаны жөн. Оның жоқтығы әлеуметтік шиеленісті күшейтеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСК) қайтадан сарапшылардың және Парламент депутаттарының қатаң сынына ұшырап жатыр. Соңғы екі жылда қор басшылығы үш рет ауысыпты. Бірақ басшылар бұқараның наразылығын тудырған күрмеулі мәселелерді түбегейлі шешпеді.

Сынаушылардың көтерген басты бір мәселесі: Қордың жұмысында ашықтық жоқ, тек жалпы статистиканы беруден шектеледі. Сол қаражаттардың қайтарымы көзге түспейді. Қыруар қаржы бөлінетін медұйымдарды қалай таңдайтыны да белгісіз. Салдарынан, дәрігерлері жоқ жалған емханалар қаражат алып жүр. Жұртшылық өз тұрғылықты жері бойынша тіркелген жеке емханалардың диагностика және емдеу жүргізілетініне, тек өзге медициналық ұйымдарға тексерілуге талон таратумен шектелетініне шағымданады.

ЖҮЙЕ АДАМДАРДЫ БОРЫШҚА БАТЫРДЫ

Елімізде медициналық сақтандыру 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілді. Содан бері елдегі медицина іс жүзінде ақыл болды. Сақтандырылмағандар үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) ұсынылғанымен, іс жүзінде емханалар мұндайларды емдеуден бас тартады немесе дұрыс тексермей, ақылы диагностикаға жүгінуге кенес береді.

Сорақысы сол, бұл жүйе азаматтарды борыш батпағына батырып жатыр. Мұның қалай жүзеге асатынының бір мысалын қор мамандарының өздері айтып берді. ӘМСК-ке ай сайын жұмыс істейтін барлық қазақстандықтан екі түрлі алым түседі. Біріншісі — сақтандыру аударымдары: оны жұмыс беруші өз қаражаты есебінен төлейді. 2023 жылы оның мөлшері жалақының 3 пайызын құрайды. Аударымдардың ең жоғары мөлшері 10 ең төменгі жалақының (ЕТЖ) 3 пайызынан аспауы керек. 1 ЕТЖ 70 000 теңге, оның 30 пайызы 21 000 теңгеге тең. Екіншісі — сақтандыру жарналары: ол қызметкер жалақысынан 2 пайыз көлемінде ұсталады. Бұл ретте аударымдардың ең жоғары мөлшері 10 ЕТЖ-ның 2 пайызынан немесе биыл 14 000 теңгеден аспауы тиіс. Осы екеуінің біреуі төленбей қалса, бұл қорға ол азаматты медсақтандырылған статусынан айыру үшін жеткілікті екен. Мәртебесін тартып алудың өзге де схемалары толып жатыр.

«Бір азамат 2022 жылдың тамызында ресми түрде жұмысқа тұрды. Сол кезден бастап, қызметкер үшін бізге төлемнің аталған екі түрі түсе бастады. Содан биыл-

САҚТАНДЫРҒЫЛУ САҚТЫҚТЫҢ КЕПІЛІ ЕМЕС

ғы мамырда ол кісі емханаға дәрігердің қабылдауына барса, мәртебесі сақтандырылмаған екенін біледі. Ол ресми жұмыс істейтінін әрі жұмыс беруші қажет төлемдерді уақытылы аударып тұрғанын айтып, бұл олқылықтың себебін сұрайды. Белгілі болғандай, жұмысқа орналасқанға дейін бұл адам МӘМС жарналарын аударып берген мүлдем төлемеген екен. Ал «МӘМС туралы» заңға сай, азаматтың өткен немесе алдағы 12 айға төлемі болуы шарт», — деп мәлім етті қордың мамандары.

Яғни, азамат бұған дейін мемлекеттік емханаларға бірде-бір рет жүгінбесе де, оның атына автоматты түрде 12 айлық мөлшерде қарыз жазылады. Соны өтемесе, ол қазіргі кезде қанша жерден тұрақты жарна мен аударым аударса да, өзіне тиесілі көмекті ала алмайды. Сонда әділет қайда? Жалпы, мұндай әділетсіздікті басқа ешбір салада таба алмайсыз. Теңдесі жоқ. Мысалы, жас адам жана ғана университетке түссе, одан бір жыл бұрынғы уақыт үшін ақы талап етілмейді. Банктен ипотека алса, бір жылартық төлеуге мәжбүрлемейді.

Қаңтар оқиғаларынан кейін бұл қатаң талап шамалы жұмсартылды. ӘМСК түсіндіруінше, егер азамат жұмысқа ресми түрде орналасып, жарна төлегеніне 10 ай өтсе және емханаға жүгінгісі келсе, онда тағы 2 ай қарызын өтеуі, әр айға кем дегенде 3 000 теңгеден төлеуі қажет (2022 жылы дербес төлеушілер төлейтін жарна көлемі осындай болды). Сонда жалпы саны 12 ай болады. Сақтандырылған мәртебесі төлем жасалған соң үш жұмыс күнінің ішінде беріледі. Бірақ бұл тетіктің де кінәраты бар: ресми жарна мен аударым аударып тұрған адам он айға дейін емханада жөнді көмек ала алмайды.

ТОМОГРАФИЯ ТҮСУ — АЛЫНБАС АСУ

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар да қиын жағдайда қалды. Олар енді өмірінің

сонына дейін әрбір айды қалт жібермей, қорға өз бетінше әрі уақытылы жарна аударып отыруға міндетті. Салтанат Ж. бірінші айына төлем (БЖТ) төлеп, өз ісімен айналысады. Науқастанып, БЖТ-ны төлеу уақытын өткізіп алған. Медсақтандыру жарнасы осы төлемнің құрамына кіретіні мәлім. Өзге адамдар әрине, өткен айдағы жарна қарызын өтеп, сақтандырылған мәртебесін қайтара алады. Алайда бұл тәсіл БЖТ төлеушілерге жарамды: олар өткен айларға төлем жасай алмайды. Себебі салық кодексінің 774-бабына сәйкес, БЖТ төленген кезеңнің соңғы күніне дейін ғана қолданылады. Сонда қайтпек? Жауап біреу: алдын ала төле, қатаң тәртіпке бағын, төлем төлеу уақытын өткізбе! Ендеше халықтың осы қатаң тәртіпті қордан талап етуі де заңды.

«БЖТ төлеушілерге сақтандырылған мәртебесі тек үшінші айда беріледі. Мысалы, 2023 жылдың мамырында төлем жасалса, сақтандырылған мәртебесі шілдеде беріледі. Яғни, мамыр, маусым және шілде айларына БЖТ төлеп шығу керек. Ал тамыз айында төлем жасалмаса, бұл азаматтың мәртебесі «сақтандырылмағанға» өзгереді. Сол себепті БЖТ-ны алдын ала төлеп отыруға абзал», — деп мәлімдеді қор мамандары.

Егер ғылыми зерттеу жүргізілсе, онда ӘМСК қорына осындай тәуелділіктің өзі жұрттың жүйкесін құртып, түрлі ауруға соқтыратыны анықталуы мүмкін.

ӘДІЛДІКТІ ОРНАТУ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАЛАРДАН БАСТАЛҒАНЫ ЖӨН

«Біздің бәріміз бір елдің азаматтарымыз, әрқайсымызда көк төлқұжатымыз бар. Бірақ біздің мүмкіндіктеріміз әртүрлі. Бүгінгі шындық — қала мен ауыл арасындағы өсіп келе жатқан теңсіздік. Ауыл тұрғындары міндетті медициналық сақтандыруды төлейді, бірақ сапалы медициналық қызмет ала алмайды. Бұл мәжбүрлі

қайырымдылық. 2022 жылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында 1 триллион теңге жиналды. Оның 35 пайызын ауыл тұрғындары төледі. Егер мемлекет ауыл тұрғындарына дұрыс медициналық қызмет көрсете алмаса, бұл жарнаны төлеу қаншалықты әділетті?» — дейді Мәжіліс депутаты Айдарбек Қожаназаров.

Бұл проблеманы Мәжілістегі «AMANAT» партиясының депутаттары да бұрыннан көтеріп келеді. Олардың айтуынша, азаматтар медсақтандыру аясында тексерістен тегін өтемін десе, онда бірнеше ай күтуі керек. Өйткені МӘМС аясындағы тегін көмек квотамен қатаң шектелген. Мысалы, бір айға бір емханаға КТ жасауға небары 10 квота, МРТ жасауға тек 5 квота беріледі. Ал ол емханада 20 мың адам тіркелген болуы мүмкін. Егер КТ-ға сұраныс асып түссе, онда қалған пациенттерді дәрігер келесі айларға жазуға мәжбүр. Бірақ кезектегілерге бәрібір квота жетпейді.

Сондықтан науқастың дерті мендеп бара жатқанын білген дәрігер компьютерлік немесе магниттік-резонансты томографияға шұғыл түсу керектігін, бірақ квота жоқтығын айтады. Яғни, тез өту үшін шығын шығаруға тура келетінін меңзейді. Денсаулықтан қымбат ештеңе жоқ. Жұрт амалсыз ақылысына жүгінеді. Осылайша, қазақстандықтардың басым көпшілігіне МӘМС-тен қайыр болмай тұр.

ТҰЙЫҚТАН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ БАР МА?

«Еріксізден ақылы қызметті алуға мәжбүр болғандар: «біз не үшін ай сайын жалақымыздан жарна төлейміз» дейді. Бұл негізінен жасанды проблема. Өйткені ол жүйеде енгізілген қаржыландыру жүйесіне де байланысты болып тұр» деген депутаттар Үкімет басшысы Әлихан

Смайыловқа бірнеше ұсыныс айтты. Біріншіден, квоталаудан және ай сайынғы қаржыландырудан бас тартып, оның орнына көрсетілген қызметтерге фактісі бойынша төлеуді енгізу қажет. Екіншіден, пациенттерге медициналық ұйымды таңдау еркіндігін беру керек. Қолданыстағы емханаларға тіркелу сөз жүзінде ерікті болғанымен, іс жүзінде медициналық ұйымдарға соның жанында орналасқан тұрғын үйлердің тұрғындары ғана тіркеле алады.

Үшіншіден, түсініспеушілікті болдырмау үшін тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі мен медициналық сақтандыру пакеттерін нақтылау керек. Ол болмаған соң, емханалар сақтандырылмаған азаматтарды қабылдаудан ары қарай бас тарта береді.

Төртіншіден, МӘМС миллиардтарын игеретін медициналық ұйымдардың қосып жазуына, яғни сырқаттардың алмаған емін, жасалмаған тексерісті, көрсетілмеген қызметті сырттай жаза салуына тегеурінді тосқауыл қойылғаны жөн. Қордың деректеріне сәйкес, қор тарапынан ақшасы төленген, бірақ шын мәнінде көрсетілмеген медициналық қызметтер өте көп. Қор көрсетілді делінген қызметтердің шамамен тек 10 пайызын тексерген, сонда 52 мың жалған медициналық қызметті анықтады. Егер 100% тексерсе, онда жалған қызмет 500 мыңнан аса ма?

Бесіншіден, ӘМСК қорынан мол қаражат алатын жеке емханалар медициналық қызметтердің көп бөлігін өзі көрсетпей, оған мұқтаж пациенттерді талонмен басқа ұйымдарға жолдайды. Салдарынан, азаматтарымыздың үлкен бөлігін тек жалпы практикалық бейні бар жалғыз дәрігер қабылдайды. Ал анализдер тапсыру, түрлі тексерілуден өту үшін сырқаттар қала аралап, ауданды шарлап, сенделіп жүруге мәжбүр. Мұндай емханалар аймақ түгелі, Астанада да жетерлік. Мәжіліс депутаттары мұны болдырмау үшін басқа ұйымдарға берілетін медициналық қызметтердің шекті көлемін нақты белгілеуді ұсынды.

Ең бастысы, «бір адам — бір жарна» тәртібін, формуласын енгізген жөн. Үкімет пен Парламентке үздіксіз түсіп жатқан шағымдарды қазақстандықтар бір адам үшін оның әртүрлі табыс көзінен жалақысынан қорға жарна аударуға мәжбүрлеу — әділетсіздіктің зоры деп санайды. Егер заңнама өзгертіліп, бір адам үшін бір рет қана жарна алынса, онда МӘМС жүйесіне қарсы бағытталған шағымдардың үлкен бір бөлігі өзектілігін жояй еді. Мұның сыртында халық пен сарапшылар қордың есепшотында бос жатқан қаражатты ақылы негізде емделуі үшін адамдарға қайтару бастамасын көтерді.

Қалаулылар қор қызметі ашық емес деп санайды. Халық өз табысынан ӘМСК қорына қанша қаражат түскенін, олардың қайда және қандай мақсаттарға бағытталғанын нақты білуі керек. Азаматтарға төл электронды денсаулық паспорттарын көруге толық мүмкіндік берілгені жөн. Оны тек дәрігер ғана көре алады. Жалпы, жүйеде мәселе көп. Бірақ оның барлығын шешуге болады. Оның көбісін Мәжіліс депутаттары заңға бастамашы болып, өз бетінше шеше ала бер. Тек құлық болса, құнттаса, халық шағымына құлақ түрсе иті.

Елдос СЕНБАЙ

Жыл сайын ерте көктемнен атыз жағалап, белі бүгіле еңбек ететін еңбекші қауымының қиындығы аз емес. Егінді ысырапсыз жинап алу қарекетімен жүретін диқанды бірінші кезекте су тапшылығы тығырыққа тірейді. Алайда әрбір науқанда кезігетін бұл мәселені еңсеру мүмкін болмай тұр.

Биыл да дария суы жылдағыдан жоғары болды деп бөрікін аспанға атып қуанған диқан қауымының қуанышы ұзаққа бармаған сынайлы. Жаппай егін егу жұмысы қарқын алған сәтте әдеттегідей су тапшылығы бір бүйірден қыса бастады.

Бір ғана Қызылорда облысына қарасты Жаңақорған ауданының диқандары дария суының болмауына байланысты егілген дән құстың жеміне айналып бара жатқанын айтып, дабыл қағып жатыр. Жағдай бұлай жалғаса берсе, берекелі күзде жер-ананың ырзық-несібесінен қағыламыз ба деп қорқалы. Күрішті бастыруға су таппай сергелденге түскен шаруалардың шаралай басы шақшадай болып жүр.

Негізінен, биыл облыста 195,6 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған. Соның ішінде күріштік алқап 83,9 мың гектарға мезеленген. Осы арқылы күріштің көлемін өткен жылға қарағанда 5,3 мың гектарға арттыру көзделген.

Дала төсін дүбірге бөлеген диқан қауымы бұл науқанда тұқым, басқа да қажетті жабдықтармен толық қамтылғанымен, суға бастыру кезінде тағы да су тапшылығына кезігіп отыр.

Бұл тұрғыда Сырдария өзеніндегі су деңгейін бақылайтын сала мамандары егіс алқабына жіберілетін су көлемі толық қамтылғанын, алаңдауға негіз жоқ екенін айтып отыр.

Бұл жайында жуырда Қызылорда облысы әкімдігінде өткен брифингте «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Зейнулла Қазтоғанов мәлімдеген болатын.

«Жалпы, Шардара су қоймасынан жеткілікті деңгейде су келіп жатыр. Қазір қоймада 4 301 млн текше метр су бар. Бұл орайда Шардара су қоймасы мен Көксарай су реттегішінің жұмысы ұдайы бақылауда. Жергілікті атқарушы органдар және су шаруашылығы ұйымдарымен Сырдария өзеніндегі су деңгейіне бақылау жұмыстары тұрақты жүргізіледі», — делі ол.

Негізінен, бүгінде су қоймасына жіберіліп жатқан тіршілік нәрінің көлемі секундына 82,8 текше метрді құрайды екен. Ал төменге секундына — 200 текше метр су жіберіліп жатыр. Сол сияқты Көксарай су реттегішінде 750,56 млн текше метр су көлемі болса, Әйтек су торабынан өзеннің төменгі ағысына жіберілген су көлемі секундына 5 текше метрді құрап отырғанын алға тарттады.

Ал «Қазсушар» РМК тарапынан егілген егісті суармалы сумен қамтамасыз ету бойынша алдын ала су пайдалану жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Бірақ күріш өсіріп отырған шаруашылықтар биыл да мәселе басы ашық күйде қалып отырғанын айтып, ашынып отыр. Сала маман-

Сыр диқандарының Көңілі күпті



дары айтқандай, мол судың игілігін көре алмай отырғанын, еселі еңбектің өтеуі қайтпай тұрғанын жеткізді.

«Егін шаруашылығында мәселе шаш-етектен. Жыл өткен сайын шешімін табар емес. Былтырғы ахуал биыл да қайталанып отыр. Қазір егінжайда вегетация кезеңі

жүріп жатыр. Күрішті суға бастыруда су тапшылығының зардабын тартып отырған шаруашылықтар жетіп артылады. Өзімізге қарасты шаруашылықтар қатарынан бір ғана «Бесарык» серіктестігін алып қарасак, бүгінде қиын кезеңді бастан кешіп отыр. Осы Сырдария ауданына қарасты Бесарык ауылында

500 гектар күріш егіледі. Оны Жаңадария каналы арқылы суарамыз. Алайда судың өз күшімен жеткілікті деңгейде келмеуіне байланысты 9 электрлі су тарту сорғысын іске қосып отырмыз. Егер сорғы болмаса егінжайдағы еселі еңбектің зия кететіні ашы да болса шындық», — дейді бұл жайында «Абай-Дәулет»

ЖШС директорының орынбасары Жасулан Тұрлыбеков.

Сыр диқандарының айтуынша, қыс мезгілінде су мөлшері жеткілікті деңгейде келіп тұрады. Ал көктем, жаз айларында тапшылығы байқалады. Бұл жылда қайталанатын құбылыс. Себебі дария суы көршілес мемлекеттерімен байланысты болғандықтан егін науқанында диқан қауымына үлкен қиындық туалы. Сол себепті де әр шаруашылық шама-шарқынша су айдау сорғысын пайдалануға мәжбүр.

«Жалпы, мұндай қиындықтар егін шаруашылығында бар. Жыл сайын қайталанып отырады. Дәйтұрғанмен, қиындықтар болды екен деп қол қусырып қарап отыра алмаймыз. Қиындықты еңсерудің түрлі жолдарын жасап келеміз. Биыл да жұмыстың ретін келтіріп, күріштік алқабымызды әуірімдеп суға бастырып алдық. Негізінен, жылда қайталанатын мәселені онтайлы шешудің жолдарын қарастыру қажеттілігі туындап тұр», — деп өз ойымен бөлісті тағы бір іргелі шаруашылық «Жан-Арай» ЖШС директоры Бакдәулет Махашов.

Негізінен, күрішшілердің көңілін күпті еткен су мәселесі жылда жырға айналған. Су тапшылығына байланысты күріш көлемін азайтып, суды аз қажет ететін өнімдерді егуге бетбұрыс жасап отырса да, мәселенің азаймай тұрғанын мәлімдеді.

Сондықтан құзырлы орындар тарапынан көрші мемлекеттермен келісімге келіп, су тапшылығын еңсерудің онтайлы жолын тапса деген ұсыныстарын жеткізіп отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Әлемді айтпағанның өзінде соңғы жылдары біздің елімізде де ауыр дертке шалдыққан науқастар мен жазатайым оқиғалардан кейін түрлі жарақат алған жандар көп. Қауіпті дертке душар болған жандардың арасында жарық дүниеге жаңа келген нәрестелер мен жас аналар да бар. Ал осы өмір мен өлім арасында арпалысқа түсіп жатқандарға дер кезінде қан құйылмаса, адам өмірін арашалап қалу қиын.

Жадыра МҮСІЛІМ

ҚҰРТАМЫР ІСПЕТТЕС ОРТАЛЫҚ

Технология мың жерден өзгеріп, медицина қарыштап дамып кетсе де, әлемде қанның орнын алмастыратын ешқандай препарат, дәрі-дәрмек, сұйықтық табылған жоқ. Ол дәріханадан сатып алатын қолжетімді дүние емес. Сондықтан ауырып жатқан науқасқа донорлық қан ауадай қажет. Тек қана дені сау донордың қаны ғана өмірден құрдын үзген жандарға үміт сыйлайтын, тіршілік үшін күреске түсуге күш беретін сиқырлы сұйықтық.

Астана қаласындағы Қан орталығы қан алу және оның компоненттерін дайындау бөлімінің дәрігері Зәуреш Әлменованың айтуынша, қан орталығы қаладағы барлық медициналық мекеменің құртамдыры іспеттес. Өйткені оның қызметіне елордадағы барлық медициналық мекемеге қанды желел әрі тұрақты түрде жеткізуге кіреді.

«Біз үнемі «донор қажет» деп жүрген жерімізде жарнама жасап, шарқ ұрамыз. Себебі қан құятын аурулардың саны жылдан-жылға өсіп келе жатыр. Соңғы кезде ересектер ғана емес, балалар арасында да онкологиялық, тұқым қуалайтын аурулар көптеп кездеседі. Олар бөлек, туабытты қан аурулары бар. Мысалы, кейбір балалардың гемофилия ауруында қандары ұйымайды. Олардың барлығына қан құю керек. Қазір жол-көлік оқиғалары мен түрлі жазатайым оқиғалар да жиілеп кетті. Жарақат алған адамдар көп қан жоғалтқан жағдайда да өмірді сақтап қалу үшін қан қажет. Соңғы уақытта босану бөлмесіндегі аналардың арасында түрлі асқынудан кейін көп мөлшерде қан кетіп жатады. Ондай кезде де орталықтың қаны уақытында жеткізілуі керек болады. Бүгінде қаламызда жоғары мамандандырылған ауруханалар өте көп. Оның ішінде дәрігерлер күн сайын ішкі ағзаларды ауыстыру мен дін жасушаларына ауыр оталар жасайды. Операциялардың барлығы қан құюмен байланысып отырады. Науқасқа бір ағзаны ауыстырғанда 10-12 донордың қаны құйылады. Ал олардың айықпас дерттен арылып, аяқтан тұрып кетуі үшін тек қана дені сау донордың қаны керек», — дейді орталық маманы.

Сол себептен де орталыққа қан тапсыруға келген әрбір донор — нағыз қаһарман.

«Өйткені орталыққа өзінің алтын уақытын қиып, өзі танымайтын адамның өміріне араша болу үшін қан береді. Дені сау донор бір келгенде 450 мл қан тап-

ҚАН ТАТІСЫРУ ДА ҚАҒАРМАНАЫҚ

сырады. Оның берген қаны үш адамның өміріне араша бола алады. Біз 450 мл қаннан үш компонент аламыз», — дейді Зәуреш Елікбайқызы.

КҮНІНЕ ЕКІ МЫҢ АДАМ ШАҚЫРТЫЛАДЫ

Бүгінде орталықтың тұрақты әрі алғашқы донорлары да бар. Алайда қанның сақтау мерзімі шектеулі болғандықтан, донор санын анағұрлым арттыру аса маңызды. Мәселен, қанның қызыл түйіршіктерін сақтау — 42 күн болса, қан жасушаларының жарамдылық мерзімі 5-7 күн. Ал қанның сарысуы -30 градусты 3 жылға дейін сақтауға жарамды. «Қанның сақтау мерзімі шектеулі болғандықтан, біз үнемі жарнама жасап, халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізуге мәжбүрміз. Біздің жарнама тұрақты түрде жүру керек. Соңғы жылдары орталық жұмысын жандалдыруда мемлекет тарапынан көп көмек көрсетіліп жатыр. Былтырдың өзінде ғана Астана қаласы әкімшілігінің қолдауымен көшелер мен қоғамдық орындарда көрнекі жарнамалар ілінді. Аялдама мен алаңқайларда да тұрақты түрде жарнама көрсетілетін болды», — дейді маман.

Алайда оның өзі аздық етіп отырған көрінеді. Себебі, жарнаманы көрген дені сау донорлардың орталыққа келуе уақыты жоқ. Әсіресе, қан тапсыратын жастағы адамдардың барлығы жұмыстан сұрана бергісі келмейді екен. Мысалы, орталық мамандары күніне екі мың адамға қоңырау шалса, оның ішінде 5-10 пайызы ғана донор болады.

Әлгіде айтқандай, орталықтағы донорлық қан ғана емес, қанның құрамдас бөліктеріне де мұқтаж науқастар көп. Айталық, қанның қызыл түйіршіктері мен сарысуы қан ауруларының обьры, ақ қан, лейкоз, пластикалық анемиямен ауыратын науқастарға аса қажет. Кейбір адамдарда қан өндіруші органдар қан түйіршіктерін аз мөлшерде өндіреді, енді біреулерде қанды ұйытатын факторлар жетіспейді. Ондай жағдайда тұтас қанның өзі емес, сарысуы ем болады. Сол секілді асқазан, қалқанша безі, аутоиммундық аурулар, созылмалы пиелонефрит, ағзадағы түрлі паразит болған кезде де қан азайып кетеді. Мұндай жағдайда науқасқа қанның қызыл түйіршіктері құйылады.

Дәл осы тромбоцит алу процесі адамның екі жарым сағатын ұрлайды. Сондықтан сүттен қаймақты айырағанға ұқсас тромбоцит алу процедурасына донор шақыру қиындық тудырады. «Тромбоцит



алу — өте күрделі процесс. Алдымен донорды тіркеп, жалпы қан талдауын жасаймыз. Себебі науқастың өмірі қан түйіршіктерінің сапасына байланысты. Екіншіден, донордың өзінде де тромбоцит мөлшері азайып қалмау керек. Өзімізге қажетті тромбоциттерді алып, қанның қызыл түйіршіктері мен сарысуын донордың өзіне қайтып береміз. Сол себепті донорлардың дені бұл процедураға келгенді күп көрмейді. Дегенмен азаматтық сана-сезімі жоғары донорларымыз да өте көп. Туғаны да, досы да, не әріптесі, не көршісі емес, айдалалағы біреуге бір қоңырау шалғаннан келіп, екі жарым сағатын бөліп, қан тапсыратын донорлардың алдында басымдызды иеміз», — дейді Зәуреш Әлменова.

ДОНОР АТАНУ ДӘРЕЖЕ САНАЛАДЫ

Астана қаласында 23 медициналық мекеме бар. Оның ішінде республикалық және қалалық, сондай-ақ 1-2 жекеменшік диагностикалық аурухана бар. Бүгінде қаладағы қан орталығы осы мекемедегі науқастардың барлығын 100 пайыз қанмен қамтамасыз етіп келеді. «Орталыққа өз еркімен қан тапсыратын донорлардың санын арттыру үшін көп жұмыс атқарылып жатыр. Донорлар тек қана бізге келіп қан тапсырмайды, біз донорларға өзіміз баратын мүмкіндікті де қолға аламыз. Адамдардың уақытын жоғалтпау үшін арнайы құрылғылары бар, толығымен жабдықталған автобуспен кез келген мекеменің алдына ала келісіміз алып, донор күнін өткіземіз. Мұндай күндері біз 70-80 донор табамыз. Ойын-сауық мекемелеріне де шығып 30-40 донор алып

келеміз. Бірақ тапқан 150 донордың 20-25 пайызының қаны әртүрлі себептермен жарамсыз болады. Сол үшін бұрын бармаған мекемелерге де өтініш жазып, донор күнін өткізуге сұранып жатамыз. Өкінішке қарай, көп адамдар донорлықтың не екенін түсінбейді. Мысалы, шетелде әрбір азамат қан тапсырып, донор болуды өзінің парызы деп санайды», — дейді дәрігер.

Тәжірибелік алмасуға барған орталық маманын Сингапур халқының адамгершілік үлгісі қайран қалдырғанға ұқсайды. Оның айтуынша, бұл елдегі жастар қан тапсырғандарын мақтан тұтады екен. Донор атануды дәреже деп санайды. Мәселен, Сингапурде донорлық қан тапсырған адамның кеудесіне төсбелгі беріледі екен. «Қоғамдық орындарда жастар біздегідей қымбат көлігі мен зәулім үйін, сонғы үлгідегі телефонның көрсетіп емес, өздерінің донорлық төсбелгісін көрсетіп мақтанады. Ол адамның кеудесіндегі төсбелгіге қарап, басқалар оның неше рет қан тапсырғанын көре алады. «Мен 40 рет донор болдым», «50 адамның өмірін сақтап қалуға септігім тиді» деп айтуды дәреже санайды», — дейді ол.

Зәуреш Әлменова донор қан тапсырып өзгенің өмірін ғана емес, өз денсаулығы жайлы ақпарат алуға болатынын айтады. Өйткені ешқандай медициналық мекемеде тез арада адамның денсаулығындағы кінәратты анықтауға мүмкіндік жоқ. Ал орталықта донорға 5-10 минуттың ішінде қан арқылы берілетін 4 индетке тегін тексеріс жасалып, бірнеше аурудың денгейі анықталады.

Дәрігердің айтуынша, қан жасушалары +20, +22 градусты сақталатын болғандықтан, қанның ішіндегі қоздырғыш

көбейіп кетуі мүмкін. Сондықтан көбінесе тромбоцитті науқасқа қаннан алған бойда құйылған әлдеқайда тиімді. Ондай мүмкіндік болмағандықтан тромбоцит үнемі қозғалыста болу үшін қазір орталықта ғана емес, елордалағы барлық медициналық мекемеде тромбоциттер қолданысқа енгізілуі керек. Себебі қанның клеткалары өліп қалмау үшін құрылғы үнемі қозғалыста болуы тиіс.

ТЕНДЕСІ ЖОҚ ТЫН ТӘЖІРИБЕ

Орталықтың қызметіне тек қана қан жинау және оны медициналық мекемелерге жеткізуге кірмейді. Донорлық қан алуға оғандық медицинаның үлкен жетістігі — орталық жабық үлгідегі автоматтандырылған жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл саладағы соңғы жаңа технология. Көптеген елдерде қанды екі кезендік скрингтен тексеру тәжірибесі қолға алынбаған. Ал бас қаладағы орталық мамандары қанды екі кезенде тексеруден өткізеді. Екінші жетістік — тромбоцитті науқасқа құятын кезде түрлі вирустан тазартатын тың тәжірибе қолданысқа еніп отыр. Медицинадағы мұндай соңғы ғылыми тәжірибе Бельгия мен Швециядан кейін Қазақстанда, бізден кейін Францияда ғана іске асып отырғаны үлкен абырой екені анық.

«Бұл тәжірибе қауіпті вирустардың таралуына ғана емес, өлімге әкелетін асқынудың алдын алады. Вирустардан тазарту процесі өте күрделі және қымбатқа түседі. Дегенмен мемлекетіміз халықтың денсаулығын көтеру үшін халықаралық стандартта жұмыс істеуге мүмкіндік беріп отыр. Тағы бір айта кетерлігі, қанның құрамдас бөліктері қант диабетінің асқынған ауруларына ем. Мысалы, қант диабеті кезінде науқастың аяғында жазылмайтын жара пайда болады. Уақыт өте келе, инфекция түсіп, оның соңы науқастың аяғын кесуге алып келеді. Осы сұамыр ауруларына көмектесу үшін қаннан еритін факторларға бай плазманы айырып аламыз. Компонентті жараға енгізген кезде жараның аузы қас қағым сөтте жазылады және қант мөлшері азаяды. Бұрын мұндай плазма тек травматология мен косметологияда қолданылатын. Ал қазір дәрігерлер плазманы ашық жараға, буын ауруларына, артроз, артрит ауруларына да енгізіп жатыр. Бұл ғана емес, қанның плазмасы жасанды ұрықтандыруда да кеңінен қолданылып, жылдар бойы сәби сүйе алмай жүргендерге қуаныш сыйлап келеді», — дейді Зәуреш Елікбайқызы.

Орталық мамандары науқастарды инфекциялық және иммуногематологиялық жағынан қауіпсіз қанмен қамтамасыз етудегі тәжірибемен тоқталмақ емес. Сол үшін қазір қан орталығының дәрігерлері ғылыми жұмысты да жандандырып келеді. Сөз соңында «Бізге келетін донор өз ісіне аса жауапкершілікпен қараған жөн» делі маман. Дені сау донор арқашан салауатты өмір салтын ұстануды үйрену керек. Өйтпесе, донор болу — кез келген адамға бұйырмайтын бақ. Өзгенің өмірін ұзартып, басқаға бақыт сыйлауды азаматтық парызы деп білетіндер үшін бұл да бір үлкен абырой.



САБИДІҢ БАРІ БАҚЫТҚА ЛАЙЫҚТЫ

Халықаралық балалар күнінде Астанадағы мамандандырылған балалар үйі қос мерекені қатар атап өтті. Бұл күні ата-аналарның қамқорлығынсыз қалғандарға пана болып келе жатқан балалар үйінің құрылғанына 90 жыл толды.

Шара барысында балалар үйінің тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің қатысуымен «Бала күлкісі — әлемнің көркі» мерекелік театрландырылған қойылымы көрсетілді. Сондай-ақ 1 жасқа толған қос бүлдіршіннің тұсауы кесілді.

Негізінен Астана қаласы әкімдігінің мамандандырылған балалар үйі 1933 жылы ашылған. Мұнда туғаннан бастап төрт жасқа дейінгі жетім балаларға,

ақыл-ой және дене дамуында кемістігі барлар, (Даун синдромы, церебралды сал ауруы, аутизм спектрінің бұзылуы, сөйлеу дамуының кешігуі бар балаларға) кешенді медициналық көмек көрсетіледі. Шараның ашылу салтанатында мамандандырылған балалар үйінің басшысы Татьяна Цецоева арнайы құттықтау сөз сөйледі. Өз сөзінде орталық басшысы мұнда тәрбиеленген балалар және олардың тәрбиешілері жайында сөз қозғады.

Жыл басынан бері балалар үйінен 146 бала шығарылды. Олардың ішінде 8 баланы асырап алса, 17 бала қамқоршылыққа берілді. 36 бала отбасыларына қайтарылды.

Мерекелік шарада бүлдіршіндерге арнап, саяхатшы Дара

секілді қойылымдар көрсетілді. Балалар қонақтарға мерекелік концерт қойып берді. Шараға Мәжіліс депутаты Қарақат Әбден, Астана қаласы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Тимур Мұратов қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Балаларға сыйлықтар сыйлады.

Кувейттің Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Омар Ахмедж Мұхаммед Мурад Әл-Кандари мырза жұбайымен балалар үйінің егіз тәрбиеленушісінің тұсауын кесті. Сонымен қатар «AMANAT» партиясының Астана қаласындағы «Өркениет» бастауыш партия ұйымының жетекшісі Мария Мухтарова да жылы лебізін білдіріп, құттықтады. Белгілі эстрада әншісі Қарақат Әбдідинаәннен шашу шашты.

«PHENOMENAL KIDS» ҰСЫНААДЫ



Бүгінде балалар көгілдір экрандағы ойын-сауыққа құмар. Өкініштісі, балаларға арналған отандық контенттің аздығынан кішкентай көрермендер шетелдік анимациялық туындыларды құмарта тамашалауға мәжбүр. Енді кезекте бұл оқлықтың орнын «Phenomenal kids» жобасы толықтырады. Жоба мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілінде танымдық тәрбие беруді көздейді.

Phenomenal kids жобасында қазақша ертегілер, бесік жырылары, әр түрлі баланың танымын арттыруға арналған жаттығулар, бейнежазбалар бар. Жобаның авторы — продюсер Азат Әбікен. Анимациялық туындыларды дыбыстауға Дәурен Серғазин, Данияр Алшинов, Динара Сәтжан, Евгений Чебатков, Қарақат Әбідина, Луина, Марсел сияқты танымал әншілер мен әртістер тартылған.

— Бұл алғашқы маусым. Келесі екінші маусымды жана жылға жоспарлап отырмыз. Бұны барлық платформада тындап,

көруге болады. Соның ішінде YouTube желісінде қолдануға мүмкіндік бар. Әлеуметтік желіден Phenomenal kids деп теріп, тауып алып, тегін тамашалауға болады. Бұл — осы топтың атынан Қазақстан балаларына сыйлық, — делі жоба авторы Азат Әбікен.

Ал сценарий авторы Нәзира Мұратованың айтуынша, ертегілер балаларды қаржылық сауаттылыққа үйретіп, жеке шекараларын қорғауға баулиды.

Біздің ертегілеріміз сүйсіпеншілікке, сезімталдыққа, өзара сыйластыққа үйретеді. Қаржылық сауаттылық пен баланың

жеке шекарасы жайында айтатынын оқиғалар да бар. Ертегінің біреуі бала жүрегінен орын алатын болса, бұл біз үшін жеңіс. Шығармалардың барлығы ана, автор ретінде сүйсіпеншілікпен жазылған, — дейді сценарий авторы Нәзира Мұратова.

Ал балалар контентінде көп жылдық тәжірибесі бар, атап айтқанда, бұрын «Балапан» телеарнасының басқарған журналист Ләйла Сұлтанқызы да жобаның жарыққа шығатынына қолдау білдіріп, құттықтады.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ



Қалқаман САРИН,
ақын:

Ақын, Өскемен қаласы Мәдениет, ішкі саясат және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Қалқаман Сарин жуырда Моңғолияның Баян-Өлгей аймағына сапарлап қайтты. Сапар Оралхан Бөкей атындағы кітапхана мен Ақтан Бабиұлы атындағы кітапхана арасындағы әріптестік байланыс негізінде өрбіген еді. «Бектері боз жусан аңқыған Бекентаудың баурайы мен Қобда өзенінің жағасындағы көркем Өлгей қаласына, байырғы Баян-Өлгей аймағына» сапарлап барып, жырымен сый жасап, құрметке бөленіп, алғысқа кенелген ақынға бірер сауал қойған едік.

Құшағы ашық, кеңпейіл қазақ жұртың көрдім

— Қалқаман мырза, Өскеменнен Өлгейге сапарлап қайтқаныңыздан хабарымыз бар. Бұл сапар Оралхан Бөкей атындағы кітапхана мен Баян-Өлгей аймағындағы Ақтан Бабиұлы атындағы орталық кітапхана арасындағы әріптестік байланыстың аясында өрбігені белгілі. Өлгейдегі кітапхана қоржыны қазақша кітаптармен толықты ма?

— Оралхан Бөкей атындағы кітапхана Моңғолияның Баян-Өлгей аймағындағы Ақтан Бабиұлы атындағы орталық кітапханамен әріптестік ынтымақтастықта жұмыс істеп келе жатқанына бірнеше жыл болды. Соның бір парасы, өткен жылдың қараша айында Моңғолиядағы әріптестеріміз іссапармен Оралхан Бөкей атындағы кітапханаға келді. Осы кездесу барысында әріптестеріміз моңғол еліндегі қандастарымыздың қазақ әдебиетіне зәру екендіктерін жеткізген еді. Олардың өтініші бойынша О.Бөкей кітапханасының әкімшілігі еліміздегі бірқатар кітап баспаларына шалғайдағы ағайынға әдеби кітаптармен көмектесу туралы өтініштерін жолдады. Соның нәтижесінде 7 баспадан 500-ге жуық әдеби кітаптар мен мектеп оқулықтары жиналды. Жиналған кітаптарды Наурыз мейрамына орай алыстағы ағайынға жолдадық.

— Сапар қалай өрбіді? Өлгейлік қандастардың жай-күйімен таныстыңыздар ма?

— Сапар көптен жоспарланған еді. Тек реті осылай келді. Ақтан Бабиұлы атындағы Баян-Өлгей аймақтық кітапханасының директоры Алтынгүл Дәлелқызы арнайы хабар беріп, «Өлгейдегі оқырман қауыммен жолығып кетініз» деп шақырған болатын. Сапар бастамасы солдай басталды. Бұрын Баян-Өлгейде тұған, қазір Өскеменде тұратын азаматтардың жол бастауымен екі-үш күндік сапарымыз сәтті болды.

Өлгейдегі қандастардың жай-күйі жаман емес екен. Мал шаруашылығымен көптеп айналысатындығы байқалды. Сонымен бірге заманауи қала құрылымы да жақсы дамыған. Қандастардың көңіл күйі биік, ұлттық мәдениетке деген ынтымақ жоғары екен. Қазақ тілі, мәдениеті, салт-санасы жақсы сақталыпты.

Барлығы атажұрттағы жаңалықтардан мол хабарлар екендігі көрініп тұрды. Қазақстан ұлттық арнасы бастаған телеарналар көрсетеді екен. Құшағы ашық, кенпейілді қазақ жұртың көрдік.

— Қазір Баян-Өлгей аймағында қанша қазақ тұрып жатыр? Олардың елге оралғысы келе ме?

— Білуімізше, қазіргі уақытта Баян-Өлгей аймағында 100 мыңның үстінде қазақ тұрады. Көзге көрінер, көңілге қаяу салар ешқандай түйткіл байқамдық. Дегенмен мектеп, оқу, білім саласында тіл мәселесі енді туындай бастаған секілді. Кездесіп кенескендердің сөзінен соны аңғардым.

Биылғы қыс пен көктем ауа райы Моңғолия үшін қолайсыз болып, мал шаруашылығына жайсыз тиіпті. Сондықтан малшы қауым арасынан жөне қалалы жерден атамекенге қоныс аударушылар көп дегенді естідім. Жалпы, олардың қазақ еліне деген ықыласы, ниеті, сағынышы айрықша екендігі көрініп тұрады.

Қазақстаннан оқыған жастар келіп, еңбек істеген қандастарымыз көп екен. Жалпы, екі ел арасындағы байланыс жақсы дамыпты. Барыс-келіс те көп сияқты.

— Моңғолия ақын-жазушыларымен сырласып, сұхбаттасып қайттыңыз. Не көрдіңіз, не естідіңіз?

— Моңғолия қазақ әдебиеті ежелден іргесі бекіген, қазақ әдебиетінің бір бүрлі бұтағы ретінде дамып келе жатқандығынан хабардар едік. Бұл



Биылғы қыс пен көктем ауа райы Моңғолия үшін қолайсыз болып, мал шаруашылығына жайсыз тиіпті. Сондықтан малшы қауым арасынан жөне қалалы жерден атамекенге қоныс аударушылар көп дегенді естідім. Жалпы, олардың қазақ еліне деген ықыласы, ниеті, сағынышы айрықша екендігі көрініп тұрады.

жолғы сапарымызда жас қаламгерлермен жүздесіп жөне аға буын өкілдерімен де сұхбаттастық. Барлығының көкейінде ұлттық руханияттың көсегесін көгертсек, шеттегі қазақ тілін, ділін, руханиятын, мәдениетін ұмытпаса екен деген ұлы арман жатқандығын байқадық. Олар да жыл сайын қазақ тілінде кітаптарын шығарып, шетте жүрсе де қазақ әдебиетін насихаттап жүр екен. Қазақстандағы әдеби жаңалықтардан да құр қалмайды. Еліміздегі басылмаларда, сайттарда шығармалары жарияланып жатыр. Қысқасы, екі ел арасындағы қазақтарда әдебиет, мәдениет саласында еш күрмеуі қиын сұрақ жоқ десек те болады.

— Алыстағы ағайын елдегі ақын-жазушылардың шығармаларынан хабарлар ма? Кімді оқиды, кімнің шығармаларымен етене таныс екен?

— Моңғол еліндегі ағайындар қазақ әдебиетімен ежелден етене таныс десем артық айтқандық емес. Өйткені сонау Кенес заманынан бастап, қазақ жазушылары мен ақындарының шығармалары бұл елге тоқтаусыз келіп тұрыпты. «Жұлдыз» журналын сол кездері әр үй жазылып оқып тұрдық» дейді. Ал Тәуелсіздік жылдарында да әдеби байланыс тіпті жаңа қарқынмен дами түскеніне куәміз. Қазір ол жақта қазақ тіліндегі шығармалар аз емес. Жүргіншілер арқылы жөне басқа жолдармен барып жатса керек. Біз де кітапханаларына өз жолымызбен біраз кітап бергенімізді айтып өттім. Моңғолиядағы қазақтар қазақ әдебиетіндегі шығармалардың барлығын жастанып оқиды екен. Ақтан Бабиұлы кітапханасы да қазақ кітаптарына толып тұрғанын көрдім. Жалпы, ол жақтағы қазақтың кітап оқуға деген ерекше ықыласын байқадым.

— Өскеменге кеткелі әдеби әлемнен алыстап кеткен секілдісіз. Әлде біз қателесеміз бе?

— Иә, қателесіп отырған сияқтысыз... Әдеби ортадан алыстағаныммен, әдебиеттен алыстадым деп ойламаймын. Рас, әдеби ортаға деген құштарлық жас кезімізде болды. Енді аптығымыз басылып, ақылымыз тоқтаған шақта алыстау жүргеніміз де дұрыс сияқты.

— Ақынға шенеунік болған шығармашылыққа келергі емес пе?

— Осы күндемі оң ел алғаш мемлекеттік қызметке келгенде өзімің де көкейімде тұрды. «Егер, өлеңнен қол үзіп қалсам, бұл қызметпен көп ұзамай қоштасам» деп серт еткен ем...

Әзірге келергісі жоқ сияқты. Керісінше, ең жақсы өлеңдерімді осы уақытта жазып жүргендеймін!..

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

Биыл ғұлама ғалым, ақын, фольклортанушы, Алаштың әйгілі перзенті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 165 жыл толып отыр. Тұтас бір тарихи-әдеби дәуірдің идеялық-көркемдік бейнесін жан-жақты сомдаған бабамыздың рухани дүниесі – әр қазақ үшін құнды мұра. Осыған орай, саяси қуғын-сүргін жөне ашаршылық құрбандарын еске алу күні аясында «Адам Жүсіпті «Мәшһүр» қылған адамдық жол...» атты симпозиум өтті. Симпозиумда 5 томдық жинақтың тұсауы кесілді.



МӘШҺҮР МҰРАСЫ ЖАҢҒЫРДЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының жаңа жинағы «Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, меценат Нұркен Асановтың бастамасымен құрастырылды. Тұсаукесер рөсіміне Президент кеңесшісі, академик Бауыржан Омаров, бас мүфти Наурызбай Тағанұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негімов, ғалым, елші Әділ Ахметов, Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы, Ақпарат жөне қоғамдық даму министрінің кеңесшісі Ербол Алшынбай жөне Қайрат Жолдыбаев қатысты. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұрпақтары да атаулы шарада бой көрсетті. Шараның ерекшелігі, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 5 томдығы 100 мектеп пен 100 жоғары оқу орнына, 100 кітапханаға тегін таратылады. Бұл – мәтіндік тұрғыдан мамандар пысықтаған басылым. Тұсаукесерге Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Ақпарат жөне қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі құттықтау жолдады. Кешті «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы жүргізіп отырды. «Қазір бәріміз ата-анамыз. Қоғамға жауаптымыз. Қоғам мен билікті, ата-аналар мен ғылыми орталықтар арасын байланыстыратын алтын көпір – осындай қоғамдық бірлестіктер. «Сенімен Болашақ» Алаш қайраткерлері мұрасын ата-аналарға лайықтап шығарғанын білеміз. Әлемдік деңгейдегі педагогтерді шығарып келе жатыр. Бүгінгі бес томдық та халық шөлдеп отырған еңбектер қатарында», – деп атап өтті ол.

М.Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институтының ғылыми қызметкері Төрәлі Қыдырды айтуынша, 5 томдық кітаптың бірінші томына ақынның діни өлеңдері енгізілген. Қанағат туралы жұмбақ өлең, ишарат, аңыз өлеңдер немесе руаяттар, «Пайғамбардың соңғы тілегі», «Мәшһүрдің өзін таныстыруы», «Бес парыз», «Жеті жетім», «Иман шарттары» сынды басқа да өлеңдер топтастырылған. Ал екінші томында «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Аңқау адам туралы», «Кедейліктің арқаны», «Жігіт назы», «Наурыз тілегі», «Анама хат» секілді тағы басқа поэзиялық шығармалар. Үшінші том діни өлеңдер мен діни дастандардан тұрады. «Ібіліс шайтан хикаяты», «Ақыреттің егіні», «Опасыз әйел», «Ораза туралы» сынды туындылар бар. Төртінші томына жетпіс баптан тұратын ғибратты өлеңдер кірген. Мұнда әлем жаратылысынан бастап, жер-көктің тағы басқа құбылыстардың баяны жырланған. Ақын осы жетпіс бапта дәстүрлі дін дүниетанымын толық ашып берген. Мысал өлеңдері мен айтыстары бесінші томға топтасқан. «Жантемір қажы», «Шонтыбай қажы», «Гүлшат-Шеризат» сынды дастандары мен Мәшһүр Жүсіп пен Ғалым Күзембайұлының айтысы, Мәшһүр Жүсіптің Шабдар атпен айтысқаны, «Күйеу Мағзұм мен аруақтар», тағы басқа айтыстардан құралған.

— «Сенімен Болашақ» республикалық ата-ана қоғам бірлестігінің міндеті – ой айтып емес, ояту. Ойды Абай да, Шәкәрім де, Мәшһүр де айтып келе жатыр. Бірақ бұл қазақтың өзегіне оранып, өзін тапқырлық болып алып ұрпаққа ең үлкен мұра деп білеміз. Ал бүгінгі кітаптың мақсаты – жүз мектеп, жүз мешіт, жүз университет, жүз кітапханаға тегін тарату. Академиялық тұрғыдан балада, көріде оқи алатын түсінікті тілде берілген кітап болып жарық көрді, – дейді Нұркен Асанов.

Тұтас бір тарихи-әдеби дәуірдің идеялық-көркемдік бейнесін жан-жақты сомдаған Мәшһүр Жүсіп бабамыздың рухани дүниесі әр қазақ үшін құнды мұра деп есептейміз. Қазақ елі үлкен жаңалық қана емес рухани серпіліс деп айтсақта артық емес.



— Мұрасын қанша рет басып шығарсаң да, сан рет зерттесең де артық етпейтін тұлғар болады. Сондай тұғыры биік тұлғаларымыз әдебиетімізде де, руханиятымызда да өшпес із қалдырған алыптарымыздың бірі – Мәшһүр Жүсіп. Бүгін сол руханиятымыздың қазынасына тағы бір үлкен еңбек қосылды. Ғылыми тұрғыдан сараланған, жаңарған, текстологиясын түзетілген. Былай алып қарасақ жиырма томдығы, талдамалар жинағы көп шығып жатқан сияқты. Ал біз зерттеп қарасақ, Мәшһүр Жүсіптің тұлғалық дәрежесінде осы шығармалардың әлі де аз екенін байқалдық. Біріншіден, Мәшһүр Жүсіптің шығармалары бәріне бірдей түсіну қиын. Діни, рухани, әдеби болсын жеттік менгерген адамдар ғана түсіне алады. Екіншіден, кітаптың ішінде діни мәтіндер көп, соны түсіндіру үшін шығыстанушылар, дінтанушылардың қатысуынсыз бұл мұраның жарыққа шығару қиын болар еді. Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп ұрпақтарының ішінде әдебиетшілер, фольклортанушылар, басқа да тарихшылар көп. Бәрінің ғылыми атағы бар. Бәрі бірігіп, бір ғылыми орталығын құралатын азаматтар. Біз кейде осы мұраны Мәшһүр Жүсіптің ұрпақтарының ғана дүниесі ретінде санаймыз. Сол көзқарастан арылып барлық қазақтың ортақ дүниесі ретінде қарағанымыздың нәтижесінде бұл кітаптар жарыққа шықты, – дейді Бауыржан Омарұлы.

Рухани іс-шараның соңында «Сенімен Болашақ» қоғамдық бірлестіктің қаржыландыруымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әр сөзін видео ролик етіп, жастар арасына жариялап байқау ұйымдастырылған. Сол жарыста жоғары нәтиже көрсеткен үш жеңімпазға марапат табыстады. Бірінші орынды Павлодар қаласы Заря ауылының тұрғыны Нұрқат Сәрсенбайұлы еншілесі, екінші орынды Қызылорда облысы Қазалы ауданының Қожанақы ауылының тұрғыны Раушанбек Айбекұлы жеңіп алды. Ал үшінші орынды Сәтбаев қаласының тұрғыны Мадияр Маратұлына иеленді. «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес мінезден» деп Алаш арыстары бекер айтпаса керек. Ұлт мүддесін бірінші орынға қойып өткен ғасырда цинизмге ұшыраған, талай бұрмалауға түскен көне мұрамызды жаңартып басып, еліміздің әр өңіріне тегін тарату деген халық үшін игі іс. Баспа шығынын көтеріп демеушілік көрсеткен «Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігіне жөне бес томдықты құрастырып баспадан шығуына көмектескен М.Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институтының ғылыми мамандары Төрәлі Қыдыр, Алмас Оралбек, Жанат Салтақова, Насихат Мүрсәлімова, Кәмшат Мұстафаевалардың еңбегін атап өткен жөн.

Айкүміс ЕСЕЛХАН,
ЕҰУ студенті



Аяқастынан
Еуропаға сапар шектік.
М.Әуезовтің 125 жылдық
мерейтойы өтіп жатқан кез.
Осындай бір шақта Алматыда
28 қыркүйекте ұлы жазушыға
арналған үлкен жиын болды.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің
ректоры Дария Қожамжарова
бас болып, бұл басқосуға
тайлы-таяғымыз қалмай
біз де жеттік.

Лейдендегі

ӘУЕЗОВ САЛТАНАТЫ

Жұрт жиынға төрткүл дүниеден келіпті десек, артық айтқандық емес. Еуропадан Зифа-Алуа Әуезова келеді дегенді естігенбіз. О кісімен бұған дейін жүзбе-жүз кездеспегенбіз. Конференция өтетін Құрманғазы көшесіндегі «Достық» үйінің алдына ертерек келіп тұрғанбыз.

Бір кезде ғимарат ауласына Зифа-Алуа ханым кіріп келді. Ол кісі бізді алыстан танып, жылы шырай танытты. Бұрын тек әлеуметтік желі арқылы таныс едік. Зифа-Алуамен суретке түсіп жатқанымызда шараға қатысу үшін Мұрат Әуезов хәм Диар Қонаев кіріп келе жатты. Ол кісілермен де шұқырасып табыстық. Мұрат Әуезовпен университет тапсырмасымен арнайы іздеп келіп, 2018 жылы жүздескен едім...

Енді, міне сол кісілермен ұлы Мұханның мерейтойы үстінде жолықтық. Жиында мәскеулік баспагер жазушы Г.Пряхин сөйлеп отырып, кемсендеп жылап та алды. Ташкенттен келген Қалдыбек Сейданов М.Әуезов мұрасын Орталық Азия әдебиетімен байланыстыра біраз жерге барды. Әзер тоқтады. Санкт-Петербурдан ат арылтып, Наталья Ашимбаева апамыз жетіпті. Петербург шаһарындағы М.Достоевский музейінің бірдей директоры екен. Атақты орыс жазушысының музейі туралы көсіле, төгіле сөйледі. Ал Зифа-Алуа Әуезова ханым ғалымға тән дегдарлық қасиетін көрсетіп, бұл конференцияға нақты тың ғылыми баяндама әзірлеп келіпті. Ондағысы М.Әуезовтің өзі өмір сүріп жатқан Нидерланд елімен байланыстырып сөйледі. Қандай байланыс бар екен десек, М.Әуезовтің «Абай жолы» романында Нидерланд елінің Лейден шаһары туралы айтылатын жері бар екен. Міне, қызық. Біз бұны бұрын байқамағанбыз. Байқасақ та байыбынча бармағанбыз. «Абай жолы» энциклопедиялық туынды деп бекерге айтылмайды-ау, сірә. «Абай жолы» роман-эпопеясының екінші томын-



Жиын барысында «М.Әуезов. Қырғыздың батырлық эпосы «Манас», «Америка әсерлері» хәм біздің «М.Әуезовтің Оңтүстікке сапары» кітабымыздың тұсауы кесілді. Кітаптардың тұсауын Мұрат Әуезов, Зифа-Алуа Әуезова және Диар Қонаев кесті. Мен «Әуезов хәм Абай» тақырыбында баяндама жасадым.

М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Дария Қожамжаровамен тілдескен Зифа-Алуа Мұратқызы бізді Нидерландта өтетін М.Әуезовке арналған конференцияға шақырды.

Содан көп кешікпей бізге сонау Нидерланд елінен шақырту келді. Шақырылғандар ішінде біз де бармыз. Біз дегенім — өзім хәм шөкіртім Әзімхан Исабек.

Нидерланд Корольдігінің Лейден университеті хәм Қазақстан елшілігінің ұйымдастыруымен өтетін М.Әуезовтің 125 жылдығына арналған халықаралық конференцияны Зифа-Алуа Әуезова мен оның жұбайы Роберт Эрмес ұйымдастырды. Тегінде бұл ел Голландия емес, Нидерланд аталады екен. Әуежайға қонғаннан бастап Нидерланд дамыған ел екенін аңғарып үлгердік. Технология жөнінен көрші Германиямен бәсекелес көрінеді. Инфрақұрылым бойынша ешкімге дес бермейді. Ауыл шаруашылығы да жақсы дамыған.

Әуежайдан шыққан соң бір сағатқа жетер-жетпес уақытта зыркырап Лейден шаһарына жеттік. Келе Ibis Hotels қонақүйіне жайғастық. Қаланың кіреберісіне орналасқан екен. Терезеден Лейден шаһарының кереметіне тамсанумен болдық.

Велосипед мінген адамның көп болғаны бірден көзге түсті. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін бәрінің тақымында бір велосипед. Кейін машина айдағаннан велосипед мінген адам құрметті екенін естіп, білдік. Машина жүргізуші велосипедшіге жол береді екен. Жолдың шетінде емес, қас ортасында кен, қызылжолықты велосипед жолы жатыр.

Шаһарды қалай бәрі Ескі Рейн өзені ағады. Лейден тұтас орта ғасыр қаласы іспеттес. Аспан астындағы мұражай сияқты. Көшеде жүрген машиналар мен адамдардың киген

киімі ғана қазір XXI ғасыр екенін еске түсіреді. Қала іші толған каналдар. Онда әртүрлі қайық көп. Лейденде атақты суретші Рембранд тұған. Оның туған жерінде болдық. Рембранд — нидерландықтардың ұлттық мақтанышы.

Осында елдегі ең ескі университет Лейден университеті бар. Ол ең ескі ғана емес, Нидерландтағы ең озық оқу орны. 1575 жылы құрылған. Атақты философ Рене Декарт осы университетті бітірген. Университеттің корпусы көп екен. Бірнешеуінде болдық.

Біздің конференция да осы университеттің қолдауымен өтті. Бұнда айналдырған төрт күн болдық. Бірінші күні Лейден шаһарын аралауға арнадық. Екінші күні Амстердам қаласына сапар шектік. Амстердам қаласындағы саяхатта Зифа-Алуа Мұратқызының өзі гид болды. Ол кісі айтудан, біз тыңдаудан жалықпадық. Бүкіл Нидерландтың тарихын біледі екен. Тіпті, әр ғимарат, көше, мұражай, ескерткіштің тарихын егжей-тегжей майын тамызып айтады.

Амстердамда атақты Рейксмузейді араладық. Бұл музейді Наполеон Бонапарт құрған. Музейде ортағасырлық атақты голланд суретшілерінің еңбегі қойылған. Ян

бар болғаны 8 саны жарық көрген. Мұхтар Әуезов «Шолпанның» белді авторының бірі болды. Жазушының «Қазақтың қалам қайраткерлеріне (ашық хат)», «Қыр суреттері» (әңгіме), «Қызыл сұңқарлар» (әдеби сын), «Оқыған азамат» (әңгіме), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи әдеби сын)», «Қыр әңгімелері» (әңгіме), «Заман еркесі» (роман) сияқты туындылары жарияланған. Журналда М.Әуезов Жаяу Сал, Қоңыр деген лақап аттар пайдаланған екен.

Жазушы «Қазақтың қалам қайраткерлеріне (ашық хат)» атты еңбегінде: «...жазушының міндеті: ел неге қызығады, нені көксейді, қандай рухы бар, соны ұғып алу, хәм соған лайықтап сөзін жазу» дейді.

Сөз сөйлеп болған соң елшіге «М.Әуезовтің Оңтүстікке сапары» және «Елдік сұлбасы немесе ұлттық рух жайлы толғаныс» атты кітаптарымды сыйға тарттым.

Конференциядан соң Гаага қаласына аттандық. Мұнда бізді елші қабылдайды. Лейденмен қош айтысып, жолға шықтық.

Гаага біз көрген үшінші қала. Бұл жерде де сол пейзаж, архитектура. Бірақ бәрібір өзіндік ерекшелігі бар.

Тобымызды Диар Қонаев ағамыз бастап жүрді. Осы ағамның қарапайымдылығына таңғалумен келемін. Байқағаным, ол кісі атасы Дінмұхаммед Қонаевқа қатты ұқсайды екен. Сырт пішімі мен мінез-құлқына дейін атасынан аумай қалыпты.

Делегация Гааганың орталық тарихи орындарын араладық. Кароль резиденциясында болдық. Алдында Вильгелм I Оранскийге орнатылған зәулім ескерткіш. Атка мініп шіреніп тұрған шерініз. Оранский — қазіргі Нидерланд елінің іргетасын қалаған тұлға. Елі үшін құрбан болған жан. Ол қайтыс болар кезінде: «О. Құдай! Өзімді хәм бейбәк елімді мейіріміне ала гөр» деп айтқан екен. Оны католик фанаты атып өлтірген. Жұрт мапаздап «Ел әкесі» дейді. Нидерланд елінің бірінші штатгалтері. Штатгалтер — әкім, губернатор деген сөз. 1581 жылы Оранский испандық габсбургтер династиясынан өз тәуелсіздігін жариялаған. Қазіргі Нидерланд королі Виллем Оранский (1967 жылы туған) осы Оранский династиясынан.

Диар ағамыз бізді Гаагадағы ДБҰ-ның сот үйі көрейік» деп жатыр. Оны да көрдік. Сынаумен сынау зәулім үй екен. Бұл үй Бейбітшілік үйі деп аталады. Шаһардағы ең көп суретке түсетін жер. Жалпы, Гаага Нидерландтың іс жүзіндегі астанасы. Өйткені үкімет, король, парламент бәрі осында. Қағаз жүзінде астана — Амстердам. Содан кері қайттық. Сөйтіп, арнайы көлікке мініп, елшілікке бет алдық. Гаага қаласы теңіз жағасында орналасқан. Солтүстік теңіз. Елшілік үйі теңізге тіпті жақын екен. Соны біліп, елшілікке кірмес бұрын теңіз жағалауын көре кетейік деп шештік. Келдік. Міне, керемет. Алдымызда ұшықыры жоқ теңіз жатыр. Аспанмен астасқан алып су. Жағалаудың бәрі қалың қоңырқай сарғыш құмға оранған. Адам іздері ай бетіндегі кратерлердей ойдым-ойдым болып жатыр. Оны майда толқынды сүттей ақшыл қою теңіз суы аймалайды. Жағаға жеткен жұмсақ, жайбарақат толқын көпіршіктеніп барып бітеді. Даусы қандай ғажап. Ол біресе ысылдайды, біресе шуылдайды, біресе сыбырайды. Солтүстік теңіз қарсы бетте Солтүстік Мұзды мұхитқа, сол жаққа қарай Лан-Манш бұғазы арқылы Атлант мұхитына ұласады. Есіме түсті. Осы сапарда біз бес теңізді басып өтіппіз. Арал, Каспий, Кара, Жерорта хәм Солтүстік. Құдайға шүкірі! Биыл сонау Абай елінен басталған сапар, міне Рембранд еліне дейін қанатын жайды.

Елшілік теңізге жақын жайлы, әдемі көшеде орналасқан екен. Екі қабатты коттеджде Қазақстан Туы желбіреп тұр. Көзге оттай басылды. Ішке ендік. Кіреберіске қонақтың бәрі жиылып қалыпты. Қазір елші келеді деп күтіп тұр екен. Кездесу басталды. Елшіміз Аскар Жұмағалиев бәрімізге сәлем айтты. Әкіресе, Жәнель Робертқызының сызылтып салған «Көзімнің қарасы» әні елге деген сәлем хаттай болды. Біздің кетер уақытымыз да тақалды. Қимай қоштастық. Амстердамдағы әуежайға жетуіміз керек енді.

Ақжол ҚАЛШАБЕК,
«Мұхтартану»
зерттеу орталығының
аға ғылыми қызметкері

“Келесі күні негізгі іс-шара басталды. Конференция Лейденнің ескі шаһар жағында бір мейрамхана ішінде болады екен. Біз ойлағандай даңғарадай үлкен зал, ығы-жығы адам жоқ. Шағын зал жиырма шақты адам. Модератор — Роберт Эрмес. Р.Эрмес М.Әуезовтің құрметіне арналған ғылыми конференция туралы шағын ақпарат беріп, кіріспе сөз сөйледі. Ол кісі қазақ тілінде сөйледі. Роберт мырзаның конференцияны ұйымдастыруда еңбегі зор.”

дағы «Асуда» атты тарауында: Баймағамбеттің «Черный Век — Марта» романын хикая етіп, сөйлеп келе жатқаны суреттеледі. Романдағы оқиға Лейден шаһарында болған екен.

Зифа-Алуа ерінбей, тәптіштей сөйледі. Баймағамбет айтқан қатал инквизация соты өтетін алаңда біз болдық. Ол шынында Лейден қаласындағы Әулие Петр шіркеуінің жанында екен. Алаң жанында жазаланып жатқандарды көріп отыратын торлы терезелер бар. Бұл роман ортағасырлардағы католик шіркеуі мен протестанттардың діни егесі туралы жазылған. Католик хәм протестант болып бөліну Нидерландта қазір де бар екен.

Зифа-Алуа Мұратқызы сол жиынға дейін Қазақстанның Нидерланд Корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі Аскар Жұмағалиевпен кездесіп, М.Әуезов жайлы сұхбат құрған. Әңгіме арасында жазушының «Абай жолы» романында Лейден қаласы туралы айтылғаны жайлы мәлімет келтіреді. Бұны естіген елші таңғалып, «онда біз Лейден шаһарында жазушы туралы бір іс-шара өткізейік» деп қолқа салады. Сөйтіп, ақыры екі жақ Лейден университетінің атымен конференция өткізбек болып келіседі. Яғни, Еуропа төрінде өтпек болған конференцияға М.Әуезовтің романындағы бір-екі жол себеп болған.

Қазақ пен якут халықтары арасындағы бауырластық қарым-қатынасқа жаңаша серпін беру мақсатымен биыл қаңтарда Қазақстанға Саха (Якутия) Республикасының басшысы Айсен Николаев келіп қайтқан еді. Осы сапарында ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болып, екеуара жарасты әңгіме өткенін кезінде бұқаралық ақпарат құралдары көңінен хабардар етті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Саха Республикасын тамыры терең тарихи және мәдени-гуманитарлық қатынастар байланыстыратынын айтып, осы ынтымақтасты кеңейте түсуге айрықша назар аудару керектігін атап өткен болатын. Туыстас халықтар арасында қалыптаса бастаған бұл байланыс аясында наурыз айында өйгілі өншіміз, Халық өртісі Роза Рымбаева Якутияға барып, концерт қойып қайтты. Сәуірдің екінші жартысына қарай саханың бір топ жазушылары мен баспагерлері Астанаға келіп, «Еуразия» Халықаралық кітап көрмесіне қатысты. Халықтар арасындағы қарым-қатынасымызға жоғары билік тарапынан қолдау көрсетіліп жатқаны қаламгер қауымының да үмітін үкілеп отыр. Осы орайда жазушы Әлібек Асқаров «Саха-Якутия. Ақ қар, көк мұз әлеміне саяхат» атты көркем бөздендірілген көпшілік танымдық кітап жазып шыққан болатын. Біз өз оқырмандарымызға жаңа кітаптан үзінді ұсынамыз жөн көрдік.



ТАЛАЙҒЫ БОЛЕК

Саха елінде біз жүздескен зиялы жұртшылықтың біразының өткен коммунистік қоғамға деген, соның ішінде сталиндік диктат заманына қарата айтқан өкпелері қара қазандай, реніштері қара нар көтере алмастай ауыр ма деп қалдық. Сол реніштің бір парасы II Дүниежүзілік соғыс жылдарына қатысты болып шықты.

Жалпы халық санын пайызға шаққанда өткен жаһандық соғыста якуттар өзге халықтардан көбірек шығынға ұшырапты. Тіпті, майдан шебінде, жаудың тылында қалып, ең көп қырғын тапты дейтін белорустардан да пайыздық жағынан якуттар асып түскен.

II Дүниежүзілік соғыс жылдарында Якутиядан майданға 50 мың жылқы жөнелтіліпті. Майданға жылқы беру мұнымен де тоқтаматты. Соғыстан соңғы көтерем жылдары да еліміздің еуропалық бөлігіндегі қираған қала мен селоларды қалпына келтіру жұмыстарына якуттар тағы 25 мың жылқы жинап жіберіпті. Нәтижесінде, Якутияның онтүстік аймақтарындағы қолхоздарда жылқы малы түгелдей құрып, халық жаппай ашаршылыққа ұшыраған. Халықтың бұғы бағып, күндерін көріп отырған солтүстігі мен тундралық аймақтың тұрғындары аман болғандарымен, етектегі саханың 40 мыңнан астам адамы жылдан жалағандай қожшалықтың салдарынан опат болған екен.

Айта берсе, ол заманда саха жұртының маңдайға жазылған қиын да қидалы тағдыры өзек өртеген өкінішке толы тарізі. Басқыншылықпен патшалық Империяға қосылған өкісті өткенді былай қойғанда, кешегі Кеңес дәуірінде де ел басынан қуаныштан гөрі нелер бір дауылдай сапырылған азапты жылдар күндей күркіреп өтсе керек. Мылтық пен зеңбірекке қарсы жаркылдатып жалаң қылышпен шапқанын не пайда? Ондай жалтақсыз батырлық, бұлағай бас көтеру қазақ топырағында да талай болған, бәрі де қызыл қанға бөліп, құр-бекер қырылып қалысқан. Жалпы, «кіші халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы» деген қаны сорғалаған тақырыптардың барша құпиясы қырық қабат темір жәшіктің ішінде қатталы жатыр. Олардың әлі күнге ашылмаған сырлары да, айтылмаған жырлары да молынан.

Адамды төлдей төлмендеткен Империялық өктемдік заманы-ай дерсің! 1928 жылы Мәскеу билігі тарапынан «Якут ұлтшылдығы» туралы өз сезінен ызар есіп, боран соққан арнайы қаулысы шығыпты. Ол уақ әлгіндей алаулап-жалаулатқан қаулысыз-ақ, шаш ал десе бас алған құқайлы заман еді ғой... Осы қаулы сылтау болып, Якутияда адам төзісіз зорлықтың небір сорақы түрі бас көтеріп, жергілікті халықтың төбесіне қара бұлт үйірген жойқын репрессия басталып кетеді. Билік жалта «лөббай тақсыр-платы» жапалақша жақылдаған жандай-шаптар көбейеді. Халықтың өз ішінен шығып, өзекке тепкендей болған сатқындар да пайда болады. Содан көзі ашық интеллигенция өкілдері, ұлттың аттас азаматтары ғана емес, әліпті таяқ деп білмейтін қарапайым шаруаға дейін тұтылып, бұғу-ланып, көбісі «үштіктің» шешімімен сол жылдары жөн-жосықсыз атылып кетеді. Атылмай аман қалғандары алыстағы Соловките, қайтып Якутияға қалмастай қатан шешіммен, мәңгіге жер аударылады. Осылайша, еңіреген елдің сүттің бетіндегі қаймағы болған ызындай зиялылары түгелге жуық оталған екен. Ұлан-байтақ көсілген Якутия жерінде қансыраған қала, қалжыраған ауыл, қаралы қостар мен жаралы жүректер ғана қалыпты. «Кеңес заманы адамы аяу дегенді білмеді ғой, — деп жазады қазақ жерінде де көрініс тапқан осындай өзбүр дәуірдің, олдыр оқиғалардың куәгері, біздің абыз Серік Қирабаев ағамыз. — Ол заман тарихтың дүрбелең тартысына, қатал сынына салып, адам тағдырын ойыншық етті!»

Сталин өліп, кейінірек қуғын-сүргін дәуірін ақтау науқаны басталған елуінші жылдардың екінші жартысында Соловките мәңгіге айдалған 300 мыңның үстіңдегі, көр азабын тірілей тұрса да қатал тағдырға қайыспаған азаматтардың бірен-сараны, тұған жеріне аман-есен қайта оралыпты. Чуралқы ұлысының тұрғыны, көргені көп, көңіліне түйгені одан да көбірек И. Пономарев деген жасы сексеннен асқан саханың елжанды ұлының бірі — аудандық «Туймаада» газетіне 2020 жылдың 28 мамырында «Сәрни, сут Саха сиригэр содула»

деген мақала жазыпты. Мақаланы қазақшалайсақ — «Якутиядағы соғыс пен құрғақшылықтың салдары» деген ұғым береді. Автор осы мақаласында II Дүниежүзілік соғыс жылдарында Кеңестің кенкелес идеологиясы салдарынан саха халқының сұмдық қиындықтарға тап болғанын және ел тұрғындарының қандайлық тауқыметке ұшырағанын ашына жазыпты. Мақаланы оқи отырып, жері айлапата зор болғанымен халқы шағын, қарасы аз Якутиядан неге сонша адам негізсіз соғысқа шақырылғанын, ауылда қалған адамдардың не себептен ондағын мыны аштықтың құрбаны болғанын білеміз. Қысқасы, мақаланың негізгі мазмұны мынаған сайды.

Асқан, тосқан коммунистік қоғам дәуірінде өркенді елімізде «ламыған социализм» деп тұжырым жасап, «СССР-да екі жүзге жуық ұлт пен ұлыс тұрады» деп ұрандағанымыз жасы үлкендердің есінде шығар? Сол ұлттар мен ұлыстардың Ұлы Отан соғысы кезінде қайсысы ең көп шығынға ұшырады? Бұл сұрақтың түбіне жету үшін И. Пономарев жылдар бойы шұқшия ізденіп, әртүрлі дереккөздерді талмай зерттеген екен.

Автор интернеттен өз ұлттың майдандағы шығындарының саны жөне осы халықтардың жалпы санынан осы шығындардың пайыздық көрсеткішін есептеген ақпаратты да тауып алыпты. Бұрын жабық боп келген бұл ақпарат Горбачевтің «жариялық жылдарында» ашылса керек. Түсінікті болу үшін мақала авторы ең көп шығынға ұшыраған үш ұлттың сандық және пайыздық үлгісін кестеге салып көрсетіпті. Сол кестеге ең үлкен шығынға ұшыраған халықтар мыналар бопты: 1. Якуттар. 242 080 адамның 37 000-ы қаза болған. Бұл жалпы халық санының 15,7 пайызын құрайды; 2. Орыстар. 99 591 000 адамның 5 758 000-ы қаза тапқан. Бұл жалпы халық санының 5,8 пайызын құрайды; 3. Бұрыяттар. 224 700 адамның 13 000-ы қаза болған. Бұл жалпы халық санының 5,7 пайызын құрайды.

Пономаревтің зерттеулерінен көріп отырғанымыздай, солтүстіктің бір қиырында тұратын саны ең аз халықтың ішінен, Кеңес Одағын мекендеген басқа халықтармен салыстырғанда, пайыздық өлшеммен есептегенде — якуттар майданға ең көп шақырылған халық екен. Тісінше, пайыздық өлшеммен салыстырғанда түрде ең көп шығынға ұшыраған да якуттар болып шыққан. Осы тұста көкейіміз тексен тағы бір заңды сұрақ туады: «Неліктен Якутияның шағын халқынан соншама көп адам майданға шақырылған? Неге олай болған, оған не түрткі, не себеп?»

И. Пономарев майдан ғана емес, тылдағы өлім-жітімді де мұқият зерттепті. Оның зерттеуі бойынша, 1941 жылдан 1944 жылға дейінгі аралықта республикада 58 962 адам аштықтың құрбаны болған, соның ішінде ауыл тұрғындары 43 364 адам екен. Демек, осы деректерге қарағанда айналыса төрт жылға жетер-жетпес уақытта республика халқы үштен бірің жоғалтқан. Егер осылардың ішінен таза якут ұлтын ғана алар болсақ, онда олардың жартымына жуығы кейінг кеткен. Соғыс кезінде қоршауда шайтан Ленинградтан басқа алапта мұндай алапат аштық болған емес. Тіпті, фашистер басып алған территорияларда да...

Аштыққа ұшыраған халық сырттағы суықтан қорғанып есіктің кәсігін қыптаған, терезенін көзін жапқан терілерді кесіп, ыстық суға жібітіп, соларды шайнап аш құрсақтарына талғажау етіпті. Ең сорақысы сол, өздері тіске басар дөнене тапмай отырған жамағатқа жергілікті билік «салық төлемедің» деп бастарына әңгіртаяқ ойнатып, 50 мыңға жуық адамды сотқа тартқан, қуғынға ұшыратқан. Аштықтың ланынан 41 қолхоз күнкөрсістің қамын күйттеп суық солтүстікке қоныс аударған. 5 мыңнан астам адам тұған жер, өскен ортасын тастап, тамақ іздеп бала-шаға, отбасымен бастары ауған жаққа қанып кеткен.

Осы деректерден шығатын қорытынды: бүкіл Кеңес Одағының бірде-бір ұлты жалпы халықтың сайына шаққандағы пайыз бойынша — майдандағы шығындар мен тылдағы аштықтан құрбан болғандар — Якутия қасіретімен салыстырғанда келмейді, онымен шендесе алмайды. Мақала авторы өзі азғантай халықты кенесіз қырғынға ұшыратқан бұл қасіретке көпшілікті айтып жүрген жаттанды дейігі — «соғыс пен құрғақшылық кінәлі» дегеніне өзі ешқашан келіспейтінін жазады. Ол бұрын-соңды болмаған бұл орасан трагедияға жергілікті биліктің кейбір өкілдері мен сол кездегі



ТАҒДЫРЫ ОРТАҚ

республиканың «бас ал десе шаш алатын» жарамсақ жоғарғы басшылығы кінәлі деп тұжырым жасайды. «Сондықтан, — деп жазады автор, — майданға жұмылдырудың бұрын-соңды болмаған ауқымы, тылдағы алапат ашаршылық — табиғи нәубет, заңды жағдайлардың жиынтығы емес, жәркелеш басшылықтың жойдасыз жөнсіздігі, солардың тікелей кінәсі!» Ендеше сол өрескел қателіктерді жіберіп, ол жылдары Якутияны кімдер басқарып еді? Енді соны тындайық: КОКП облыстық комитетінің 1939-1943 жылдарғы бірінші хатшысы — Краснодар қаласының тумасы Ион Степаненко, Халық Комиссарлары Кеңесінің 1940-1943 жылдарғы төрағасы — Саратовтан келген Владимир Муратов, Ауыл шаруашылығының 1939-1943 жылдарғы халық комиссары — Туланың тумасы Николай Анашин, Ауыл шаруашылығы бөлімінің сол жылдарғы басшысы — мәскеулік Федор Маркеев.

Бәрі жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігінен беймағлұм, салт-дәстүрінен бейхабар, жоғарыдан тағайындалған, сырттан келген келімсектер. Мәскеу билігіне жағыну үшін оларға алаулатқан хат жазып, жалаулатқан жалған ақпарат беру үшін бұл бастаулар ештенен анып қалмапты!

Осы арада мына бір таңғаларлық дерекке назар салайық: соғыстың екінші күні, яғни 1941 жылдың 23 июнінде СССР Жоғарғы Кеңесінің 1905 жыл мен 1918 жылдар аралығында туған азаматтары 14 округтен әскерге шақыру туралы әйгілі Жарлығы шығады. Құдайға шүкір, халқы аз Якутия бұл тізімде жоқ, ондай округтердің қатарына кірмейді. Жоғарғы Кеңестің сол Жарлығына қарамастан, сол айда Саха елінен дереу 17 179 адам әскерге шақырылды. Осы шақырылғандардың ішінен ерте аман қайтқандары жоқ, олар соғыстың алғашқы айларының қанды қасабына түсіп кетіпті де, түгелге жуық қырылып қалыпты. Олардың арасында мақала авторының Мәскеу маңында мерт болған әкесі П. Пономарев та бар екен. Жарлықтағы тізімде жоктығына қарамастан, өздерінен тасыранбай патриоттықтың асқан үлгісін көрсеткен, сөйтіп тұтас бір халықтың болашағына балта шапқан, жергілікті биліктің жоғарғы жаққа жағынуының өрескел мысалы осы болса керек!

Әйтсе де, қылышынан қан тамған тоталитарлық большевиктік қоғамда да басын бөйгеге тігіп, халқының мұны мұндап, жоғын жоқтаған ерен ерлер, жалаң қылыш батырлар ол заманда да болған екен! Ис-әрекетінің ақыры өз өмірі үшін аса қауіпті боларын біле тура ол кісі ретін тауып, 1943 жылдың көктемінде Мәскеуге арнайы келіпті де, Сталин бастаған Саяси бюро мүшелеріне өз елінде қалыптасқан ауыр жағдайды баян етіпті. Бәрін де қолмен қойғандай дәлелдеп шығыпты, айғақты сөзін өткізе алыпты. Халқым дегенді Құдай да қолдайды демекші, ол жердегі айбатынан

аяз ескен мұртты көсеммен, өзге де қабактарынан қар жауған бюро мүшелерінен арадағы әңгіме түсіністіктен дұрыс өрбіген сияқты... Өйткені содан кейін дереу тексеру комиссиясы жасақталып, артыны олар Мәскеуден Якутияға аттандырылған екен.

Тексерудің қорытындысы бойынша, 1943 жылғы 13 сәуірінде ВКП(б) Орталық Комитетінің республиканың ауыл шаруашылығына көмек көрсету жайындағы арнайы қаулысы шығады да, осы уақыттан бастап ел тұрғындарының жағдайы біршама жақсара бастайды. Сол жылдың қыркүйегінде жоғарыға жалған ақпарат берген жарамсақтар: Степаненко, Муратов, Анашин және Маркеев қызметтерінен босатылады.

Егер тұған халқының санаулы сандық ұлының бірі, қабырғалы қара нары Илья Винокуров Сталиннің көрінен жасқанып, Саяси бюродағылардың зөрінен сескеніп өзінің теңдесі жоқ бұл ерлігін жасамағанда, соғыс аяқталғанша тағы қанша якут аштықтан бұратылып өлетіні белгісіз екен! Міне, тамырын теренге тартқан телегей тарихы бар, рухы асақ саха ағайындарымыздың да шеккен азабы, көрген тозағының бір мысал — осы!

Әдетте, әкімшіл-әміршіл коммунистік қоғамдағы тоталитарлық жүйеге, жылдар бойы еңсені езген автократияға қарсы алғашқы демократиялық мазмұндағы толқулар өзгені емес, қазақтың тайқы маңдайына жазылды деп жүрміз ғой. Ал, шындығына жүгінесек, Кеңес империясы көлеміндегі түркілік рухты дүр сілкіндірген алғашқы бас көтеру — Алматыдағы 1986 жылғы 16 желтоқсан емес, одан сегіз ай шамасы бұрын, яғни сол жылы наурыз айында Якутск қаласында басталыпты.

Тұтас бір халықты қара қуғын, сары сүрінгелі салған қарбалас осы күндердің куәгері Даланның (Василий Яковлев) айтуынша, оқиға былайша өрбіген екен... Якутск қаласының орыс нәсілді бір топ жастарын біреулер бөріліктіріп, айтақтап, саха студенттеріне қарсы айдап салыпты. Олар Якут мемлекеттік университетінің жатақханасы маңындағы мұз айдынына топталып келіп, коньки теуіп жүрген студенттерді ұл демей, қыз демей бықырт тигендей таяққа жығып, майдан ашады. Сонынан көшеге шығып, ол жақта да кездескен қара көз жастарды тепкілеп, көз ісіріп, мұрын қанатып соғып жіберіседі.

Кеңес қоғамының жадағай насихат жайлаған жалаулы жылдарында «советтік қоғамда ұлттар араздығы жоқ» деген қағиданы жарнамадай шегелеп, миымызға цементтеп құйып тастағаны белгілі. Бірақ қоғамда оқта-текте кездескенімен, от басы, ошақ қасының дау-жанжалы болса да ондай проблеманың бары рас-ты. Оның бөріне билік тарапы қожымбайлықпен қарап, ауыл көлемінен асырмай, былайғы жұртқа жария етпей ілдім-жылдым жауып тастап отыратын. Мысалы, орыс пен қазағы, кержағы тағы бар біздің Алтай қойнауындағы ауылда деген арасындағы төбелес әдетте «қалбит» жастар қорлау сөз, кекесін мысқылдан шығатыны есімде. Сол сөз үшін талай рет бас та жарылды, көз көгеріп мұрын да қанады. Якутия жастары да ол заманда сондай жәбір сөзден, бет тыржитып мазактаудан, намысқа тиіп кемсітуден кенде болмаған сияқты.

Қолдарына шынжыр байлап, таяқпен қаруланған, былайша айтқанда, ұйымдасқан

түрде 1986 жылдың 28 наурызында басталған орыс жастарының бұл сойқаны бірнеше ереуіл күндерге ұласады. Жастар түгелі үлкендер де айбынып көшеге шығудан қалады. Ақыры, саханың жолан жігіттері, көбелі азаматтары намысқа басып, күш жинап топтасады да, әлгі басбұрлардың бірнешеуін ұстап алып, қалалық милицияға әкеліп тапсырады. Сенген милициялары өтірік қағаз толтырған болып, орыс жастарын аналардың көзіңше қоя беріседі. Осындай жағдай бір емес, бірнеше рет қайталанатын. Жауласып жаға жыртқыспай-ақ, «мына орыс жастарының хулигандық әрекетін тоқтатсаңдаршы?» деген ересектердің де өтіншітері милиция тарапынан ескерусіз қалады.

Милицияның үнсіздігімен «қолдау» тапқан әлгі бұзақылар енді одан бетер жанығып, өршелене түседі. Шабынып, көшеге адам шығармай тағы бірнеше күн сойқан салады. Милициядан қайыр болмаған соң, билік беттерін бұрып теріс айналғаннан кейін аман жоқ... Өз елі, өз жерінде жүрсе де кемсіту мен қорлауды көріп жүрген, аз болса да, албырт, өгей болса да әжет саха жастары ақыры шыдамайды, соңғы күндері намыстарына қамшы басып бұрқ етіп жарылады. Жастар көптеп жатақхана маңына жиналып, енді көше-көшедегі орыс жігіттерін бықырт тигендей сокқының астына алады. Көз ісіп, мұрын қанады демесен, әйтеуір бұл қақтығыстарда өлім-жітім болмаған екен.

Жоғарғы билік ұшығып бара жатқан бұл жағдайға сонда ғана назар аударып, көңіл бөлген сияқты. Қашанда Империяны құраушы титулды ұлттың мүддесі алдымен қорғалатыны, соларды жөн, соларды қанды саналатыны ежелден белгілі ғой. Якутия мысалында да проблеманы тасқактай қағыстырып, әдеттерінше өнім теріс айналдырып, жастар арасында болған толқуларға саха студенттері кінәлі деген шешім шығарады. Соған байланысты КПСС Орталық Комитеті Секретариатының Якут АССР-індегі ұлтшылық көріністері туралы қаулысы қабылданады. Сөйтіп, жазықсыз студенттердің төртеуі түрмеге түсіп, біршамасы оқудан шығарылады, қуғын-сүргінге ұшырайды. Әділетсіз шешілген бұл әлеуметтік теңсіздік әлі күнге саха жұртының өзегін өксітіп, жүрегіне шем-ен, көкіректеріне қара тастай боп қатып қалыпты.

Бұл жағдай Фридрих Энгельстің «Есть два способа разложить нацию: наказывать невиновных и не наказывать виновных» деген кеменгерлік сөзін ойға салғандай бопалты.

— Якутиядағы бұл әділетсіздік бізге Крыловтың «Қасқыр мен қозы» дейтін әйгілі мысалын еске түсіреді, — дейді осы сұрақ оқиғасын жан-жақты зерттеп, сол туралы кітап жазған баспагер досымыз Валерий Луковцев. — Естеріңізде ме, ол мысал былай басталушы еді ғой: «У сильного всегда бессильный виноват, тому в истории мы тьму примеров слышим, но мы историю не пишем» деп... Сол Крылов абыз айтқан «тьму примеровтың» көкесін саха жастары сол жылдары өздері бастарынан өткерісті!

Валерий Николаевич оған дейін де, яғни 1968 жылы Якутияға ұлтаралдық кемсітулерге қарсы қақтығыстар болғанын айтады. Содан кейін 1979 жылы да якут жастарының арасында дәл сондай қоғамдық толқулар болыпты. Бұл оқиғаларды қайдан екені белгісіз, «Голос Америки» радиостансасы біліп қойып, эфирден бірнеше хабар беріпті. Ал Кеңестік билік ештеңе болмағандай, сыртқа дымын шығармай бәрін тұмшалап, жылы жауып тастап отырыпты.

Алайда 1986 жылғы наурыздағы Якутск-кідегі бұл бас көтерулер мен сол жылы Алматыдағы Желтоқсан оқиғаларын салыстыра қарау қателік болар еді. Өйткені әйтеуір «бас көтеру» демесен, екеуінің мазмұны әркылы, мақсаты мен мұраты әртүрлі екенін аныстау қиын емес. Бір-біріне үйлеспейтін, қабыспайтын екеуі екі түрлі жағдай болатын...

Якутия оқиғасы — жастардың бұзақылық төбелесінен басталып, оның соңы таза ұлтаралық қақтығысқа ұласқан сияпта өрбіген дәлелденген. Ал Алматыдағы көтерілістің мазмұны мүлдем басқаша, ахуалы ауқымды, сандары таза саяси жағдай еді. Бұл бас көтеру — қазақстандықтарды ел деп, жұрт деп санаспай, Орталықтың сырттан танған зорлығына көңбеуінен тууды. Оған дейін де көкіректе қайнап, қордаланып келген намыстан, ұзақ жылдар бойы Империяны құрсаулаған тоталитаризмге қарсылықтан туды. Ғұмыры Қазақстанға келмеген, бұл елдің өзін де, жөнін де білмейтін Колбинді Бірінші хатшылыққа жіберген Жоғары билікке деген ашулы наразылықтан туды.

Желтоқсан оқиғасымен қазақ жастары бастарын бөйгеге тіге отырып, жастай қиялған өздерінің тағдырларынмен, жетпіс жылдан астам уақыт СССР-дегі сірескен сенді алғашқы болып бузып берді. Ондай ауқымдағы көтерілісті Якутиядағы секілді жоғарғы билік тұмшалап жасырып қала алмады. Желтоқсан оқиғасы бұрқ етіп жер жалаңа аңдыздай тарайды, аңыздай жайылып кетті. Оның жарандық жаңғырығы Бакудегі де, Тбилисидегі де, Вильнюстыде де бұқаралық қозғалыстар мен бас көтерулерге дем берді, рухтарын көтерді, үлгі көрсетті, нұсқа болды. Отыз жылдан астам уақыт Қазақстанды басқарып, өз атына ешқандай кір келтірмеген, жастардың өзін өзі білмейтін туғаннан бері көріп келе жатқан қадірлісі, ересектердің де бірнеше батын ұрпағының піріне айналған ардақтысы — Дінмұхаммед Қонаевты орнынан үн-түңсіз жұлып тастамай, елі болып, жұрты болып құрметпен зейнет демалысына шығарып салғандай болса, оның ақыры қантөгесті көтеріліске апармас еді. Немесе, Колбиннің орнына лауазымды қызметте жүрген, елдің жайын, жердің жапысын жақсы білетін қазақстандық бір орысты қойғанда да, дүниені дүрліктірген мұндай жағдай болмас еді.

Әлібек АСҚАР, жазушы



ҮМІТ ПЕН КҮДІК АРАСЫ...

Айдана НҰРМҰХАН

1 маусым – Балаларды қорғау күні. Осыдан 74 жыл бұрын бекітілген маңызды датаның мақсаты – балалар мен жасөспірімдер бетпесті келетін түрлі мәселеге әлем назарын аудару. Бұл айтулы күнді жыл сайын Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы да ерекше атап өтеді. Өйткені қатерлі дертке шалдыққан балалардың проблемасы күнтіртібінен түскен емес.



МЕН – ЖЕҢІМПАЗБЫН!

Ғылыми орталық «Бір дерт – түрлі тағдыр» атты қысқаметражды фильм түсіріп, көрермен назарына ұсынған болатын. Бұл картинада қатерлі дертті жеңіп, қалыпты өмірге оралған жандардың тағдыры баяндалады. Бүгінде отбасын құрып, түрлі салада қызмет ететін әр кейіпкердің балалық шағының бір бөлігі аурухана қабырғасында, өмір мен өлім арпалысында, үміт пен күдік арасында өткен. Сондай кейіпкердің бірі Үсен Төлеубаев 6 жасында Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына түседі. Диагнозы – ақ кан ауруы. Үсеннің жүзі жылы, аңғал бола тұра мінезі

Бұл күні «Браз сикстет» опереттесі мен «Шу-Шу» аспаптық дуэті, қазақ эстрадасының әншілері, «Ульмира» шоу-балеті, сиқыршы Панов Владислав пен аниматорлар қатерлі дертпен күресіп жатқан балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлайды. Шара аясында балақайлардың сурет, колөнер көрмесі өтті. Аквагрим мен фотосессиялар ұйымдастырылып, мерекелік сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, ауыр дертке шалдыққан балаларға қуаныш сыйлайтын іс-шараның психологиялық көмегі орасан. Әрі проблема туралы кеңінен айтуға тағы бір мүмкіндік.

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы республика бойынша балалардың онкогематологиялық қызметін үйлестіретін көпсалалы емхана. Орталықта жыл сайын онкологиялық және кан ауруына шалдыққан 3000-нан астам бала тиімді әрі жоғары технологиялық ем алады. Инновациялық диагностикалық әдістерді, заманауи емдеу бағдарламаларын және гемопоэздік дін жасушаларын трансплантациялауды қолдану қатерлі ісіктің барлық нозологияларында балалардың жалпы өмір сүру деңгейін арттырды. Бүгінгі таңда Педиатрия орталығы балалардағы барлық қатерлі ісікті емдейді, медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасы жақсарды, мемлекет қызметі қаржыландыруды толық көлемде жүзеге асырады. 2012 жылы балаларға гемопоэздік дін жасушаларын трансплантациялау (ГДЖТ) енгізілді, бүгінде трансплантацияның барлық түрі жүргізіледі. Осы уақытқа дейін 177 ГДЖТ жасалынды.

қайсар әрі қаталдау. Дәл осы қатқылдау мінезі аты жаман ауруға қарсы тұруға көмектескендей.

«6 жаста ештеңе түсінбеймін. Дене қызуым қатты көтеріліп, ештеңеге зауқым болмай, көп ауырып жататын кездерім есімде. Қиын сәттер көп болды. Әсіресе, ауру асқынды, анам екеумізді жеке боксқа жатқызған уақыт санама жатталып қалыпты. Өз аяғыммен жүре алмай жатқан кездерім де болды. Дәрігерлер үйіне қайтпай, күн-түнімен жанымызда жүретін. Бірде бәріне қолыңды бір сілтеп, қалың ұйқыға кеткің келсе, енді бір уақытта сынбаймын, күресемін деп өзінді қамшылайтын қиын күндер артта қалды», – дейді Үсен.

Осыдан 15 жыл бұрын ақ қан ауруына шалдыққан ойын баласы бірнеше ай бойы химиялық ем-дом қабылдап, сол жолдағы түрлі қиындықтарға қарсы тұрады, қатерлі дерт қанша жерден жанына батса да, барлық ауыртпалықты еңсеріп, ақыр соңында ауруынан құлан таза айыққан. «Мен жеңдім» дейтін Үсеннің алған асуы расында онай болған жоқ, сондықтан ол шын мәнінде – жеңімпаз! Бүгінде Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының соңғы курсынан аяқтап жатыр. Болашақ режиссер диплом жұмысын өз өмірін баяндауға арнапты.

Балаға қойылған қатерлі диагноз бір сәтте-ақ жас науқастың әдеттегі өмірін ғана емес, оның өмірге деген көзқарасын түбегейлі өзгертіп, баланың ата-анасы мен отбасы мүшелерінің де психологиялық жағдайына кері әсерін тигізеді. Лейкоз Үсеннің ғана емес, оның отбасының өмір пәлсапасын өзгертті. Жеңімпаз жасөспірімнің егіз-сынары Фатима курскер бауырын мақтан тұтады. 6 жасында Үсенмен жүздесуге ауруханаға барып, ондағы сырқат балалардың жағдайын көрген Фатима дәрігер болуға шешкен. С.Асфендияров атындағы ұлттық медициналық университетте білім алған бойжеткен араға 15 жыл салып, бүгінде Үсен емделген орталықта жұмыс істеп жүр. Психолог мамандар ауру салдарынан болатын әртүрлі пси-

хогенді реакциялар мен науқастың сырқат түрлеріне бейімделу механизмдеріне байланысты дамиды психикалық бұзылыстарды емдеу және алдын-алудың маңызын жиі айтады. Сондай-ақ науқастың психоэмоционалды жағдайын тұрақтандырып, «өмірлік сапа көрсеткішін» жоғарылатуға да көп көңіл бөлу қажет. Бүгінде педиатрия практикасында әртүрлі соматикалық сырқат түрлеріне, әсіресе созылмалы ауруға шалдыққан балалардың психикасы мен жалпы психологиялық жағдайын зерттеп, оларға соңғы үлгідегі медицинаның қол жеткізген жетістіктерімен кешенді түрде көмек көрсетіледі.

«Бір дерт – түрлі тағдыр» фильміне Үсенмен тағдырлас ондаған кейіпкердің оқиғасы баяндалады, ал өмірде мұндай тағдырлы мыңдаған, әлемде миллиондаған бала бар. Көбіне мотивациялық мазмұндағы туынды қатерлі дертпен күресіп жатқан балалар мен ата-ананың көңіліне медеу әрі тағы да насихат құралаы.

ЖЫЛ САЙЫН 600-ге ЖУЫК БАЛА ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ШАЛДЫҒАДЫ

Қатерлі ісік көзделгенінен бастап болғандықтан атакты ғалым Гипократ оны «рак» деп атаған. Расында, бұл қауіпті дерт адам денесінің бір бөлігінде жылдам өсіп қана қоймай, белгілі бір мерзім аралығында қан және лимфа тамырлары арқылы басқа мүшелерге тез тарайды. Қатерлі болуының себебі аурудың алғашқы кезде

кейіпкерлерінің көбі қатерлі дертті осы түрімен күрескен. Мамандар дерттің дер кезінде анықталмауы – басты проблема екенін айтады. Мұның себебі де сан түрлі дәрігердің кінәсі болуы мүмкін, ата-аналар да байқамай қалып жатады. Қатерлі дерттің бастапқы белгілері әркімде әрқалай болып келеді. Баланың мұрны қанайды, денесі көгереді, әлсірей бергіш келеді, я болмаса аяқ-қолын қимылдата алмай қалуы мүмкін. Дәрігерлер қатерлі ісіктің 1, 2 кезеңінде дұрыс диагностика жүргізбеген жағдайда бұл дертпен күресу тіптен қиын екенін айтады. 3, 4 кезеңде анықталған ауруды емдеуде кәсіби дәрігерлер мен заманауи мықты құрал-жабдықтардың өзі қауқарсыз екен. Десек те, балалар ісіктің 3, 4-кезеңінде де жазылып кетіп жатқан жағдайлар бар. Бірақ, өте сирек.

БАЛАЛАР ОНКОГЕМАТОЛОГИЯ Қызметіне – 30 ЖЫЛ

Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау қалыптастыру және жетілдіру шаралары» жөніндегі №320 бұйрығына сәйкес, «онкогематология» бөлімшелеріне басты назар аударылып, қанның қатерлі ісігімен ауыратын балаларға психологиялық және психотерапиялық жәрдем жасалауда. Биыл балалар онкогематология қызметіне 30 жыл толды. Осыған орай, Алматыда «Балалар онкогематологиялық қызметінің дамуына 30 жыл: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Онлайн және офлайн түрінде өткен конференция жұмысына Германия, Түркия, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Лат-

ата-ана мен туған-туыс, медицина қызметкерлерінің жүрегін сыздатын трагедия. Ұзақ уақыт бойы бүкіл әлемде және елімізде қатерлі дертке шалдыққан балалардың барлығы дерлік көз жұмды. Сондықтан 30 жыл бұрын Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының базасында «ҚЭР-Германия» қайырымдылық қоғамының белсенді көмегімен Республикалық балалар онкогематологиялық орталығын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Көп жыл бойы мемлекет тарапынан онкогематологиялық аурулары бар балаларға көмек көрсету мәселесіне баса назар бөлініп келеді. Онкологиялық және гематологиялық аурулары бар балалар диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес барлық дәрілік заттармен, оның ішінде амбулаториялық кезеңде республикалық бюджет есебінен қамтамасыз етіледі. Астанадағы Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығында онкология және гематология бөлімшелері ашылды. Гемопозддік дін жасушаларын транспланттау технологиялары сәтті енгізілді, ҚР-да балалар онкологиялық және гематологиялық көмегін жетілдіру бойынша жол карталары әзірленіп, іске асырылды. Биыл онкологиялық аурулармен күрес бойынша кешенді іс-шаралар жоспары әзірленді. Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігі ерте диагностика, мамандандырылған емдеуді жетілдіру, жоғары технологиялық қызметтер спектрін кеңейту, кадрлық әлеуетті жетілдіру және ғылымды дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыруды көздеп отыр», – деді Денсаулық сақтау вице-министрі В.Дудник.

Қазақстандағы балалар онкогематология қызметінің қалыптасуына зор үлес қосқан профессор Герайн Валентиннің айтуынша, бала обьрын емдеудің әрі қарайғы жетістігі дертті дер кезінде анықтауға, мамандардың бірлескен халықаралық білім беруді, ғылыми жобалар, емдік технологияларды жетілдіруге, оның ішінде гемопоэздік дін жасушаларын трансплантациялауға белсенді қатысуына байланысты. Дәрігерлердің жоғары кәсіпқойлығы, әрбір науқас балаға ерекше күтім және ғылыми жетістіктерді іс жүзінде қолданудың үйлесуі Қазақстанның балалар онкологиялық қызметін жаңа деңгейге шығарады.

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының басқарма төрағасы Абай Құсайынов республикалық балалар онкогематологиялық орталығының ашылуымен елімізде бұл қызметтің жаңа деңгейі басталды дейді.

«Осы тарихи 30 жыл ішінде айтарлық жетістіктерге қол жетті. Диагностиканың заманауи әдістері жолға қойылды, бағдарламалық химиотерапия және трансплантациялау технологиялары, әртүрлі онкогематологиялық аурулары бар пациенттерді оңалту және психологиялық қолдау шаралары енгізілді. Профессор Қулян Омарованың жетекшілігімен балалар онкологтары мен гематологтарының отандық ғылыми мектебі құрылды, онда жүздеген онкогематолог мамандар даярланды. Қазіргі кезде олар еліміздің барлық өңірінде және шетелде де жұмыс істейді. Бүгінде қатерлі дертке шалдыққан балалар мектепте, университетте оқуын аяқтауға мүмкіндік алды, маман алып, табысты адам болды. Біздің алғашқы емделушілеріміз қазіргі таңда ата-ана атанып, толыққанды қоғам мүшесі болып отыр», – дейді А.Құсайынов.

Онкогематологиялық қызметтің қалыптасу жылдарында Педиатрия орталығы көптеген алыс және жақын шетелдік орталықтармен ынтымақтастық байланыста қызмет жасап, соның нәтижесінде қатерлі ісік пен кан ауруының күрделі түрлеріне шалдыққан науқасты диагностикалау мен емдеуде консультациялық-практикалық көмек көрсетіп келеді.



«Осыдан 15 жыл бұрын ақ қан ауруына шалдыққан ойын баласы бірнеше ай бойы химиялық ем-дом қабылдап, сол жолдағы түрлі қиындықтарға қарсы тұрады, қатерлі дерт қанша жерден жанына батса да, барлық ауыртпалықты еңсеріп, ақыр соңында ауруынан құлан таза айыққан.»

ауырғанын аса білдірмей, байқалған кезінде басқа мүшелерге қанмен жылдам тарап, дендеп кетуіне байланысты. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде жыл сайын орташа есеппен 10 миллионнан астам адам қатерлі ісік ауруларына шалдығады, олардың 60 пайыздан көбі осы дерттен көз жұмады екен.

Елімізде соңғы жылдары бұл ауруды анықтайтын диагностиканың жетілуіне байланысты қатерлі ісікке шалдыққандардың қатары азайып келеді. Дейтұрғанмен, аурудың алдын алу мен дерт кезінде анықтау мәселесі күні бүгінге дейін күн тәртібінен түскен емес. Әсіресе, балалар арасындағы бұл дерттің көрсеткіші аса көңіл қуантпайды. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, жыл сайын 600-ге жуық бала қатерлі ісікке шалдығады. Жалпы, онкологиялық аурулардың басым көпшілігі бала дүниеге келген кезде пайда болады. Кей балақайларда туа салысымен байқалса, енді бірінде 5-6 жаста белгі береді. Дәрігерлер бұл жаста анықталған ауруды да туа біттіге жатқызады. Өйткені генетикалық сараптама жасалған кезде хромосомада қалыпты жағдайдан бөлек өзгерістер көп байқалады екен. Көбіне, ата-аналардың геномдағы мутация балаға берілгендіктен, туа бітті түрлі ауруға шалдығады.

Республика бойынша балаларда кездесетін онкологиялық аурулардың кен тараған түрі – лейкоз. Ақ қан ауруы. Мәселен, еліміздегі онкологиялық дертке шалдығатын 600 баланың 200-ге жуығы лейкозбен ауырады. Дүниежүзілік статистикада да қатерлі ісіктің 40 пайызын лейкоз құрайды. Жоғарыда аталған фильм


вия, Украина, Тәжікстан және т.б. шет елдің жетекші мамандары, Астана және Алматы қалаларындағы екі республикалық ғылыми орталықтың балалар онкологиясы мен гематология саласының мамандары, облыстық онкологтар мен гематологтар, үкіметтік емес ұйымдар мен ата-аналар қауымдастығының өкілдері, барлығы 500-ден астам қатысушы қатысты. Конференцияның мақсаты – балалардың онкологиялық және гематологиялық ауруын диагностикалау мен емдеудің бүгінгі өзекті мәселелерін талқылау, халықаралық және өңіраралық ынтымақтастықты дамыту, балалардағы онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау және емдеу қажеттілігі туралы ескерту мақсатында күш біріктіру.

«Балалардың қатерлі дертпен науқастануы қоғам үшін ауыр әлеуметтік және қаржылық ауыртпалық қана емес, әр адамның,

Түйін.

Дүниежүзіндегі онкологтар мен гематологтардың маңызды міндетінің бірі – қатерлі дертке шалдыққан балалардың өмір сүру жасын арттыру және бүгінде осы аурулардың көбін емдеу болатынын көшілікке жеткізу. Шын мәнінде, қазір қатерлі ісік емделеді. Мысалы, 20-25 жыл бұрын лейкоз емделмеген. Қазір балалардың 70 пайызы жазылып шығады. Жоғарыда аталған фильмде 3-7 жаста ауруханаға түскен балалардың жасы қазір 20-35 жас аралығында. Өйткені ауруды нақты анықтайтын диагностика жақсарды. Бұрын бала туғаннан кейін көп ұзамай шетінеп кететін. Оның қатерлі ісіктен көз жұмғанын ата-анасы, тіпті дәрігер де білмей қалатын еді. Сондай-ақ, қазір бұл дерт емдеу тетіктері жақсарды. Қатерлі ісікке шалдыққан балалар мен олардың ата-анасы толық сауығып кететініне сенімдірек, күдіктің құрбаны болатын кездері аз емес. Өйткені дерт дендегенде асыр салып жүрген ойын баласы нәр татпай, жүрулен қалып, сулық түсіп жатады. Мұндай күйге куә болған баланың да, ата-ананың да ауық-ауық күдері үзілетіні түсінікті-ақ. Оның үстіне, аурудан құлан таза айыққан баланың кейбірінде дерт қайталануы мүмкін. Десе де, медицинаның жетістіктері, әсіресе, онкогематологиялық қызметтің жүйеленуінен қалыпты өмірге оралып жатқандардың қатары артып келеді. Мұндайда үміт те еселенді.

Елімізде 3 мыңнан аса адам ішкі органдар трансплантациясына зәру. АҚШ-та донор аға күтіп жүргендер саны 100 мыңнан асады. Ал әлем бойынша мұндай науқастардың қанша екенін елестетудің өзі қорқынышты. Ғалымдар органдарды принтерден шығару арқылы бұл проблеманы шешудің жолын тапты. Бүгінде 3D-принтермен тамыр, тері, сіңір, сондай-ақ кейбір органдарды жасауға болатын көпқабатты күрделі құрылымдарды әзірлеуге болады. «Биопринтинг» деп аталатын осынау технологиялық жаңалықтың принциптері мен болашағына үңіліп көрдік.



Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

ЖАҢА ҚҰЛАҚТЫ ОН МИНУТТА ЖАСАЙДЫ

XX ғасырдың басында ғылым адамзатқа трансплантология атты жаңалықты тарту етті. Бұлай қарағанда, бәрі оп-онай секілді: донорлық органды ал да, пациентке орналастыр — іс бітті. Бірақ біздің жасушаларымыз мембрананың беткі қабатына антиген «сарбаздарын» тізіп қояды. Егер иммундық жүйе қандай да бір «бөтен» дүниені байқаса, сол затта қабыну реакциясын іске қосады. Т-киллерлер деп аталатын ақ қан түйіршіктері антидене-дрондарды шығарып, олар әлгі «бәріні шулатқан» бөтен жасушаларға жүзіп барады да, оның мембраналарына шабуылдап, шүрк-тесік етеді. Әлсіз ағза өз ішіндегі мұндай конфликттерді көтере алмағандықтан, мұның соны қайғылы жағдайларға, тіпті адам өліміне соқтырып жатады. Органның ағзаға үйренісуі, бұлайша айтқанда «тастай батып, судай сіңуі» өте қиын. Бірақ ендігі уақытта бұл қиындықты шешудің жаңа тәсілі бар: органды жасанды жолмен жасап шығаруға болады.

2022 жылы ғалымдар тұңғыш рет адамға 3D-принтерде басып шығарылған органды қондырды. Жиырма жастағы Алексис есімді мексикалық қыздың туа бітті оң құлағы деформацияға ұшыраған екен. Мұны медицинада микротия дейді. Дәрігерлер имплантат жасау үшін қыздың өзінің жасушалары мен тіндерін пайдаланған. 3DBio Therapeutics атты америкалық компания Алексиснің деформацияланған құлағының жарты грамм сіндірін алып, кейін 3D-принтер «биосия» деп аталатын жасушалардан жаңа құлақ басып шығарып берген. Бұл процесске жар-жоғы он минут уақыт кеткен. Бұған дейін осындай операциялар үшін пациент қабырғасынан құлақ формасында кесіліп алынған сіндір пайдаланып келген болатын.

Принтерден басып шығарылған құлақ тері астына орналасқан соң, өз бетімен сіндір тіндерін қалыптастыра бастайды. Нәтижесінде, жаңа орган адамның табиғи дене мүшесі секілді күйге енеді. Дәрігерлердің айтуынша, ағзаның мұндай органды қабылдауы ықтималдығы да өте төмен: себебі ол пациенттің өз жасушаларынан тұрады. Аталмыш операцияны Алексиске басқа 6 мен 25 жас аралығындағы он шақты науқасқа жасаған, енді олар бес жыл бойы ғалымдардың бақылауында болады.

БИОПРИНТЕРДІҢ БІРНЕШЕ ТҮРІ БАР

Адам мүшелерін 3D-принтер арқылы шығаруға алғашқы талпыныс сонау 2000 жылы жасалған еді. Биоинженер Томас Боланд бұл үшін Lexmark және HP маркалы принтерлерді ДНК фрагменттерін жасауға бейімдеген. Ғалым процесс барысында жасушаларды сақтау үшін әдейі шүмегінің диаметрі үлкен құрылғыларды тандаған. Сондай-ақ «сияның», яғни биоматериалдың температурасы мен қоймалжыңдығын басқара алу үшін софитты да модернизациялауға тура келген.

Бүгінде биопринтерлердің үш негізгі түрі бар. Оның ең кең таралған әрі сұранысқа ие түрі — бүріккіш принтер. Жұмыс істеу принципі жағынан ол кәдімгі типографиялық принтерлерге ұқсайды. Әдеттегі сияның орнына оны жасуша материалдарымен толтырады, ал қағаздың орнына гидрогельді электрлі төсем салады. Мұндай құрылғылардың құрылымы да, бағдарламалық жасақтамасы да қарапайым, құны басқаларға қарағанда арзанырақ, сапасы жоғары және жылдам. Онда жасушалар концентрациясын түрлендіруге де болады, бұл градиент жасауға мүмкіндік береді. Бүріккіш биопринтерлер көп материалмен үйлесе кетеді және онда жасушалардың тірі қалуы ықтималдығы жоғары, алайда олар өнімді бір ғана жазықтықта, біртіндеп қабаттарды қосу арқылы басып шығарады.

Сонымен қатар микроэкструзия негізіндегі биопринтерлер де бар: яғни онда материалды үш ось бойынша бөлуге, сол себепті көлемді құрылымдар жасауға болады. Биоматериалдарды да көпшілігі бұл құрылғыға сәйкес келеді. Принтер гидрогельдермен де, полимерлермен де, сфероидтармен де жұмыс істей алады. Әйткенмен экструзиялы прин-



ЖАСУШАДАН ОРГАН ЖАСАЙТЫН ПРИНТЕР

тердің негізгі кемшілігі — онда жасушалардың өміршеңдігі көрсеткіші өте төмен.

Органдарды басып шығарудың тағы бір тәсілі — лазерлі әдіс. Оның механизмі лазер сіңіргіш қабаты бар төсем мен жасуша және гидрогельден тұратын биоматериалды төсемге лазер бағыттау арқылы іске асырылады. Бұл әдіс жасушалардың өміршеңдігіне кері әсер етпейді, дегенмен ақырғы өнімде металл қалдықтары қалып қалуы мүмкін.

Принтермен басып шығарылған құрылымдарды арнайы орында сақтайды, ол жерде өбден «пісіп-жетілген» соң, ағзаға орналастырады. Бұл кезең бірнеше аптаға дейін созылуы мүмкін.

Кейбір биопринтерлер жасымданған жерде-ақ коллагенмен орган басып шығара алады, мұндай жағдайда «пісіп жетілу» кезеңі керек емес.

3D-принтерлерге арналған биосия ретінде әдетте бағаналық жасушалар, шошқадан алынатын коллаген бөлөгін немесе балдыр негізіндегі материалдар қолданылады. Бағаналық жасушалар — нағыз «құрылыс материал», олардан тіндер өсіріп шығаруға болады, ал тіндерді мамандар өз кезегінде қажетті органға айналдыра алады.

ЖАСАНДЫ ТЕРІ, ЖАСАНДЫ МҰРЫН, ЖАСАНДЫ КӨЗ...

Бүгінде биопринтинг технологиясын жетілдіру үшін түрлі эксперименттер жасалады. Осы бағыттағы негізгі жұмыстардың бірі — жасанды тері шығару, ол әсіресе денесінің көп бөлігі күйіп қалған пациенттерге пайдалы болмақ.

Биыл АҚШ-тағы Колумбия университетінің қызметкерлері «киіліп-шешілетін»

Fripp Design and Research ұйымының зерттеушілер тобы биопринтер арқылы пациент әйелге мұрын жасап берген, науқастың өз мұрнын 2002 жылы қатерлі ісік кесірінен кесіп тастаған екен. Имплантатты жасау үшін мамандар 3D-камераның көмегімен науқастың бетін түрлі бұрышта суретке түсірген. Одан соң деректерді компьютерлік бағдарламаға жүктеп, пациенттің бет пішініне, терісінің текстурасы мен түсіне толықтай сәйкес келетін мұрын моделін алған. Оны биопринтермен басып шығарып, пациентке сәтті импланттаған.

2021 жылы Лондонда дәрігерлер 40 жастағы ер адамға 3D-принтерден басып шығарылған көз протезін салған. Пациент 20 жылдан астам уақыт бойы ескі протезімен жүрген екен, алайда өзінің нағыз көзінен едәуір айырмашылығы байқалатын болған. Биопринтер жасап берген жаңа көзі оған сенімділік сыйлағанын айтқан.

БИОПРИНТИНГТЕ КІМ ҮЗДІК?

Әлемде биопринтингпен айналысатын жүздеген ұйым бар. Олардың үштен бір бөлігіне жуығы АҚШ-та орналасқан. Бытыр 3D-биопринтинг нарығының көлемі 2,13 млрд долларға құраған, ал 2030 жылы қарай бұл көрсеткіш 8,3 млрд долларға жетуі мүмкін. Зерттеулер саны артқан сайын нарық та ұлғая бермек.

Биопринтинг саласындағы ең танымал компаниялардың бірі — Organovo, оның штабы АҚШ-тың Калифорния штатындағы Сан-Диего қаласында орналасқан. Бұл зертхана бастапқыда биопринтингке арналған тауар өндірумен айналысқан: фармацевтика-



Fripp Design and Research ұйымының зерттеушілер тобы биопринтер арқылы пациент әйелге мұрын жасап берген, науқастың өз мұрнын 2002 жылы қатерлі ісік кесірінен кесіп тастаған екен. Имплантатты жасау үшін мамандар 3D-камераның көмегімен науқастың бетін түрлі бұрышта суретке түсірген. Одан соң деректерді компьютерлік бағдарламаға жүктеп, пациенттің бет пішініне, терісінің текстурасы мен түсіне толықтай сәйкес келетін мұрын моделін алған.

жасанды терінің жобасын жасап шығарды. Оны зақымданған дене бөлігіне бірден кигізуге болады. Бұл амал тері ауыстыру кезіндегі кең тараған хирургиялық проблеманы шешуге көмектеседі: хирургтар әдетте трансплантатты әртүрлі формадағы кішкентай тері бөліктерін құрап алатын. Ондай операциялар көп уақыт пен дәрігерлердің асқан шеберлігін талап ететін.

Карнеги-Меллон университетінің ғалымдары биопринтерден қан тамырларын жасауды үйренді. Принтерден мұндай өнімді басып шығарудың қиындықтары көп екен: мысалы, «биосия» ретінде пайдаланылатын коллаген, фибрин секілді материалдар өз салмағымен шөгін кетеді. Бұл мәселені ғалымдар желатин микробөлшектері негізіндегі ерекше қоспаның көмегімен шешті. Нәтижесінде, басылып шыққан тығыз тіндерді әлдеқайда күрделі құрылымдар, соның ішінде жүрек басып шығаруға қолдануға болады.

Жүрек демекші, бүгінде толыққанды донор органды алмастыруға мүмкіндік беретін адам жүрегі жасап шығаруға әлем ғалымдары жұмыла еңбек етіп жатыр. Әзірге олар биопринтер арқылы тұтас жүректі емес, жүрек бөліктерін өндіреді. Гарвард университетінің құрамына кіретін Висса институты мамандары жүректің ұзын макрофиламенттерін басып шығарды. Бұл үшін зерттеушілер әрқайсысы екі микроскопиялық бағаннан тұратын 1050 шұңқыр тәрізді тін негізін жасаған. Әлгі шұңқырларды жас бағаналық жасушалармен толтырған, ал олар даму процесінде белгілі бір формаларға ие болған. Принтерден шығарылған жіптерді жүрек талмасы немесе басқа да жүрек ақаулары салдарынан туындаған жаракаттарда қолдануға болады.

лық компанияларға ғылыми және емдік мақсатта бауыр тіндерін жеткізіп беріп отырған. Бүгінде компанияның өзі жасап шығарған NovoGen MMX Bioprinter атты биопринтері бар.

Биопринтинг саласындағы маңызды істердің бірі — софт, яғни бағдарламалық жасақтама әзірлеу. Бұл бағыттағы көшбасшылардың бірі ретінде америкалық Allevi компаниясын атауға болады. Аталмыш компания Allevi Bioprint PRO атты cloud-платформа жасап шығарған, оны әлемнің кез келген бұрышынан пайдалануға болады.

3D-биопринтинг технологиясы адамзатқа үлкен мүмкіндіктер ұсына алатыны анық. Соның ішінде әсіресе ең назар аударарлығы — оны бұрындары трансплантологияны жүзеге асыру мүмкін емес болып келген жерлерде көдеге жаратуға болады. Мәселен, әдетте онкологиялық ауруға шалдыққан адамдарға дәрігерлер донорлық органдарды ауыстырып сала алмайды, өйткені трансплантология алдында пациент ағзасы бөтен органды қабылдамай қоймас үшін оның иммунитетін қолдан төмендету керек. Онкология кезінде иммунитетті төмендету ісікті асқындырып жібереді. Ал науқастың өз жасушаларынан басып шығарылған органның мұндай жағынсыз әсері жоқ.

Биопринтинг саласында ғалымдар еңсеруі керек кедергілер де аз емес. Мысалы, 3D-принтерге биоматериал ретінде адам ағзасынан жасушалар алынуда да, кейін соны бөлу арқылы негіз құрастырады. Алайда жасушалардың бөліну шегі бар, яғни шексіз бөлініп кете бермейді. Сондықтан ғалымдарға жүректің моделін әзірге тым шағын нұсқада ғана жасауға тура келіп тұр.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау — біздің заманымыздың басты міндеттерінің бірі. Бүгінде экология мәселесі — адамзатты алаңдатар мәселелердің қатарынан. Аталмыш мәселенің түйткіліні табуға білек сыбана кіріскен ғалымдар да жоқ емес. Солардың бірі жас та болса, жасампаз ғалым — Дәулет Егембердиев.



«Жердің дәрігері» — Дәулет

Дәулет Қанатұлы Егембердиев — мұнай мен газды қайта өңдеу ғылымының докторы, технолог, профессор, тұзды және мұнаймен ластанған жерлерді мелиорациялау бойынша ғылым магистрі. Жас ғалым шөлді жерлерді, сонымен қоса, мұнай мен газдан ластанған жерлердің топырағын биомелиоранттар арқылы қалпына келтірудің шешімін тапқан. Ғалымның бұл жобасы шетелде үлкен қолдау тауып, Финляндияның Хельсинки қаласында өткен NURINTECH инновациялық жобалар байқауында бас жүлдеге ие болған. Биомелиорацияны топырақты, суды және ауаны тазарту және өндірістік қалдықтарды жою үшін пайдалануға болады. Және қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіпті болуы мүмкін химиялық реагенттерді қолданбайтындықтан, жағу, полигондарда сақтау немесе химиялық тазалау сияқты дәстүрлі әдістермен салыстырғанда ластанған ортаны тазартудың экологиялық тазәдісі болып саналады.

Дәл осы себептен де жас ғалым Дәулет Егембердиевтің бұл жобасы экологияға көрсетілетін алғашқы жәрдем болары сөзсіз. Өзін «жердің дәрігері» деп таныстыратын ғалымның атқарып жүрген ерен еңбегін насихаттап, жаппай қолданысқа енгізсе, яғни табиғи мелиоранттарды пайдалану арқылы өсімдіктерді, жерлерді тинайтса экологияға сәл де болса үлес қосқан болар едік. Бұл технология арқылы тинайтылған жерлер өз кезегінде жер бедерін ұлғайтуға, су шаруашылығын режимін жақсартуға, аумақтың эрозиясын шектеуге, жерасты суларының кең режимін қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Аталмыш тинайтқышты сұйық және құрғақ күйінде қолдануға болады. Ауылшаруашылығына тын серпиліс әкелетін бұл жаңалықты Жамбыл облысындағы Талас ауданы мен Түркістан облысындағы Сарыағаш аудандарында тұзды жерлерде сынап көрген және Ресей шаруалары кең көлемде қолданды. Нәтижесі мамандарды таңғалдырып отыр. Өніммен қоса жердің құнарлығы да артқан. Ғалымның ойлап тапқан тинайтқышы осы күнге дейін Польша мен Ресейге жөнелтіліп, тиімділігін дәлелдеді. Өнімді көптеп шығарып, ауылшаруашылығына тегістей енгізу үшін ғалым бизнес әлеміне аяқ басты.

Жерді табиғи жолмен қайта өңдеудің жолын ойлап тапқан ғалымның көздеген мақсаты — жер өнімділігін және олардың экономикалық тиімділігін арттыру. Бұл өз кезегінде адамдардың өмір сүру жағдайлары мен әлауқатының жақсаруына, ауыл шаруашылығындағы және басқа да байланысты салалардың онтайлануына әкеледі. Бұл технология арқылы бірнеше нәтижелерге қол жеткізуге болады. Топырақ эрозиясын бәсеңдету: биомелиорация топырақ эрозиясының алдын алуға, оның құнарлылығын арттыруға және құрылымын жақсартуға көмектеседі. Ол үшін компост пен органикалық тинайтқыштарды қолдану, топырақ түзетін өсімдіктерді себу, өзендер мен көлдердің жағалауларын өсімдіктермен нығайту сияқты әдістер қолданылады.

Биомелиорацияның қоршаған ортаға және жалпы қоғамға пайдасы бар. Бұл биологиялық процестерді қолдана отырып, топырақтың сапасын жақсарту және табиғи экожүйелерді қалпына келтірудің экологиялық тазәдісі.

Биомелиорацияның қоршаған ортаға және жалпы қоғамға пайдасы бар. Бұл биологиялық процестерді қолдана отырып, топырақтың сапасын жақсарту және табиғи экожүйелерді қалпына келтірудің экологиялық тазәдісі.

Жалпы, биомелиорация қоршаған ортаны қорғаудың көптеген әдістері мен тәсілдерін қамтитын кешенді тұрақтылық бағдарламасының пайдалы бөлігі болуы мүмкін. Дұрыс қолданылған биомелиорация топырақтың сапасын жақсартуға және табиғи экожүйелерді қалпына келтіруге, химиялық тинайтқыштар мен препараттарды пайдалануды азайтуға көмектеседі, бұл адамдардың денсаулығына және жалпы планетаның экологиялық жағдайына оң әсер етеді. Еліміздің батыс аймағы мұнайлы өлке болғандықтан, жас ғалым Дәулет Егембердиев осы аймаққа табан тіреп, сол жердегі экологиялық проблемалардың шешімін тауып жүр. Жер бетін ластап жатқан мұнай қалдықтарын қайта өңдеп, ал жерін тинайту арқылы халық көзін қайта жарату — нағыз адамдық әрі азаматтық іс деп білеміз.

Ғылымнұр КӘДІРБАЙ

«ЦИФРЛЫ АУТИЗМ»:

Көктем ҚАРҚЫН

Технологияның қарыштап дамуымен бірге қолданысымызға түрлі термин енгізілді. Мәселен, номофобия деген ұғым бар. Бұл адамдардың байланысыз қалудан қорқуы. Үйде смартфонның ұмытып кеткен адам осындай мазасыздықты бастан кешеді. Бұл термин 2008 жылы пайда болып, 2018 жылы Кембридж сөздігіне енген. Ал әлеуметтік желідегі акпараттардан хабарсыз қалудан қорқатындар — фонофобияға ұшырағандар. Бұл термин де 2013 жылы ресми түрде Оксфорд сөздігіне енген. Мұндай психологиялық дертке душар болғандар әлеуметтік желі қолданушыларының жылы сөзі мен жағымды пікіріне мұқтаж. Ғалымдар бұл ахуал туралы «XXI ғасырдағы

ШЫНАЙЫ ӨМІРДЕН АЛЫСТАП КЕТКЕНДЕР

Аутизм деген сөзге үрейлене қараймыз. Бірақ күн сайын гаджеттің алдында телміріп отыруды қалыпты жағдай санап, смартфонсыз бір сағат қалудан қорқамыз. Ғалымдар ми қызметі бұзылуының жаңа, әлі зерттелмеген түрін «цифрлы аутизм» деп баға берген. Яғни, компьютер, гаджетке тәулігіне 4 сағаттан артық отыратын балалар мен ересектердің бойында аутизмге ұқсас белгілер пайда болады.



Осыған орай сенатор цифрлы аутизмнің алдын алу үшін Үкіметке бірнеше ұсыныс тастаған еді. Атап айтсақ, жаңа туған нәрестелерді жаппай ретинопатия және аудиологиялық скринингтен өткізудің сапасына мән беру, логопед, офтальмолог мамандықтарына бөлінетін мемлекеттік грант санын көбейту, Қазақстан мектептеріне «Балалар сөзі» 100 томдығына кірген қазақтың жыр-дастандары мен термелерін жаттатып үйретуді енгізу және киберманияның зияны туралы Қазақстан мектептері мен мектепке дейінгі дайындық мекемелерінде ата-аналар комитеті, ата-аналармен жұмыс істейтін түрлі қоғамдық ұйым қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру.

— Әрине, ғылым мен техника жетістіктері осы салада жатыр. Әйтсе де, компьютер мен смартфонға «басымен кіріп кеткен» жас ұрпақты сақтандыру амалы бар ма? «Касперский лабораториясы» ата-аналар бақылауы деген функция енгізді. Қауіпті контенттерді шектейтін амалдар бар. Жапония мен Франция, Қытай заңнамасы не дейді? Былтыр Жапонияда интернет пен бейне ойындарды күніне бір сағатқа шектеу туралы шешім шығарылған. Франция мемлекеті де бұл қауіптің алдын алу әрекетін жасауда. Қытайда киберкеңістік мәселелерін реттеу шаралары қолға алынған. Алайда тыйым салумен іс біте ме? — дейді сенатор.

Шынымен де, цифрлы аутизммен қазір күреспесек, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Бала бүлдіршін кезінде ненің бұрыс, ненің дұрыс екенін өзі бақылай алмайды. Осылайша, смартфонға телмірген бала ойлаудан, қиялдаудан қалады. Ал ой-өріс дұрыс дамымаған бала ертең қоғамға да пайдасын тигізбейтіні анық.

— Сондықтан бүлдіршін күресудің жолы — балаға телефон бермеу. Ата-аналар да үйге келгенде телефон ұстамауы керек. Өйткені цифрлы аутизм эпидемия сияқты тез таралады. Соңғы уақытта психологтер күй арқылы да балалардың цифрлы аутизмін емдеп жатыр, — дейді психолог Лимана Койшиева.

СМАРТФОННАН ДЕМАЛУ — ӨНЕР

Мі адамның дене салмағының бар-жоғы 2 пайызын ғана құрайды. Бірақ барлық энергияның 20 пайызын жұмсайды. Балаларда бұл көрсеткіш 40 пайызға тең. Ал ас қорытуға небәрі 8-15 пайыз ғана энергия керек. Сонда күн сайын біздің миымыз кемі 500 ккалория жұмсайды. Алайда біз көбіне жұмыс барысында назарымызды көбірек телефонға бөлеміз. Кейде жұмыстан демалу үшін гаджет қараймыз. Бірақ ғалымдардың айтуынша, смартфонға қарағанда адам демалмайды. Керісінше, ми смартфонға қараған сайын энергияны көбірек алады. Осылайша, мидың 80 пайыз жұмысы телефондағы пайдасыз акпараттарға жұмсалды. Соңғы жылдары «сандық детоксикация» деген ұғым пайда болды. Яғни, адамдар цифрлық технологиялардан саналы түрде белгілі бір уақытқа бас тарттады. Ағзаны зиянды, улы қалдықтардан құтылу үшін «детоксикация» жасалынатын болса, ми, ақыл-есті қажетсіз акпараттардан арлыту үшін де осы әдіске жүгінеді. Смартфоннан тәулік бойы бас алмайтын, телефоннан бір сәтке көз жазса мазасызданатын адамдар осы тәсіл арқылы шынайы өмірге орала алады. Қазір тіпті адамдардың «цифрлы тәуелділігіне» қарсы күресетін арнайы курстар да пайда болған.

Цифрлы аутизмді тек балалар бойында кездеседі десек қателесеміз. Егер сіз дастарқан басында телефонға қарап отырып тамақ ішетін болсаңыз, үнемі әлеуметтік желідегі жаңалықтардан құр қалғандай сезімде жүрсеңіз, бұл дерт сізде де бар.

жакты дамуға аяқ басар шағында біз планшет пен гаджет береміз де баланың өз қолымен ұстап, іздеп дамуына келдергі келтіреміз, — дейді невропатолог.

Жалпы, аутизмнің 98 түрі бар. Бірақ аутизм дәрі ішіп емделетін ауру емес. Цифрлы аутизмді да емдеудің нақты тәсілдері жоқ. Тек бұл дерттің алдын алуға болады. Мысалы, Еуропада цифрлы аутизмге шалдыққан баласымен ата-аналар тек смартфонда сөйлеседі. Гаджетке баласымен бірге түрлі ойын ойнап, жақындай түседі. Белгілі бір уақыт өткенде ғана виртуалды әлемнен оралып, балаларын сыртта футбол ойнауға шақырады. Бірақ баланың өмірінен смартфонның үлесін азайту көп еңбекті талап етеді.

АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМА КАБЫЛДАУ КЕРЕК

Бұл біздің қоғамның ғана емес, бүкіл әлемнің бас ауыртып отырған мәселесі. Айталық, сенаторлар жақында «цифрлы аутизм» мәселесіне алаңдап, Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің атына депутаттық сауал жолдады.

— 2022 жылы Алматыда 50 мың бала дүниеге келген. Солардың арасында шала туған нәрестелердің 400-ге жуығынан ретинопатия жағдайы — көздің тор қабығының дамымауы анықталған. Есту қабілеті бұзылған 44 сәби тіркелген. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне қарасақ, әрбір жана туған баланың 68-і аутикалық спектр ауытқушылығы бар, бұл көрсеткіш жылына 13 пайызға өсіп отыр. Ғалымдардың айтуынша, аутизм — «XX ғасырдың обасы». Ал цифрлық аутизм — XXI ғасырдың дерті, — дейді Сенат депутаты Нұрғөре Жүсіп.

Оның айтуынша, қазір дүниежүзінде, соның ішінде Қазақстанда «цифрлық аутизм» белгілері байқала бастаған. Яғни, смартфонды ұзақ ұстайтын балалар есте сақтау, көру, сөйлеу қабілетінен айырылып, өз бетінше ойлауға, ұзақ мәтіндерді қабылдауға, айналаға назар аударуы қиындады.

— Өйткені ата-ананың 65 пайызы балаларына 3-5 жасқа гаджет ұстатады. Оқушы балалардың 40 пайызының өз аққауыты бар. Осының салдарынан балалар аулаға шығып ойнамайды, бұған онлайн оқу қосылды. Бір сөзбен айтқанда, қолына «смартфон ұстап туған» буын өмірге келді. Кибермания сұмдық жылдамдықпен өрістеп жатыр. «Цифрлық тәуелділік» деген диагноз халықаралық аурулар классификациясына еніп отыр. Цифрлы аутизм, цифрлы ақыл-ес кемдігі, фэйсбук-депрессия, цифрлы Альцгеймер, цифрлы теңіз ауруы ресми болмаса да тіркелді. Онлайн ойындарға тәуелділікті де осы қатарға жатқызуға болады, — деп дабыл қакқан еді депутат.

ең ауыр тәуелділіктің бірі болуы мүмкін» деген болжам жасаған. Тіпті, оны психикалық ауытқу ретінде диагностикалық емдеуге тіркеуді ұсынған. Осылайша, медициналық терминдердің ресми тізіміне кірмесе де, қоғамда «цифрлы аутизм» дерті белең алып барады. Әсіресе, бүлдіршіндердің цифрлы аутизмге шалдығуы көп кездеседі.

— Цифрлы аутизм балалардың бір жарым жасынан бастап дами бастайды. Бұл мәселені айтып дабыл қағып жүргенімізге біраз болды. Әдетте сәбилер тыныш отырмаса, ата-аналар мазасын алмау үшін қолына планшет ұстатып, тамақ береді. Цифрлы аутизмнің алғашқы кезеңі де осы кезде басталады. Бұл өте қауіпті. Өйткені тамақ ішіп отырған баланың жұтқыншағы ішкі ағзалармен байланысты. Телефон қарап отырып тамақ ішкен баланың жеген тамақтарын ми қабылдамайды. Әдетте адамның миы не жеп отырғанын, қалай жеу кергін бақылап, ағзаларға сигнал беріп отырады. Ал бұл жағдайда мидың акпаратты қабылдау функциясы бұзылады. Ми тек планшетке қарап отыруды қабылдайды. Кейін бала планшетсіз тамақ жей алмай қалады. Цифрлы аутизммен ауыратын балалар смартфонға қарамастан тамақ жей алмайтын деңгейге жетеді, — дейді психолог Лимана Койшиева.

Оның айтуынша, бала тамақ ішетін кезде планшетті іздесе, теледидар көріп отырып тамақ ішкісі келсе, ұйықтар алдында телефонды жиі пайдаланса, сырттағы адамдардың эмоцияларын түсінбесе, бұл — цифрлы аутизмнің белгілері. Бала планшет арқылы ғана әлемді қабылдайды. Сондықтан ата-аналар балаларымен шынайы өмірде қарым-қатынас жасай алмай қалады.

— Аутизмнің түрі көп. Цифрлы аутизм соңғы 10 жылдықта пайда болды. — Телефонға телмірген баланың миы, сөйлеу, ойлау қабілеттері тежеледі. Бұл — неврологиялық дерт. Бала туғаннан кейін қалыптасқан ауру. Жыл өткен сайын аутизмнің бұл түрі белең алып барады. Мамандар да тапшы. Психологтер осы дертпен қалай жұмыс істеу керек екенін білмейді. Көп орталық цифрлы аутизмді емдейтін мамандар іздейді. Ал ондай мамандардың деңгейі төмен, барлығының қолданыны бірдей технология. Ал осы дертке шалдыққан бір баламен жұмыс істеу арнайы орталықтарда айына 250 мың теңге тұрады, — дейді психолог.

ДӘРІГЕРЛЕР ДАБЫЛ ҚАҒАДЫ

Жақында француз дәрігерлері бір ай бойы гаджеттерден бас тартқан кейбір балалар аутизм белгілерінен айыққанын анықтады. АҚШ-тың Педиатрия академиясы екі жасқа толмаған балаларды гаджеттерге тіпті жолатпауға, одан үлкендерін екі сағатпен шектеуге нұсқау берді. Ресейлік психотерапевтер де виртуалды кеңістікте өмір сүретін балаларда «цифрлы аутизм» пайда болатынын анықтаған. Мұндай адамдар кәдімгі қарым-қатынастан біртіндеп қаша бастайды. Дертті асқындырмау үшін ата-аналардың өздері телефондарын тастап, балаларымен әңгімелесіп, ойнауы керек екен.

Бір сөзбен айтқанда, көңіл бөлгені абзал. Балалар невропатологі Константин Пушкаревтың айтуынша, цифрлық аутизмнің дамуы сөйлеу қалыптасқаннан кейін басталады және ішекпен тікелей байланысты.

— Бұл дерттің пайда болғанына 10 жылда болған жоқ. Ол мультимедиялық плазмалар, планшеттер мен телефондар пайда болған кезде дами бастады. Балалар қалыпты дамымаған кезде біз неврологтер неврологиялық кері кету деп атаймыз. Егер «классикалық» аутизмнің туа біткен алғышарттары болса, цифрлы аутизм өсе келе көрініс табады, — дейді Константин Пушкарев.

Цифрлы аутизмнің термині медицинаға әлі тіркелмегендіктен, сәйкесінше ресми диагнозы да жоқ. Бірақ сәбидің тілі тым кеш шығатын болса, атын атап шақырғанда естімегендей мәңгіріп отырса, балалармен тіл табысып ойнай алмаса, яки себепсіз ашулануы — осы кеселдің басы. Мұндай балалардың қандай да бір ойынға, іске деген қызығушылықтары да шектеулі болып келемек. Ол балаларға міндетті түрде невропатолог, логопед, дефектолог мамандардың көмегі қажет.

— Баланың тілі шықпай, ой-өрісі әлдеқайда артта қалса — бұл да цифрлы аутизмнің белгілеріне жатады. Аутизмді қарапайым тілмен түсіндірсек — ол ми қызметі дамуының бұзылуы. Ми деген әміс беру керек, кейде деменцияға ұшырамау үшін үлкен адамның өзіне миыңызды дамыта беріңіз дейміз. Сол сияқты бір жасқан асқан бала енді жан-

сіздерге деген зор ықыласы мен ыстық сөлемін жеткізім келеді. Мемлекет басшысы Германия еліне басталған бүгінгі құрылтайға сәттілік тілеп, арнайы құттықтауын жолдады. Шетелде жүрсеніздер де, ұлттық құндылықтарымызды сақтау үшін бар мүмкіндіктеріңізді сарп етіп, жұмыс істеп жатырсыздар. Біз мұны өте жоғары бағалаймыз. Біз үнемі сіздерге тілеулесіп, Әркез қолдау көрсетуге дайынбыз, — делі Мәлік Отарбаев өз сөзінде. Сонымен қатар жиынның жылдағы басқосудан ерекшелігі — жергілікті қандастарымызбен бірге Еуропада білім алып, кәсіппен айналысып жүрген отандастарымыз да бой көрсетті. Бұнымен

мен көлөнер бұйымдарының жәрменкесі, Абай үйінің ашылу салтанаты, этно-фото көрмелер, түрлі спорттық жарыс өтті. Атаулы шара Қазақстаннан барған белгілі өнер жұлдыздарының ән шашуымен қорытындыланды.



ГЕРМАНИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚҰРЫЛТАЙЫ

Еуропаның 15 елінен келген 20 қазақ ұйымы алқалы жиын өткізді. Еуропа қазақтарының жыл сайынғы дәстүрі бойынша кіші құрылтайы биыл 26-28 мамыр аралығында Германияның Кельн қаласында өтті. Үш күнге созылған атаулы шарада Еуропа және Қазақстаннан келген 2 мыңнан астам қазақ бас қосты.

Алқалы жиынға Қазақстан Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Еуропаның 15 елінен келген 20-дан астам қазақ ұйымының жетекшілері, «Отандастар қорының» президенті Аб-

зал Сапарбекұлы, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайынов және Аустрия, Бельгия, Германия, секілді елдердегі қазақ диаспорасының өкілдері мен Қазақстанның Германиядағы елшілігінің қызметкерлері қатысты. «Отандастар қоры» құрылтайды ұйымдастыруға қолдау көрсетті. Кельндегі Қазақ мәдени орталығының төрайымы Сәдия Сүрер жетекшілік етті. Құрылтайда Қазақстан Президентінің кенесшісі Мәлік Отарбаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ыстық ықыласын жеткізіп, еліміздегі саяси реформалардың жай-күйін айтып берді. «Алдымен ел Президенті К.Тоқаевтың



қоса, елімізден тарихи Отанына қоныс аударған бұрынғы қандастарымыз — алманиялық немістер де қатысты. Құрылтайда диаспора өкілдерімен, еуропалық қазақ жастарымен кездесу, кітаптың тұсаукесері, ұлттық нақыштағы киімдер



мен көлөнер бұйымдарының жәрменкесі, Абай үйінің ашылу салтанаты, этно-фото көрмелер, түрлі спорттық жарыс өтті. Атаулы шара Қазақстаннан барған белгілі өнер жұлдыздарының ән шашуымен қорытындыланды.

– Рәтбай Қағазұлы сөз басында өмір жолыңызды, жетістіктер бастауы кезіндегі сәттерді оқырмандарымызға әңгімелеп берсеңіз?

– Мен 1954 жылы 1 ақпанда қазақтың сахарасы атанған Қызылқұм шөлінің төрінде, Карақалпақстанның Тактакөпір ауданындағы Қоныраткөл деген ауылда дүниеге келдім. Әкем – Мырзақұл Қаражанов, анам – Қағаз Пәрменова ауыл шаруасындағы адамдар еді. Мектеп бітірген соң Қазақстанға келіп, ҚазҰУ-дың «Физика» факультетіне оқуға түстім. Кейін біржолата ғылымға ден қойып, 1981 жылы Ресейдің Дубна қаласындағы Біріккен ядролық зерттеулер институтының ғылыми тәжірибе жинақтаушы ретінде, соңынан аспирант болып жұмыс 7 жыл істедім. Осында жүргенде ғылыми жетекшім Владимир Маханьков басшылығымен, әріптесім Октай Камалұлы Пашаевпен бірлесіп жазған алғашқы ғылыми мақала шведтің Physica Scripta деген журналында жарық көрді. Аспирантурамды аяқтаған соң, 1988 жылы Мәскеудегі П.Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінде теориялық және

Рәтбай Мырзақұлов ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, ЕҰУ жанындағы «Еуразиялық халықаралық Теориялық физика орталығы» ҒЗИ директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Әлемдік деңгейде өз қолтаңбасымен танылған ғалым физика және математика саласында бірқатар маңызды жаңалықтар ашқан. Физик-теоретик шетелдің беделді басылымдарында жарық көрген ғылыми мақалаларымен әлемдік ғылыми қауымдастықты мойындатып отыр. Қазақстанның іргелі ғылыми космология және астрофизика саласы бойынша әлемдік деңгейге көтерген ғалыммен тілдесіп, жетістіктері және өмір-толғамдары жөнінде білген едік.

Рәтбай МЫРЗАҚҰЛОВ, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор:



математикалық физика мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғадым. Елге қайттым.

1991 жылы КСРО құлады. Ғылымды қаржыландыру, қолдау сап тыйылды десек болады. Мен істейтін ядролық орталықта ақша жоқ, айлық бере алмай қалды. Амансыз үй салып жатырмыз» деген сылтаумен алты ай ақысыз демалысқа жіберді. Оны тағы бір-екі жыл созырып келдік. Күнкорік жасау керек, бала-шағаны асырау біздің мойында. Азын-аулақ сауда жасап, көшеде тұратын кемпірлердің қатарына қосылдым. Тірнектеп жүріп қор жынап, Абай көшесінің бойында адам көп жүретін жерден дүңгіршек аштым. Кейін көтерме базарда саудасаттық жасап жағдайымыз түзелді. Алайда қомақты табыс тауып, кәсібім жүріп тұрса да ойымнан ғылым шықпады. Заман түзеліп келе жатыр, осыны ойлана келе ғылымға қайтып келу жөнінде шешім қабылдадым. Өзім істеген зерттеу институтына жұмысқа шықтым. Араға он үш жыл салып, 2001 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми кеңесінде өзімнің тақырыбымды терең зерттеп, «Спиндік жүйелер және сызықтық емес физиканың көп өлшемді солитондық моделдерін зерттеудің дифференциалды-геометриялық тәсілдері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғадым.

Бірер жылдан соң Астанаға келіп жүріп, Еуразия ұлттық университетінде істейтін танысыма соғып едім. Оны сол сәтте ректор шақырып жатыр екен. «Асығыспын жолай сөйлеселік» деді. Өзі ішке қабылдауға кіріп кетті, мен кіреберісте оны күтіп отырмын. Бір кезде ол шығып «сізбен ректор сөйлескіз келеді» деді. Ректор Сәрсенғали Әбдіманапов бірден университетке шақырды, «ЖОО жанынан өзіне институт ашамыз» деп уәде берді. Бұл күлгенге ұсыныс еді, өзім абырап қалдым. Алматыға келген соң жарты жылдай ойланп, слордаға барамын деп шештім. Келген соң көп ұзамай 2006 жылы «Жалпы және теориялық физика» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалып, сонда 16 жыл табан аудармастан жұмыс істедім. Осы жылдары біздің кафедрамыз ЕҰУ, Қазақстан, Орталық Азияда ғана емес, әлемге белгілі теориялық физика кафедрасына айналды.

– Бір сұхбатыңызда «Мырзақұлов шәкірттерінің арасында өзімің балаларым да бар» деген екенсіз. Әулеттеріңізде физика мен математика мамандығын таңдаған 21 адам бар екен. Осыны тарқатып айтып берсеңіз?


– Жалпы қазақ ғылымын басқа елдердің ғылымынан да озық өрі тәуелсіз етуіміз керек. Негізінен өз күшімізге, өз ғалымдарымызға сүйенуіміз керек. Қазақтың осы асырдағы ұлттық кәсібі – ғылым, ғылымпаздық болуы тиіс деп айтып жүремін. Осы мақсатқа жету үшін көптеген шәкірт тәрбиеледім, ғылымға бағыт сілтеп, қолдау көрсеттім. Осындай үміт күткен дарынды шәкірттерімің арасында өзімің де балаларым бар. Жалпы балаларымның мамандық таңдауына араласып, шектеу жасамадым. Олар «жазушы, ақын, спортшы не кәсіпкер боламын» десе бетінен қақпадым. Алайда менің қолымнан келетіні, білетінін физика мен математика ғылымы. Сұрап келсе соны үйретемін. Кейін олар жоғарғы оқу орнын таңдағанда бірден физикатқа барады. Содан соң аспирантура, докторантураны оқиды. Тағы бір айта кетерім, өзім университетте оқып жүргенде әке-шешеме басқа балаларымның «бір-бір баласын оқытып шығамын» деп уәде берген едім. Сол тағы да бар. Құдай қосқан жұбайым да орта мектепті алтын медальға бітірген математик болып жолықты. Жалпы өз отбасымының екі мүшесі мектепті алтын медальмен, ал тағы екеуі «Алтын белгіге» бітірген. Біраз балам, аға не інімің балалары да бар, әулетімізде барлығы 21 адам теориялық физика және математика ғылымын таңдады. Қазір оларды еліміздегі және шет елдегі ғылыми көпшілік «Мырзақұловтар әулеті» деп та-

Іргелі ҒЫЛЫМ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА БОЛУЫ ҚАЖЕТ

– Сізді әлемге танытқан «Мырзақұлов теңдеулері» екені сөзсіз. Осы жаңалықты қарапайым оқырманға түсіндіріп бере кетсеңіз?

– Мен ғылымда физика-математиканың екі тарауымен айналыстым. Біріншісі – солитондар теориясы, екіншісі – астрофизика, гравитация, космология. Аспирантура оқығанда ғылыми жетекшім солитондар теориясын зерттеу тақырыбы ретінде берді, соны зерттеп, кандидаттық диссертация қорғадым. Іргелі ғылымдардың жаңа бағытының бірі – солитондар теориясын елге алып келдім. Енді «Мырзақұлов теңдеулері» дегенге келсек. 1967 жылы 4 америкалық ғалым сызықтық емес теңдеулерді шешетін әдіс ойлап тауып, оның теориясын ұсынды. 1971-73 жылдары ол теорияны басқа теңдеулерге қолданып көріп, оның универсалды әдіс екеніне көз жетті. Сөйтіп, оны физикада және ғылымның басқа да түрлі салаларында қолдана бастады. Алайда сызықтық емес теңдеулер солардың әрқайсысын сипаттайды. Оның бір жері бар, бір тұсы жоқ, яғни әлі зерттелмеген. Мен осы ашық қалған, зерттелмеген жерлерін тауып, дәлелдеп толықтырдым. Табиғаттың күрделі де, тылсым физикалық құбылыстарын математика тілінде сипаттайтын теңдеулерім қазір «Мырзақұлов теңдеулері» деген атқа ие болды.

Енді екінші ғылыми бағытыма келсек, физиканы зерттей жүріп, басқа ғылымды да зерттеп, ой-өрісімді кеңейтім келді. Сол үшін астрофизика, гравитация, космологияны қолға алдым. Алайда бұл тақырыптармен елде айналысуға мүршап болмады. Өйткені экономикалық жағдай, отпелі кезеңдегі тұрмыстың әлегі мазалай берді. Содан соң басқа елге, жерге кетіп толық ғылыммен айналысу керек деп шештім. Ақыры «Болашақтың» стипендиясын




нымен қатар «Nearly Starobinsky inflation from modified gravity» және «Reconstruction of gravity: Rip cosmology, finite-time future singularities, and thermodynamics» атты мақалаларым Thomson Reuters компаниясының Essential Science Indicators ақпараттық ресурстар мәліметі бойынша 2005-2015 жылдардағы әлемдегі 1 пайыздан жоғары сілтемеге ие болған жұмыстардың құрамына енді. Қазақстандағы физика бойынша ең көп сілтемеге ие болған алты мақаланың үшеуі менің авторлығыммен шыққан. – Быыл «Әлемдегі ең беделді ғалымдардың 2 пайыздық» рейтингісіне ендісіз. Сонымен қатар ғылыми дерекқорлар мен халықаралық ғылыми журналдарда жариялану және сілтеме берілу бойынша озық екенсіз. Осы жетістіктеріңізге тоқтала кетсеңіз...

аз келді, сақа ғалымдар басқа салаларға кетіп қалды, соның салдарынан қатарымыз екі есеге азайды. Ал батыста ғылым жақсы дамыған. Дегеніміз бірдей екі ғалымды қалай салыстырады. Сол үшін оркениетті елдерде ғалымдардың жетістігін өлшейтін өлшемдер ойлап тапты. Соның бірі – Хирш индексі. Ол ғылымның ғылыми метрикасының көрсеткіші. Бұл индексе ғылыми мақалалар мен осы мақалаға жасалған сілтемелер не-

2022 ЖЫЛЫ ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ SCOPUS ҰСЫНҒАН ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ХИРШ ИНДЕКСІ	
1.	Рәтбай Мырзақұлов = 47
2.	Тілекқабил Рамазанов = 27
3.	Сураған Дөрбетханұлы = 17
8.	Асқар Жұмаділдаев = 10
10.	Күнсұлу Закария = 6
11.	Мұқтарбай Өтелбаев = 5

алып бір жылға АКШ-тың Калифорния университетіне барып жұмыс істедім. Жатақхананың шағын бөлмесінде тұрдым. Космология саласында әлем ғалымдарының назарында жүрген Әлемнің үдемелі ұлғаю себептерін зерттеуге бар ынтамен кірістім. Соның нәтижесінде «Мырзақұловтың гравитациясы» дүниеге келді. Өз білімім, күшқайратыма сеніп, көпшілік ғалымның тісі бата бермейтін Ғаламды және оның үдемелі даму себептерін гравитация теориясын дамыту арқылы зерттеуім European Physical Journal C халықаралық танымал ғылыми журналда (2011, v.71, N9, 1752) «Accelerating universe from F(T) gravities» тақырыбымен жарияланды. Осы тың жаңалыққа шетелдік ғалымдар мен беделді басылымдарда бірінен кейін бірі сілтеме жасай бастады. Со-

– Физика-математика ғылымы ретінде «Әлемдегі ең беделді ғалымдардың 2 пайыздық» (World's Top 2% Scientists) рейтингісіне ендім. Оны өзім білмейтінмін. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» қонырау шалып, өздері хабарлады. Аталмыш тізімді Стэнфорд университетінің сарапшылары бытыр күзде Elsevier ғылыми баспасының соңғы мәліметтеріне сәйкес құрастырады. Көп сілтеме жасалған ғалымдар қатарында аталып, Springer халықаралық басылымдар компаниясының үздік авторы атағын бірнеше жыл қатарынан алдым. Сонымен қатар физика және астрономиядан халықаралық Scopus сыйлықтарына ие болдым. Жалпы Қазақстанда 23 мыңдай ғалым бар. 30 жыл бұрын оның саны 50 мыңнан асатын. Қиыншылық кезде жастар ғылымға



гінде ғылымның, ғылыми топтың, ғылыми ұйымның немесе бүкіл бір елдің ғылыми өнімділігін сандық сипаттамасын көрсетеді. Ол ғылымның қаншалықты өнімді жұмыс істейтіндігін білдіреді. Қазақстан деңгейінде мен осы бағалаудан жетекші орындамын. Қазір Scopus-тағы Хирш индексі 47-ге тең. Импакт-факторлық жоғары рейтингті журналдарда жариялану белсенділігі бойынша физика және математика саласында Қазақстан ғалымдарының ішінен бірінші орында тұрмын. Жалпы 400-ден

астам ғылыми еңбектің авторымын. 300 мақалам шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланды.

– Біздің ғылымның жетістігі және жаңалықтары аз емес, алайда олардың өнеркәсіпте қолданылуы, экономикада айналысқа түсуі нәліктен сирек?

– Ғылым үшке бөлінеді. Іргелі, қолданбалы және соңғысы қолданылуы бойынша. Мен іргелі, фундаментальды ғылым өкілімін. Менің түсінігімде, іргелі ғылым алдыңғы қатарда болуы қажет. Еуропа, Америка, Жапония секілді дамыған елдер іргелі ғылымның жағдайын жасап қойған. Ал олардың ашқан жаңалығы мен жетістігін өнеркәсіпте қолдану басқа ғалымдардың жұмысы. Іргелі ғылым дамымаған болса қолданбалы ғылым да өркендеп кетпейді. Өйткені өсімдік өзі жерінің жеріне ғана өседі, ол екпесе, күтіп-баптамаса кез-келген жерге шыға бермейді емес пе? Экономикадағы қолданбалы ғылымның өсетін тұсы да іргелі ғылымға тікелей тәуелді. Қазақстанда ғылым осы жағынан сіліп жетілуі керек. Өйткені іргелі ғылым ойлап тапқанды қолданбалы ғылым айналысқа енгізеді. Мысалы 20-30 жыл бұрын ұялы телефон үлкен кіріпші секілді ауыр еді. Қазір іргелі ғылымдар соны зерттеп, ашқан жаңалықтары нәтижесінде ол қалтаға сыйып кететіндей кішірейді. Айталық бұрын есептеу орталығы үлкен ғимаратты түгел алып тұратын еді. 20-30 жылдан соң қолға алып жүруге жеңіл ноутбук секілді кішірейді. Сондықтан экономиканың дамуы, жетілуі үшін уақыт және жетілген іргелі ғылым болуы тиіс. Ал оны қолданбалы және қолдану ғылымының дайын өнімге айналдыруы көп уақытты қажет етпейді.

– Қазіргі физика ғылымының зерттелмей жатқан тұстары, ашылмаған жұмбақтары бар ма?

– Физиканың да шешілмеген мәселесі аз емес. Өзіме жақын біреуі туралы айтайын. Бірнеше жыл бұрын, әлемнің жаратылысы мен даму эволюциясын зерттеудегі басты бағыттың бірі саналатын астрономияның космология саласы бойынша үш ғалым Нобель сыйлығын алды. Олар ондаған жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тұңғыш рет әлемнің үдемелі түрде кеңіп бара жатқандығын ашты. Бізге осының жұмбақ тұсы «неге үдемелі түрде ұлғайып бара жатқандығы». Физика заңы бойынша объект үдемелі түрде қозғалып бара жатса оған әсер ететін күш бар. Сол қандай күш, соның табиғаты, теориясы, формасы белгісіз? Ғалымдар әртүрлі варианттар ұсынып жатыр. Қазіргі ғылымдағы жұмбағы шешілмеген нөмір бірінші проблема осы.

Ғалам млрд-таған жұлдыздан тұрады. Ғалымдар «осы ғаламшарларда, Жерден басқа планеталарда, тіршілік бар ма?» деген сауалға жауап таппай келеді. Оларда тіршілік болса формасы қандай? Биологиялық түр болса пішіні микроб деңгейінде ме, әлде бізден алып па? Интеллекті қай деңгейде? Өте дамыған тіршілік болатын болса біздің планетамызды, адамзатты құртып жіберуі әбден мүмкін ғой. Бұл қазіргі ғылымның алдында тұрған зерттейтін дүние. Ол адамзатты сақтап қалу үшін қажет. Күн деп аталатын жұлдыз алағай 4 млрд жылдан соң сенеді деген болжам, бағалау бар. Онан соң не болады? Күн сенетін болса, адамзат Жерде тұрақтап қала алмайды. Адамзат басқа планеталарға болмаса галактикаларға көшетін жағдайды ғылым қазірден ойластыруы, зерделеуі тиіс...

– Құжаттыңызда өкениздің атының орнына шешенділің атын жаздырып алғаныңыз жөнінде естідім. Осыны түсіндіріп берсеңіз?

– Атамның аты Қаражан. Дұрысы аты-жөнім «Қаражанов Рәтбай Мырзақұлы» деп жазылуы керек еді. Құжатымда «Рәтбай Мырзақұлов» деп жазылған. Тегімде көрсетілген Мырзақұлов өкениң аты. Өкениң аты бос тұр. Тегім ретінде солай жазылуы тиіс қой. Маған сельшов «метірке» бергенде осылай толтырып жіберген. Әке-шешем шаруаны адымы, оны түзетіп жіберетін сауаты жоқ еді. Кішкене кезімде ауылдағылар «Қағазды көргің келе Рәтбайды көр» деп айтатын. Түрім аман тартқан еді. Содан кішкентай кезімде «Қағазович» деп әзілдейтін. Есейгенде құжатымды ауыстырғанда өкениң аты деген жерге атамның атын жаздыртым. Өкениң аты фамилиям деген жерде онсызда тұр ғой. Осыны естіп Мұратбай деген ағам ұрысты. «Мынадай қазақта жок» еді ғой деп. Былай анамды да өкениң де тең жақсы көремін. Бала кезімде «әке-шешемізді өскен кезімізде үлде мен бүлдеге орап қоямыз» деп армандайтынбыз. Алайда өкем 3 күре бітіргенде, шешем кандидаттық қорғап келген тұста дүниеден өтті. Олар үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Оқу деп ығы сыртта жүргендіктен, бала ретінде әке-шешемнің еңбектерін ақтап, оларға қамқорлық, жақсылық істей алмады. Іште бір өкініш қалды. Қартайса да, үйінде әке-шешен тірі отырса одан асқан бақыт бар ма еді!?

Осы тұста бір жайтты айта кетейін. Перуза деген отбасымыздағы, яғни әке-шешемнің жалғыз қызы бар. Қазір жасы жетпіс төртке жақындады. Күйеуі қайтыс болды. Алматының маңында Шамалғанда жұптың саяжайда тұрды. Қаладан тәуір үй алатын жағдайы болмады. Содан 2017 жылы желтоқсан айында Ақорлада Мемлекет басшысының қолынан Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығын алдым. Сыйлықтың 18,6 млн теңгесі бар. Салғын ұстағанда қолымызға 17 млн-дай тиді. «Әке-шешеміздің бір тал қызы бар, соның жағдайы келмей жүр, соны уайымдайтын шығар» деп ойлап жүретінім. Мемлекеттік сыйлықтың ақшасына сол өпкеме Астананың сол жағалауынан екі бөлмелі пәтер алып бердім. Қазір қолында бір ұлы-келінімен тұрып жатыр. Кішкене болса да, әке-шешемнің алдындағы парызымды орындағандай болып сезініп жүрмін...

– Әңгімеңізге рақмет!

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ СОНЫ ҚАДАМ

Атырау облысында «Мақат – Солтүстік Кавказ» магистралдық газ құбырының екінші тармағы іске қосылды. Бұл – Атырау облысы үшін энергетика, жалпы газбен қамту саласындағы маңызы зор үлкен жаңалық. Себебі «Мақат – Солтүстік Кавказ» магистралдық газ құбырының лупингі – мұнайлы өлке үшін стратегиялық мәнге ие жоба.

Инвестициялық жобаны «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына қарасты QazaqGaz ұлттық компаниясы Атырау облысы әкімдігімен ынтымақтастықта жүзеге асырып отыр.

«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Санжар Жаркешовтің айтуынша, жоба тікелей Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып отыр. Себебі бұған дейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бір Атырау облысы ғана емес, жалпы республика бойынша халықтың, ірі өнеркәсіп орындарының энергетикалық қауіпсіздігін арттыру туралы міндет жүктеген болатын.

«Мақат – Солтүстік Кавказ» магистралдық газ құбырының лупингі – ең алдымен, әлеуметтік, стратегиялық маңызға ие жоба. Жана лупинг жобасы Атырау облысының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Екіншіден, жоба облысты газбен қамтамасыз ету үрдісін сенімді және үздіксіз ету, өндірістік объектілер мен шаруашылық жүргізуші субъектілерді экологиялық тұрғыда таза отын түріне, яғни табиғи газды тұтынуға көшіруге ықпал етеді. Сонымен бірге, жергілікті тұрғындардың өмір сүру жағдайына арттыру, еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту сынды міндеттері де бар», – деді «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

Тауарлы газ өндірісін арттыруды басты мақсат етіп отырған компания үшін «Мақат – Солтүстік Кавказ» газ құбыры лупингі – маңызды жобалардың бірегейі. 30 жылдан астам уақыттан бері қолданылып келе жатқан магистралдық газ құбырының жана лупинг жобасының іске қосылуы газ тасымалдау жүйесінің «екінші тынысы» ашалады.

Жана жобаның ұзындығы 130 шақырымға дейін жетеді. Жылдық қуаты 13,147 млрд м3-ка дейін газ тасымалдауға шақталған.



Атырау облысы әкімінің орынбасары Қайрат Нұртаевтың айтуынша, мұндай газ тасымалдау қуаты Атырау облысын толықтай газбен қамтамасыз етуге жетеді.

«Атырау облысы – қарқынды дамып келе жатқан аймақтардың бірі. Облыс орталығында ғана емес, аудандарда да мектеп, балабақша, көпқабатты тұрғын үйлер сынды әлеуметтік нысандар көптеп салынууда. Бұл газ құбырының жана тармағы тұтас облысты газбен кідіріссіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кейде құбырларды жөндеу жұмыстары керек болады, осындайда энергетикалық қоллап орын алмауы үшін де бұл жобаның стратегиялық маңызы зор. Сондай-ақ жоба Атырау облысындағы «Ұлттық индустриалды мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – дейді Атырау облысы әкімінің орынбасары Қайрат Нұртаев.

Салала 46 жыл еңбек еткен ардагер Таңбай Наушиев лупинг жобасының маңызы ерекше екенін айтты. Ардагердің пікірінше, «Мақат – Солтүстік Кавказ» магистралдық газ құбырының екінші тармағының іске қосылуы Қарашығанақ, Теңіз, Қашағаннан шығатын газды өңдеп, Қазақстанның ішкі нарығында пайдалану мүмкіндігін кеңейтеді.

«Негізгі құбыр желісінің қолданысқа берілгеніне 30 жылдан астам уақыт болды.

Бұл – өндіріс саласы үшін үлкен мерзім. Әрине, құбыр болған соң ол коррозияға ұшырайды, тот басады. Желі бойында кептеліс, бөгет пайда болады. Жана жоба облысты осындай техникалық кедергілерден құтқарып отыр. Әрі жана жобандағы газ құбырының диаметрі де қолайлы.

Қазіргідей алмағайып заманда бізге бірде бір текше метр газды жоғалтуға болмайды. Себебі газ – қымбат байлық», – дейді сала ардагері Таңбай Наушиев.


Сала ардагері сөзінің жаны бар. Расымен де, ширек ғасырдан астам уақыттан бері қолданыста келе жатқан газ құбырына 2019 жылы тексеру жүргізілген болатын. Тексеру нәтижесі құбырларда ақаулар барын анықтады.

Егер «Мақат – Солтүстік Кавказ» магистралдық газ құбыры күзгі-қысқы жылыту маусымы кезінде істен шығар болса, Атырау қаласы мен облыс тұрғындары бір сәтте газсыз, жылусыз, сусыз қалып, қиын жағдай туған болар еді. Бұған балабақша, мектеп, аурухана сынды әлеуметтік нысандарды қосыңыз.

Сондықтан ішкі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де «Мақат – Солтүстік Кавказ» магистралдық газ құбырының стратегиялық маңыздылығы зор екенін айта кеткеніміз жөн.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Жеке куәлікті бөтен адамның қолына беруге болмайтыны жиі айтылады. Сөйте тұра, құжатқа салғырт қарайтындар бар. Ал ақпараттық технология дәуірінде жеке деректің қолды болуының зардабы ауыр. Бір ғана Қарағанды облысында жыл басынан бері 677 интернет-алаяқтық тіркелген екен. Әсіресе, жалған банктік операциялар туралы хабарласып, тұрғындардың есепшотына қол салатындар көп.



МЫҢ АЙЛАЛЫ

АЛАЯҚТАР АЙЫЛЫН ЖИМАЙДЫ

Алаяқтықтың күрт өсуіне байланысты Қарағанды облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Әбіл Әбділин облыс тұрғындарына арнайы үндеу жариялады.

– Интернет алаяқтық фактілері бойынша ескертулер мен алдын алу жұмыстарына қарамастан, облыс тұрғындары тарапынан алаяқтардың алдауына түсіп жатқан азаматтардың саны күн санап өсіп барды. Сіздерге тағы да үндеу жасауға мәжбүр болып отырмын. Жыл басынан бастап аумақтық ішкі істер органдарында алаяқтардың арбауына түсу фактісі бойынша 677 қылмыстық іс тіркелді. Алаяқтардан тұрғындарға келтірілген шығын 1 миллиард 16 миллион 179

мың теңгені құрайды. Жыл басынан бастап, полиция қызметкерлерімен жүргізілген кешенді іс-шаралар барысында ақпараттық жүйе арқылы бірнеше қылмыс жасаған 12 адам ұсталды, – деді Қарағанды облыстық ПД бастығының орынбасары Әбіл Әбділин. Оның айтуынша, алаяқтардың арасында өздерін «банк қызметкеріміз» деп таныстырып, жымысқы ойын жүзеге асыратындар көп. Дәл осындай сипаттағы алаяқтықтың 212 дерегі тіркеліп, одан тұрғындар 400 миллион теңге көлемін зардап шеккен екен.

Алаяқтың шырмауына түскен жанның бірі Шетауданы Нұраталды ауылының тұрғыны Зәуре Молдабайқызы был 21 ақпанында «жем-

болды. Сол күні оған алаяқ оған «Ұлттық банк қызметкерімін» деп хабарласып, есепшотына қауіп төніп тұрғанын айтқан. Ізін ала-әлгі қызметкер кейіпкеріміздің жеке куәлігін сұратқан. Осылайша, айналдырған 10 минуттың ішінде оның есепшотындағы бар қаржы алаяқтардың оңай олжасына айналып кеткен.

Абай аудандық полиция басқармасына 53 жастағы қала тұрғынынан арыз түскен екен. Оның телефонына да белгісіз біреу банк қызметкері ретінде хабарласып, есепшотын сақтандырамын деген жесеумен 10 млн теңгеден астам ақшасын иемденіп алған.

Бір ғана Осакаров аудандық полиция бөлімінің өндірісінде

алаяқтық бойынша қозғалған 12 қылмыстық іс бар. Күдікті аудан тұрғындарының сеніміне кіріп, олардың атына онлайн несие рәсімдеген. Осылайша, жәбірленушілерге 12 миллион теңге көлемінде шығын келтірілген.

– Кейбір жағдайларда бұндай қылмыстарға қаржы ұйымдары қызметкерлерінің қатысы анықталып жатады. Мысалы, полиция қызметкерлері жүргізген кешенді жедел-іздістері шаралары кезінде 40 жастағы банк қызметкері ұсталды. Ол өзінің қызметін пайдаланып, 33 жастағы танысына 66 жастағы зейнеткердің жеке деректерін беріп, күдікті зейнеткерге 930 мың теңге шығын келтірген. Қазір күдіктілердің осыған ұқсас қылмыстарға қатыстылығы тексеріліп жатыр, – дейді Әбіл Әбділин.

Көшедегі көмек сұрағандарға да сенім жоқ. Олай дейтіміз, полицияға 28 жастағы қала тұрғыны арызданған. Жәбірленуші қаладағы базарда белгісіз біреу одан шұғыл қоңырау соғу мақсатында ұялы телефонын сұраған. Кейін біреумен сөйлескен болып, телефонды иесіне қайтарып берген. Алайда осы аралықта күдікті жәбірленушінің ұялы телефонындағы мобильдік қосымша арқылы 600 мың теңге несие рәсімдеп, оны аударып алғаны белгілі болды. Криминалдық полиция қызметкерлерімен жүргізілген кешенді іс-шаралар барысында осы іске қатысы бар деген күдікпен 29 жастағы азамат ұсталды.

Ал Жаңа-Майқұдық полиция бөліміне 37 жастағы қала тұрғыны арызбен келген. Ол белгісіз біреу жеке басын куәландыратын құжаттың ұрлап өкетіп, кейін жеке деректерін пайдалану арқылы шағын несие ұйымдарынан 6 несие рәсімдегені туралы айтқан. Жедел-тергеу тобы қызметкерлерімен жүргізілген кешенді іс-шаралар барысында осы іске қатысы бар деген күдікпен 35 жастағы күдікті анықталды.

Бүгінгі күні облыста «Токта, алаяқ!» атты кең көлемді акция өтіп жатыр. Акция тұрғындарды ақпараттық қауіпсіздікті сақтауға шақырады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алу ұйымдастырушы: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының ашық конкурс негізінде №АР15573823 «Иновациялық технологиялар негізінде биоресурстарды коммерциялық игеру арқылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Казак-Түрік университетінің ботаникалық бағының бағалы гендік қорын сақтау» атты коммерцияландыру жобасының күнтізбелік жоспарына сәйкес шығын материалдарымен керек-жарактарды сатып алу бабында қарастырылған тамшылатып суару жүйесін сатып алу үшін университет есебінен бекітілген сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті күздіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚКС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.
7. Конкурса қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурса ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-КЗ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын қажетті тауарлардың тізімі <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 09.06.2023 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алу ұйымдастырушы: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының ашық конкурс негізінде №АР15573823 «Иновациялық технологиялар негізінде биоресурстарды коммерциялық игеру арқылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Казак-Түрік университетінің ботаникалық бағының бағалы гендік қорын сақтау» атты коммерцияландыру жобасының күнтізбелік жоспарына сәйкес шығын материалдарымен керек-жарактарды сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті күздіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚКС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.
7. Конкурса қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурса ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-КЗ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын қажетті тауарлардың тізімі <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 23.06.2023 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.



Қызылорда қаласында тонналаған азық-түлікті қоқыс полигонына төге салғандардың сұмдық әрекеті әлеуметтік желіге жарияланғаннан кейін көпшілік ашу-ызасын білдіріп жатыр. Жөн. Қымбатшылық қыспаққа алған сәтте елдің азығын қоқысқа төккен бәзбіреулердің ессіз тірлігі ақтап алуға тұрмайтыны анық.

КӨКӨНІСТІ ҚОҚЫСҚА ТАСТАҒАНДАРҒА



Биыл бағаны тұрақтандыру мақсатында 588,1 тонна картоп, 720 тонна пияз, 106 тонна қырыққабат, 133 тонна сәбіз қоры жинақталған. Нәтижесінде, 1 547,1 тонна көкөніс сатып алынса, оның 9,2 пайызы тасымалдау, сақтау, дүкендерге апару, тұтынушылардың іріктеп сатып алуына байланысты жойылғанын жеткізді.

ларын қолға алды. Осы арқылы қазынадан бөлінген қаржыға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің қоры жасакталып, нарықтағы бағанын тұрақтануына ықпал етуді көздеді.

Соның нәтижесінде әлеуметтік дүкендер желісі ашылып, халықты төмен бағадағы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ете бастады. Алайда тұтынушылар тарапынан күнделікті қолданатын азық-түлік өнімдерінің сапасына сирек те болса сын-ескертепелер айтылып жүрді.

Жалпы ӘКК-нің 2021 жылы да осыған ұқсас келенсіздікке жол бергені көпшіліктің жадынан шыға қойған жоқ. Сол жылы азық-түлік қорының 25 пайызы, яғни 300 тоннадай өнімнің далаға тасталғаны қалың бұқараның наразылығын туғызған болатын. Ашығын айтқанда, бұл Сыр өңіріндегі алғашқы жағдай емес. Мұндай келенсіздік жиі бой көрседі.

КЕЛШІРІМ ЖОҚ



Әлеуметтік желіде 26 мамыр күні жария болған жайсыз жағдайдан кейін Қызылорда облысы әкімдігінде өткен мәжілісте азық-түлікті далаға тастаған корпорацияның жұмысына тиісті баға берілді.

Жиында жауаптылар «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының қалдықтарды 25 мамыр күні тасталғанын растады. Мұны азық-түлік ұзақ сақталғанда, өз салмағын жоғалтуымен түсіндірді.

Алайда корпорация басшысының бұл ақталуы, оны жауапкершіліктен құтқара алмайтыны түсінікті. Осы жағдайға жол бергені үшін «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Самат Ернязов қызметінен босатылды.

«Шындығына келгенде, бұл әрекет тұрғындардың ашу-ызасын туғызды. Мәселенің бұрыннан бар екенін біле тұра, мамандарыңызбен бірге қоймадағы өнімдерді басқа мақсатқа пайдалану жолдарын қарастыру керек еді. Бұл жұмыс та жасалмаған. 126 тонна өнім шіріп, жарамсыз күйге жеткенше ешқандай әрекет жасалмаған. Оны пайдаға асырудың балама жолдарын іздемегенсіздер. Бұл сіздің басшы ретінде жұмысты тиісті деңгейде үйлестіре алмағандығыңызды көрсетеді. Елге жанашырлық таныта алмайтын адамдарға біздің аразамызда орын жоқ», — деді жиында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекулы.

Сондай-ақ Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаева қатаң сөгіс жарияланды.

Бұл тұрғыда басқарма басшысы да өз уәжін білдіріп отыр. Оның айтуынша, қоймада өнімдер белгіленген талапқа сәйкес сақталып тұр.

«Биыл көкөніс алдыңғы жылға қарағанда 3 есе артық мөлшерде сатып алынғанымен, жою көрсеткіші 3 есе аз, яғни 9,2 пайызды құрап отыр. Ол алынған өнімнің талапқа сәйкес сақталғанының

дүкендер мен ірі сауда үйлері желілеріне жеткізіліп, төмен бағамен сатылады. Сонымен бірге көшпелі азық-түлік жәрмеңкелерінде өңір тұрғындарына жеңілдетілген бағамен ұсынылады. Дүкендерде жарамсыз болып қалған өнімдер қайтадан қоймаға әкелініп сақталады. Оның ішінде жарамсыз қалдықтардың қалуы заңды құбылыс. Соған сәйкес қоймадағы тауарлар ай сайын сараптамадан өткізіледі. Жою алдында, жарамсыз көкөніс тауарлары әктіленіп, «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» акционерлік қоғамының сынақ хаттамасы алынады. Әрі қарай қауіпті тамақ өнімдерін жою жөнінде комиссия құрылып, шешім қабылданады. Арнайы мамандардың қорытындысы бойынша есептен шығарылып, келісімшартқа сәйкес кокыс полигонына апарылады. Жарамсыз өнімдер биылғы 25 мамыр күні жойылған еді. Желіде тараған жазба сол процесс баяндалған», — деді «Байқоңыр» ӘКК өз хабарламасында.

Жалпы, құзырлы орынның мәлімдеуінше, биыл бағаны тұрақтандыру мақсатында 588,1 тонна картоп, 720 тонна пияз, 106 тонна қырыққабат, 133 тонна сәбіз қоры жинақталған. Нәтижесінде, 1 547,1 тонна көкөніс сатып алынса, оның 9,2 пайызы тасымалдау, сақтау, дүкендерге апару, тұтынушылардың іріктеп сатып алуына соң жарамсыз болуына байланысты жойылғанын жеткізді.

Әлеуметтік желіде тараған бейнежазбада «өнімдерді адамдарға таратып бермей ме?» деген пікірге орай тамақ өнімдерін кәдеге жарату мен жоюдың өз ережесі болатынын алға тартты. Бұл тұрғыда Үкіметтің арнайы қаулысына сәйкес, жойылған көкөністерді адамдарға немесе үй жануарларына беру адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіретіндігін мәлімдеп отыр.

Ал келешекте мұндай келенсіздікті болдырмау мақсатында жасалып жатқан жұмыстары жөнінде мардымды жауап бере алмады.

Негізінен, Үкімет қаулысына сәйкес, азық-түлік тауарларының тізбесіне әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі тауар енгізілген. 2023 жылғы күзгі өнімнен 3 453,3 тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін алдын ала ақы төлеу шартымен форвардтық сатып алу көлемі белгіленіп, тұрақтандыру қорын толықтыруға 901,6 млн теңге бағытталыпты.

Аталмыш мәселеге орай Қызылорда облысы әкімдігі тарапынан арнайы комиссия құрылып, мәселенің мән-жайы мұқият тексерілетінін хабарлады. Алдағы уақытта мұндай жағдай қайталанбау үшін тиісті ұсыныстар әзірленетіні болды.

Жалпы, тұрғылықты халық жаппай ысырапшылдыққа жол беріп келген корпорация басшылығын жұмыстан босатумен мәселе түзеліп кетпейтінін айтып отыр. Халықтың несібесін аяқасты еткендерге қандай да бір шара көрілуін талап етеді. Сондықтан мәселе жан-жақты тексеріліп, жауапкершілік табытпағандар тиісті жазасын алса игі. Құзырлы орындар халық талабын ескерусіз қалдырмауы тиіс.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жазғы маусым басталса болды Аршалы ауданы тұрғындары қиыршық тас өндіретін өндіріс орындарының қою түтіні мен шаңына тұншығып жан сақтауға мәжбүр болады.

ЖАРЫЛЫСҚА

ТОСҚАУЫЛ БАР МА?

Бүгінде ауданда ресми тіркелген 38 зауыт бар. Аудан аумағында қарьерлердің саны жыл өткен сайып көбейіп барады. Тұрғындар қиыршық тастарды өндіруде қатты жарылыстардың күшеюіне де алаңдаулы. Көпшілік жарылыстардың қатты болатыны соншалық, үйлердің қабырғалары қақырап, терезелері шытынап сынаптын оқиғалар жиілеп кеткен. Мұнымен қоса, қою шаң үйлер мен жалпы кентті тұтастай басып, тыныс алу аса қиындап кететін болған. Ауданда онкологиялық ауруға шалдыққандар саны да көбейе түскен. Алайда жергілікті билік пен облыстың құзырлы органдары мен Экология департаментінің басшылықтары «бәрі де рұқсат етілген қалыпты мөлшерде» деген сырығтпа жауап беруден әрі аспайды.

Астанадан таяқтастам қашықтықтағы Аршалы кентінде бүгінде 6 мыңнан астам халық түтін түтетеді. Дабыл қакқан тұрғындар соңғы кездері жарылыстардың қуаты бұрынғыдан да қатты күшейіп кеткенін айтып жүр. Олардың айтуларынша, құлақ тұндыратын қатты дауыстан тіпті үйлер сілкінеді екен. Кейбір үйлердің қабырғалары қақырай жарылып та кетіпті.

— Бірнеше күн бұрын үйіміз тұтастай қопарыла сілкінді. Әрі бұл алғашқы жағдай емес. Мұның бәрін кім жасырып, жауып отыр? Адамдардың бәрі арыз-шағым жазып жатыр. Бірақ ешқандай нәтиже жоқ. Барлық жауапта «рұқсат етілген қалыпты нормадан аспайды» деген жауап келеді. Жауаптылар үйдің шатыры біреулердің басына құлап, орны толмайтын қайғылы жағдай болғанын күтіп жүргендей? Осыған дейін жарылыс болатыны ескертіліп, дабыл соғылып, белгі берілетін. Енді ол да жоқ. Ойда жоқта қатты жарылыс болады. Соңғы жарылыста тіпті аспан түнеріп тұтастай қап-қараңғы болып түк көрінбейтін шаң болып кетті. Шаңды басатын су да себілмейді. Қашанға дейін осылай күй



кешеміз? Карьердегілер еш жаза қолданылмағандықтан шектен шығып кетті. Жарылғыш заттардан қалған қаптар әр жерде шашылып жатыр. Бірақ оған да ешкімнің бас қатырғысы келмейді», — дейді Аршалы кентінің тұрғыны Елена Виноградова.

Аршалы ауданының қоғам белсенділері соңғы жарылыстар 19-20 мамыр күндері аудан орталығында жиналыс өтіп жатқан кезде болған. Бұл оқиғаға облыс орталығынан келген шен-шекпенділер мен Экология департаментінің басшылары да куә болған екен.

— Экологиялық жиналыс 19 мамырда өткен. Бірақ мені онда кіргізбеді. Дәл сол кезде кент іргесіндегі қарьерлерді қою қара шаң басып артынан қатты жарылыс болды. Оны осы жиналысқа келген облыстағы әкімқаралар мен экологтар да көзбен көріп, құлағымен естіді. Бірақ бұдан кейін де ешқандай шара қолданылмады. Жиналыстың хаттамасын сұраптым. Бірақ әлі әкімдіктен хат-хабар болмай отыр. Жарылыстардан үйлері қақырап, терезелері шытынай сынғандар көп. Ауылдың үйлері мен бау-бақшасын тұтастай шаң мен түтін басып қалады. Бірақ ешкім оған жауап

бермейді. Біреулерге мұның тиімді болып тұрғаны анық. Мен өзім Волгодон ауылында туып-өстім. Біздің ауылдың дәл іргесінде бар болғаны 350 метрде қарьер бар. Ауыл мен арадағы қашықтықтың тым қысқа екенін жәні мұның заң талаптарына сай келмейтінін баяндап, Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаментіне хат жаздым. Бірақ хаттыма бүгінге дейін дұрыс жауап ала алмай отырмын, — дейді Аршалы ауданының белсенді тұрғыны Станислав Круглов.

Аудан әкімдігіндегілер барлық қарьер мен өндіріс орындарындағы кен өндіру

жарылыстары Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаментімен келісіліп жасалғанын тілге тиек етті. Өз кезегінде департамент мамандары бұл жағдайдың бәрі зауыттар ұсынған деректермен есептелетінін жеткізді.

— Қолда бар ақпараттарға сәйкес Аршалы кентінің айналасында 5 жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорын жарылыс жұмыстарын жүргізеді. Ережелерге сәйкес, жарылыс жүргізуге бір жылға рұқсат етіледі. Барлығы берілген есепке сәйкес жүргізіліп жатыр, — дейді Ақмола облысының Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаментінің басшысы Ерік Қабашұлы.

Түйінді жағдайға қатысты Ақмола облысының Экология департаменті басшылығының да пікірін білген едік. Департамент басшысы Аршалыда былтыр экологиялық заңға қайшы келетін фактілер тіркелгенімен, оның бәрі араға уақыт салып қайта түзетілетінін алға тартты.

— Былтыр қиыршық тас өндіретін бірнеше кәсіпорынға кемшіліктерді жоюға нұсқаулар берілген. Одан кейінгі жүргізілген тексерістер бәрін қалыпты деңгейде екенін көрсетті. Жуырда 19 мамырда Аршалы кентінде экологиялық жиында да қатысып қайттым. Бірақ дәл сол күні жарылыс сезінген жоқпын, — деді Ақмола облысы Экология департаментінің басшысы Қалырхан Бейсенбаев.

Қатты жарылыстар мен шаң-түтіннен қажыған тұрғындар құзырлы органдардан қолдаудың жоқтығынан енді өздері әрекетке көшкенін айтады. Ол үшін белсенділер зауыттарға арнайы барып жағдайды өз көздерімен көріп, тиісті құрылғылардың бар-жоғын, зауыттың экологиялық талаптарды қаншалықты орындайтынын бақылауға алмақ. Дегенмен тұрғындар билік органдарының жүгенсіз кеткен өндіріс орындарына назар аударылмайтынына наразы. Құзырлы органдар жоғарыдан бақылау жасап, тиісті комиссия құрылмайынша мәселе шешілмейтін сияқты.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



Қасиетті Әулиеата өңірі – құнды жәдігерлерге бай мекен. Тасын түртсе тарихи көрінетін өлкеде көне қалашықтардың да саны аз емес. Кейінгі жылдары археологтер есте жоқ ескі заманнан сыр шертетін тарихи шаһарлардың үстінен түсіп, оны топырақтан аршып, көпке танытуда. Міне, сондай қалашықтың бірі жуырда Жамбыл ауданының Қаракөмер ауылынан табылды.

ЖАМБЫЛ ЖЕРІНЕН ТАБЫЛҒАН ҚҰНДЫ жәдігерлер

Саятхан САТЫЛҒАН

ҚАРАКӨМЕР ҚАЛАШЫҒЫ: 1 000 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ӨРКЕНИЕТ

Осыдан 1 000 жыл бұрынғы өркениетке тиесілі қала 600 гектар аумақты алып жатыр. Археологтердің айтуынша, көне шаһарды көшпенділер мен түркі мемлекеттері мекен еткен көрінеді. Тарихшылар Құмтың ауылының қасынан табылған Қаракөмер қаласының орнын екі бөлікке бөліп отыр. Бірінші төбе мен екінші төбенің арасы 700 метрді құрайды. Археологтер тобының жетекшісі Ералы Ақынбек қаланың хронологиялық жасын VII-XII ғасырларға жатқызып, бірнеше мемлекет арасында алма-кезек ауысып отырғанын айтады.

— Бұл жерде түркі қағанаттары өмір сүрген. Жалпы айтатын болсақ, Батыс түркі қағанаты, Түркеш, Қарлұқ, Қарахан мемлекеттері тұсында осы қала гүлденіп, салтанат құрған. Ал қала бірнеше құрылыс кезеңінен тұрады. Кей ғасырда



“ *Бесағаштық тұрғын қабір қазып жатқан кезінде қола мен қалайы қосылған сак мәдениетіне тән көне қазанды тауып алған. Ауыл азаматтары табылған жәдігердің тарихын зерттеп білу мақсатында археолог Сауран Қалиұлына хабарласып, мән-жайды баян еткен.* ”

салынғаны келесі ғасырда құлап, қираған. Оның үстіне, қайта қала салынғаны байқалып отыр. Жергілікті халық бұл жерді «Төрткүлтөбе» дейді. Осы «Төрткүлтөбе 1-де» көлемі 11х12 метрлік қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, бірнеше бөлменің орны анықталды», — дейді археолог Ералы Ақынбек.

Аталған тарихи шаһардың орнын 1938 жыл кеңестік археолог, шығыстанушы Бернштам анықтаған деген де дерек бар. Бірақ кешенді қазба жұмыстары жүргізілмей, зерттеу нысаны ретінде назардан тыс қалып кетіпті. Ал Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының археологтері бытыр қала орнын зерттеуге ниет танытыпты. Биыл қазба жұмыстарына қаржы қаралғандықтан, археологиялық жұмыстар басталып отыр. Қалашық орнынан шыны ыдыстар, әшекей бұйымдар, майшам, тас дйірмен, темір соқа мен мал сүйектері табылуда. Тотығы шыққан темір соқа түркі мемлекеттерінде егін шаруашылығы қарқынды дамығанын айғақтап тұр. Археологтер шыны ыдыстардың сынықтарына қарап, сол ғасырларда оны балкыту технологиясы жоғары деңгейде дамығанына танырқай қарайды. Ал жануарлардың қаңқаларына қарап, қала тұрғындары тек ұсақ малды қолда ұстаған деп болжам айтылады. Ірі малдан тек сиырдың сүйегі мен асығы шыққан.

— Сол кездегі мүйізді ірі қаралар ұсақ болған секілді. Себебі бойы небәрі 1,30 см-ден сәл ғана асқан. Ал әшекей бұйымдарды өрлеп-сәндеуде асқан шеберлік көрінеді. Шыны жасау

технологиясы көбімізді таңғалдыруда. Өйткені шыны сынығын алып, анықтап күнге қарайтын болсаңыз, ауа көпіршіктері аз. Әдетте ауа көпіршіктері көп болатын болса, оның балкыту температурасы төмен және сапасыз болады. Қазба кезінде табылған шынылар өте сапалы жасалған. Дәл қазір оны бізге жаса деп берсе, арнайы аппаратпен жасамасақ, қолдан жасай алмауымыз мүмкін. Қарапайым түрде шыны бұйым жасау үшін 1 200 градусты құмды ерітіп, балкытып жіберу деген ол өте жоғары дәлдікті қажет етеді, — дейді зооархеолог Мәмбет Шағырбаев.

Сегіз адамнан тұратын алматылық археологтер тобы бір ай бойы қазба жұмыстарын жүргізуді жоспарлаған. Сондай-ақ олар жергілікті тұрғындарды да қаланы қазу жұмыстарына тартқан. Алайда аудан әкімдігі мамандарының айтуынша, олар қазір қаланы қайта көміп кетіпті. Бәлкім, бұл да археологиялық қазба жұмыстарының бір құпиясы болар. Оны енді уақыт көрсетеді. Алайда көне қалашық орнынан талай құнды дүние табылатынына бек сенімдіміз.

САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙҚАЗАН

Жамбыл ауданындағы Бесағаш ауылынан да б.з.д. V-III ғасырда өмір сүрген сак дәуіріне тиесілі қазан табылды.

Бесағаштық тұрғын қабір қазып жатқан кезінде қола мен қалайы қосылған сак мәдениетіне тән көне қазанды тауып алған. Ауыл азаматтары табылған жәдігердің тарихын

зерттеп білу мақсатында археолог Сауран Қалиұлына хабарласып, мән-жайды баян еткен.

— Бесағаш ауылының маңында зерттеушілер ортағасырлық кезеңнің қалашығы деп келе жатқан Ақтөбе деген елді мекеннің орны бар. Бұл сонау Кеңес зерттеушісі Александр Бернштамның еңбектерінде көрсетілген. Ал мына көне жәдігер ерте темір дәуіріне тән болғандықтан, алдыңғы зерттеушілердің пайымына қарама-қайшы келіп отыр. Демек, Ақтөбе қалашығының тарихы сонау ерте темір дәуірінен тамыр тартады деген сөз, — дейді Шерхан Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығының директоры, тарихшы, археолог Сауран Қалиев.

Археологтің кеңесі бойынша құнды жәдігер әзірге жақын маңдағы мектептің мұражайына орналастырылып отыр. Алайда сак дәуіріндегі тайқазан әлі талай зерттеуді қажет етеді.

ОҚУШЫЛАР ТАПҚАН ОЛЖА

Жамбыл ауданына қарасты Қаракөмер ауылының оқушылары ойнап жүріп, олжаға кенелді. Олар тауып алған құмыраны археологтер IX-XII ғасырлардан қалған жәдігер деп бағалап отыр.

Будан бөлек, Төле би атындағы мектептің оқушысы Артем Муравьев ауыл маңындағы қырда ойнап жүріп, беймәлім таңбалары мен керамикалық іздері бар білезікті көзі шалады. Сондай-ақ тағы бір оқушы Қасымхан Жұмабай қола сырғалар мен білезіктерді топырақ арасынан тауып алған.

— Аталған жәдігерлерді достарыммен ойнап жүрген кезде тауып алдым. Жер қыртысынан жылтыраған әлдебір затты көзім шалды. Бірден қазып алуға тырыстым. Кейін мектепке апардым, — дейді Артем Муравьев.

Оқушылар олжасы тарихи мұра екені талас тудырмайды. Тарихшылардың айтуынша, бір кездері жәдігерлер табылған маңда Қарлұқ қағанаты үстемдік құрған екен. Ал бір ғасырдан кейін билікке қарахандықтар келген.

Тағы бір дерекке сүйенсек, Төрткүл төбешігі маңында кезінде «Адахнет» деген ауыл болған көрінеді. Төбе Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігіне жатпаса да, мұнда сауда-саттық жақсы дамыған.

P.S.

Сөз жоқ, Жамбыл ауданында табылып жатқан құнды жәдігерлер аталған елді мекен бірнеше көне қаланың үстінде орналасқанын айғақтауда. Енді тарихи дүниелерді топырақтан аршып, жарыққа шығару қажет. Ол үшін қомақты қаржы мен күш керек. Сондықтан Жамбыл ауданына жергілікті билікпен қатар облыс, қала берді республика көлемінде көңіл бөлінуі қажет. Осыған жауапты министрлік пен комитеттер назар аударары деп сенеміз.

Жамбыл облысы

Қуаныш сыйлаған қайырымдылық шара

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында «AMANAT» партиясы «Шин-Лайн» компаниясымен бірлесіп «Балаларымыз – аманатымыз!» республикалық қайырымдылық жобасын бастады. Ақция аясында партияның Астана қалалық филиалы мен компания басшылары, қалалық мәслихат депутаттары 6 мамандандырылған мекемеге бас сұқты.

Мекемелерде ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылып, балаларға республика бойынша 10 мыңнан астам балмұздақ таратылды. Бүгінде «Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы», «SOS Астана балалар ауылы», «Мамандандырылған балалар үйі», «Ұлттық балаларды оналту орталығы», University Medical Center корпоративтік қорының Ана мен бала ұлттық ғылыми



орталығы, «Жас-Нұр» саняраулар қауымдастығы, «№3 арнайы мектеп» сияқты ұйымдарда тәрбиеленіп отырған бүлдіршіндер мерейлі мерекеге қатысып, мез-мейрам болды.

«Бүгін «Шин-Лайн» компаниясымен бірігіп балалардың көңілін көтеретін керемет шара өткіздік. «Балаларымыз – аманатымыз!» республикалық қайырымдылық жобасының маңызы зор. Балалар – бізге аманат. Бізге олар арнайы бағдарламаларын дайындап, концерт әзірледі. Партия әрқашан ерекше балаларға, ата-анасының қарауынсыз қалған бүлдіршіндерге, сондай-ақ балаларды асырап алған немесе қамқорлыққа алған отбасыларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», — делі «AMANAT» партиясы Байқоңыр аудандық филиалының атқарушы хатшысы Дәурен Ұлықпанов.



Айта кету керек, «Шин-Лайн» компаниясы вафли стаканындағы «Мишка на полюсе» балмұздағының сатылымынан түскен пайданың бір пайызын балалар үйінде тәрбиеленетін балаларға көмекке бағыттайды. Ұйымдастырушылар мұндай бастама қоғамның назарын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың күнделікті мәселелеріне аударуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Тәрбиелік мәні зор игі шара Астана қаласында 2 маусымға дейін жалғасты. Өйткені аманаттықтар әлі 5 мекемеге қуаныш сыйлап, балалардың балбұл жанған жүзін көруді мақсат етіп отыр.

NUR MEDIA
МЕДИАОЛДИНГІ

AIQYN
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПІАШЛАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАК —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4309
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданады.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбана рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар —
Жәнібек АМАНГЕЛДІ,
Айхан ШӘРІП